

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі N 670 Қаулысы.

Қазақстан Республикасы 1994 жылғы 8 маусымда ратификациялаған Бала құқықтары туралы конвенцияның 44-бабына және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бала құқықтары жөніндегі комитетінің 33-сессиясының ұсынымдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитетіне белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндаманы жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2006 жылғы 13 шілдедегі
N 670 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы конвенцияны іске асыруы туралы екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндама Астана қаласы 2006 жыл КІРІСПЕ

1. Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенцияны (бұдан әрі - Конвенция) орындауы туралы бірінші мерзімді баяндама 2003 жылғы 4 маусымда БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) 33-ші сессиясында қаралды.

2. Осы баяндама қатысушы мемлекеттер ұсынуы тиіс мерзімді баяндамалардың нысаны мен мазмұны жөніндегі басшылыққа (1996 жылғы 20 қарашадағы CRC/C/58

құжаты), сондай-ақ балалардың жағдайына, олардың құқықтарын жүзеге асыруға және іске асыруға байланысты мәселелер құзыретіне кіретін мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың материалдары, арнайы зерттеулер материалдары, балалық шақ проблемаларымен айналысатын қоғамдық ұйымдардан алынған мәліметтер негізіндегі комитеттің ұсынымдарына сәйкес Конвенцияның 44-бабының 1b) тармағын орындау үшін дайындалды.

3. Кіріспе бөлім ел мен халқы, қаралатын кезеңдегі балалардың жағдайын өзгертудің негізгі ағымдары туралы жалпы сипаттағы мәліметтерді қамтиды. Талдамалық материалдардың негізгі бөлімі 10-бөлімнен тұрады және Қазақстан Республикасы қабылдаған халықаралық міндеттемелеріне сәйкес 2003 - 2005 жылдары Конвенция ережелерін жүзеге асыру жөнінде қабылданған шаралар туралы, қол жеткізген прогресс, қазіргі бар қиындықтар мен перспективада Конвенция ережелерін іске асыру жөнінде белгіленген қадамдар туралы ақпаратты қамтиды.

4. Конвенцияның 44-бабына сәйкес қатысушы мемлекеттер ұсынуы тиіс Мерзімді баяндамалардың нысаны мен мазмұны жөніндегі басшылықтың 8-тармағының ережелерін негізге ала отырып, осы баяндамада Қазақстан Республикасының Конвенция ережелерін орындауы туралы бірінші мерзімді баяндамада ұсынылған ақпарат қайталанбайды, ал қажет болған жағдайда бірінші мерзімді баяндаманың тармақтарына сілтеме жасалады.

5. Қосымшалар Конвенция қағидаттарын іске асыратын, балалардың жағдайын өзгертуді сипаттайтын Қазақстан Республикасының негізгі заңнамалық және өзге нормативтік құқықтық кесімдерінің тізбесін және осы мәселе бойынша 2003 - 2005 жылдар кезеңіндегі статистикалық деректерді қамтиды.

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ СИПАТТАҒЫ МӘЛІМЕТТЕР

(Ел және адамдар)

6. Қазақстан 2724,9 мың шаршы км. аумақты алып жатыр.

7. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктер санына 14 облыс, республикалық маңызы бар 2 қала, 160 аудан, облыстық және аудандық маңызы бар 39 және 45 қала, 8 қалалардағы аудан, 161 кенттік және 2336 ауылдық әкімшіліктер, 167 кент және 7262 ауылдық/селолық елді мекен кіреді.

8. Қазақстан Республикасы халқының саны 2006 жылдың басына 15 млн. 218 адамды, олардың 48,1 пайызы ерлерді және 51,9 пайызы әйел халқын құрайды; 4 жасқа дейінгі балалардың үлесіне 8,1 пайыз (1228,8 мың), 5-тен 15 жасқа дейінгі балалар - 16,1 пайыз (24562,1 мың), жастар (15 - 29 жас) - 27,8 пайыз (4228,9 мың), ересек халық:

30-дан 65 жасқа дейін - 40,2 пайыз және 65 жас және одан үлкендері - 7,8 пайыз (1193,8 мың) келеді; бұл ретте халықтың 42,5 пайызы ауылдық елді мекендерде тұрады, қалған 57,5 пайызы әр түрлі көлемді қалалар мен қалалық кенттерде тұрады.

Халық санының өзгеру компоненттері

Жыл	Жыл аяғына халықтың жалпы саны, мың адам	Жыл ішіндегі халықтың жалпы өсуі немесе кемуі, барлығы		Халықтың жалпы өсуі (немесе кемуі) (мың адам) мыналардың есебінен:	
		мың адам	өсу қарқыны (%)	Табиғи өсу	Ішкі көші-қон сальдосы
2003 ж.	14951,2	84,4	0,6	92,7	-8,3
2004 ж.	15074,8	123,6	0,8	120,8	2,8
2005 ж.	15217,7	142,9	0,9	120,8	22,1

9. Республика тұрғындарының арасында ерлер мен әйелдер арақатынасында мынадай өзгерістер байқалды: 2006 жылғы 1 қаңтарға әрбір 1000 әйелге 928 ер адамнан келді. Бұл ретте елдің қазіргі қала халқының арасындағы ерлердің жалпы салмағы 46,7 пайызды құрады, ал ауылдық жерлерде - 50 пайыз. Тұтастай алғанда республика бойынша соңғы 7 жылда (1999-2005) ерлердің саны 1,7 пайызға өскенмен, соңғы 16 жыл (1990-2005) ішінде 7,2 пайызға төмендеді және 2006 жылдың басына 7323,9 мың адамды құрады; көрсетілген 16 жыл ішінде әйелдердің саны 6,1 пайызға қысқарды, ал 1999-2005 жылдары 1,8 пайызға өсті және қазір 7893,8 мың адамға жетті.

Жас топтары бойынша әйелдер мен ерлер (жыл басына, адам)

Жас, жылы	2003			2004		
	әйелдер	ерлер	1000 ер адамға келетін әйелдер	әйелдер	ерлер	1000 ер адамға келетін әйелдер
Барлығы	7706664	7160173	1076	7752206	7198994	1077
0-4	528241	556018	950	541250	568803	952
5-9	601535	627231	959	574457	601105	956
10-14	741788	767425	967	714696	741592	964
15-19	756519	780155	970	775058	798194	971
20-24	636514	652364	976	649801	667450	974
25-29	593542	588334	1009	602907	599571	1006
30-34	558640	544788	1025	564297	550831	1024
35-39	552163	524254	1053	542466	515998	1051
40-44	590461	545551	1082	591724	546088	1084
45-49	488901	432113	1131	509588	451652	1128
50-54	409656	342855	1195	422128	352814	1196
55-59	220828	177212	1246	257307	204250	1260
60-64	329061	235455	1398	282136	198862	1419
65-69	247794	175010	1416	281135	194116	1448

70-74	198630	116316	1708	175976	104407	1685
75-79	148227	63625	2330	160457	71130	2256
80-84	61853	20786	2976	65455	21516	3042
85+	42311	10681	3961	41368	10615	3897

кестенің жалғасы

Жасы, жылы	2006		
	әйелдер	ерлер	1000 ер адамға келетін әйелдер
Барлығы	7323859	7893827	1078
0-4	630120	598707	950
5-9	557484	530633	952
10-14	557484	530633	952
15-19	801753	776812	969
20-24	718044	699835	975
25-29	617088	615383	997
30-34	563843	579910	1028
35-39	516906	540694	1046
40-44	527892	573692	1087
45-49	489328	549987	1124
50-54	369439	444265	1203
55-59	272083	346651	1274
60-64	140876	199415	1416
65-69	210398	320806	1525
70-74	97906	164157	1677
75-79	77887	164090	2107
80-84	27372	80717	2949
85+	10893	39538	3630

Қазақстан халқының жынысы бойынша құрылымы

Жас топтары	Барлық халық			Оның ішінде					
				ерлер			әйелдер		
	1989	1999	2006	1989	1999	2006	1989	1999	2006
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы	100,0	100,0	100,0	48,4	48,2	48,1	51,6	51,8	51,9
0-9 жас	22,1	17,8	15,2	11,2	9,1	7,8	10,9	8,7	7,4
10-14 жас	9,8	10,8	9,0	4,9	5,5	4,6	4,9	5,3	4,4
15-29 жас	26,3	25,3	27,8	13,4	12,7	14,0	12,9	12,6	13,7
30-44 жас	19,4	22,4	21,9	9,6	10,9	10,6	9,8	11,5	11,1
45-59 жас	13,2	12,9	16,2	6,2	5,9	7,4	7,0	7,0	8,8
60 жас және одан жоғары	9,2	10,8	10,1	3,1	4,1	3,7	6,1	6,7	6,5

10. Соңғы 7 жылда жалпы халық санымен қатар, қоғамдағы 15-29 жастағы жастардың үлесі (445,8 мың адамға немесе 11,8 пайызға) және 45-59 жастағы адамдардың саны (529,7 мың адамға немесе 27,3 пайызға) да айтарлықтай өскендігі байқалып отыр. Сонымен қатар қоғамдағы жас ұрпақтың жалпы үлесінің төмендеуі жалғасып отыр (балалар, жасөспірімдер мен жастар, яғни 0-29 жастағы адамдар): егер 1999 жылғы 1 қаңтарға олардың саны 8079 мың (54 пайыз) болса, ал 2006 жылдың басына - 7908,9 мың адамды немесе 52,2 пайызды құрады. Осының салдары ел халқының одан әрі қартаюы болып табылады: егер 1989 жылы республика тұрғындарының орташа жасы тұтастай алғанда 28,5 жасты, 1999 жылы - 29,9 жасты құраса, ал 2005 жылы 31,6 жасты құрады.

Халықтың жастық құрылымы

Жас топтары	Барлық халық			Ерлер (ерлердің жалпы санына %-бен)			Әйелдер (әйелдердің жалпы санына %-бен)		
	1989	1999	2006	1989	1999	2006	1989	1999	2006
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
0-9 жас	22,1	17,8	15,2	23,2	18,8	16,2	21,2	16,8	14,3
10-14 жас	9,8	10,8	9,0	10,2	11,4	9,5	9,4	10,3	8,5
15-29 жас	26,3	25,3	27,8	27,6	26,4	29,2	25,1	24,3	26,5
30-44 жас	19,4	22,4	21,7	19,8	22,5	22,0	18,9	22,1	21,5
45-59 жас	13,2	12,9	16,2	12,8	12,4	15,4	13,5	13,6	17,0
60 жас және одан жоғары	9,2	10,8	10,1	6,4	8,5	7,7	11,9	12,9	12,3

11. 2006 жылғы 1 қаңтарға Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдердің жалпы саны 3680 мың адамнан асады, олардың 1228,8 мыңы (33,4 пайыз) 0-4 жастағы балалардың, 1088,1 мыңы (29,6 пайыз) - 5-9 жастағылардың және 1363,1 мыңы (37 пайыз) жасөспірімдердің (10-14 қоса алғанда) келеді. Қазіргі жастардың (15-29 жас) гендерлік құрамы 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ер жынысты адамдардың сандық және салыстырмалы артықшылығы туралы куәландырады (ел халқының жалпы құрылымына қарағанда): тұтастай алғанда көрсетілген жас санаты бойынша арақатынасы ерлердің пайдасына 50,5 пайызды және 49,5 пайызды құрайды, олардың 15-19 жастағылары және 20-24 жастағылары - тиісінше 50,8 пайыздан және 49,2 пайыздан, 50,6 пайыздан және 49,4 пайыздан, 25-29 жастағылар - 50,1 пайыз және 49,9 пайыз.

Қала және ауыл халқының жастық құрылымы жыл басына

Жас топтары	Қалалық елді мекен (қалалық елді мекеннің барлық халқына қарағанда %-бен)			Ауылдық елді мекен (ауылдық елді мекеннің барлық халқына қарағанда %-бен)		
	1989	1999	2006	1989	1999	2006

1	2	3	4	5	6	7
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0
0-9 жас	19,8	15,4	14,1	25,3	21,1	16,8
10-14 жас	8,5	9,9	7,7	11,5	12,0	10,7
15-29 жас	26,5	25,1	27,2	26,0	25,6	28,5
30-44 жас	21,6	23,7	22,7	16,4	20,7	20,4
45-59 жас	13,8	14,2	17,6	12,4	11,4	14,4
60 жас және одан жоғары	9,8	11,7	10,7	8,4	9,2	9,2

12. Кестеден көріп отырғанымыздай, ауылдағы балалардың үлесі (0-9 жас) қалалық елді мекендерге қарағанда әлі де анағұрлым жоғары (жекелеген отбасылардың көп балалы болуы есебінен), мұнда олардың саны мен үлес салмағының қысқару қарқыны қалаларға қарағанда жоғары болып қалыптасып отыр.

13. Қазақстан Республикасы өзінің этникалық алуан түрлілігі бойынша бірегей ел ретінде қалып отыр - онда тілдері, мәдениеті мен тұрмыс ерекшеліктері әр түрлі, бірақ тарихи тағдырларының ортақтығымен тығыз байланысқан Азия мен Еуропаның 100-ден астам үлкен және шағын қалаларының өкілдері тұрады (Африка және америка құрылықтары халықтарының бірнеше ондаған адамынан бастап бір-екі-үш жүздеген адамдар екендігін ескере отырып - 130-ға тарта). Олардың ішінде 2006 жылғы 1 қаңтарға қазақтар мен орыстар республиканың барлық халқының 85 пайызын дерлік құрайды (оның ішінде қазақтар - 58,6 пайыз және орыстар - 26,1 пайыз). Әрқайсысының жалпы саны 100-500 мың адам шегіндегі салыстырмалы түрде алынған келесі саны көп этностар украиндықтар, өзбектер, татарлар, ұйғырлар және үлесіне 11 пайыз тиетін корейлер. 85-тен 93 мыңға дейінгі адамды түріктер, әзірбайжандар мен белорустар саны құрайды.

Ұлттық құрамы

Жекелеген ұлттар	Мың адам			Тиісті ұлттардың халықтың жалпы санындағы үлес салмағы %-бен		
	санақ деректері бойынша		2006 ж. 1 қаңтар			
	1989 ж.	1999 ж.		1989 ж.	1999 ж.	2006 ж.
Барлық халық	16199	14953	15218	100,0	100,0	100,0
қазақтар	6497	7985	8912	40,1	53,4	58,6
орыстар	6062	4480	3979	37,4	30,0	26,0
украиндар	876	547	449	5,4	3,7	3,0
өзбектер	331	371	429	2,0	2,5	2,8
татарлар	321	249	229	2,0	1,7	1,5
ұйғырлар	182	210	230	1,1	1,4	1,5
немістер	947	353	223	5,8	2,4	1,5
корейлер	101	100	102	0,6	0,7	0,7
белорустар	178	112	92	1,1	0,7	0,6

әзірбайжандар	89	78	88	0,5	0,5	0,6
түріктер	49	76	85	0,3	0,5	0,6
басқалары	566	392	400	3,5	2,6	2,6

Халықтың табиғи қозғалысы

14. Республика халқының осы кезеңдегі табиғи өсуінің абсолютті және салыстырмалы мәні күрт төмендегенімен, халықтың табиғи өсу факторы 90-жылдар бойы халықтың өсуінің ғана емес, белгілі дәрежеде көші-қонның кері сальдосының (көшіп кетушілердің көшіп келушілердің санынан артуы) өте үлкен көлемін реттейтін негізгі көзі болып отыр. Соңғы 15 жыл ішінде Қазақстанда осы кезеңнің алдындағы онжылдықта қалыптасқан, келтірілген деректерден көрінетін ұрпақтардың орташа өмір сүру ұзақтығының ұлғаюымен бірге туудың жоғары деңгейінің және өлудің салыстырмалы төмен деңгейінің арқасында халық санының айтарлықтай жоғары табиғи өсуімен сипатталатын халықтың өсу түрі бұзылды.

Жылдар мен кезеңдер	Халықтың табиғи өсуі		Мыналардың салдарынан өсу және кему мәні:			
			халықтың тууы		халықтың өлім-жітімі	
	Мың адам	ө с у коэффициенті	Мың адам	т у у коэффициенті	Мың адам	өлім-жітімі коэффициенті
2003	92,7	6,2	247,9	16,6	155,3	10,4
2004	120,8	8,1	273,0	18,1	152,2	10,1
2005	120,8	8,0	278,6	18,4	157,8	10,4
2000-2004 (жылына орташа есеппен)	93,0	6,2	245,1	16,4	152,1	10,2

15. 2000 жылдан бастап республика халқының табиғи өсуі біртіндеп және айтарлықтай өсе бастады: 1999 жылғы 70162 адамнан 2005 жылы 120779 адамға дейін, осы кезеңдегі табиғи өсу коэффициенті 1000 тұрғынға 4,7-ден 8 адамға дейін өсті.

Қалалық және ауылдық елді мекендер бойынша халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері

(*Диаграмманы қағаз мәтінінен қараңыз*)

2003-2005 жылдардағы ананың өлім-жітімі

16. Ананың өлім-жітімі - 100000 тірі туған балаға шаққанда жүктілігі, босануы және босанғаннан кейінгі кезеңдегі ауруының шиеленісуінен қайтыс болған әйелдердің саны

Жылдар	Қайтыс болған жүкті, босанатын, босанған әйелдер саны, адам	100000 тірі туғандарға
2003	104	42,1
2004	100	36,9
2005	113	40,5

2003-2005 жылдардағы нәрестенің өлім-жітімі

17. Нәрестенің өлім-жітімі - 1000 тірі туған балаға шаққанда 1 жасқа дейін қайтыс болған балалардың саны

--	--

Жылдар	Өлім-жітім коэффициенті		
	барлығы	қыздар	ұлдар
2003	15,67	13,41	17,80
2004	14,50	16,47	12,42
2005	15,11	16,81	13,38

**2003-2005 жылдардағы 5-жасқа дейінгі балалардың
өлім-жітімі
(1000 туған балаға шаққанда)**

Жылдар	Өлім-жітім коэффициенті		
	барлығы	қыздар	ұлдар
2003	19,54	17,02	21,93
2004	17,7	15,19	20,07
2005	18,82	20,84	16,70

II. Жүзеге асыру жөніндегі жалпы шаралар

(4, 42-баптар және 44-баптың 6-тармағы)

18. Қазақстан Республикасы БҰҰ БА-ның 27-ші арнайы сессиясының "Бала өміріне жарамды өмір" атты балалардың жағдайы жөніндегі қорытынды құжатында ресімделген әлемдік қоғамдастықтың мақсаттары мен қағидаттарын қабылдайды және Конвенцияның 4-бабына сәйкес Конвенцияда айқындалған нормаларды жүзеге асыру жөніндегі заңнамалық, әкімшілік және басқа да шараларды қабылдайды.

19. Конвенцияны орындау жөнінде 2003 жылға дейін қабылданған ұлттық заңнама туралы ақпарат бірінші заңдық баяндаманың 21-24, 29, 30, 55-57, 70-72, 84-тармақтарында және оған қосымшаларда қамтылған.

20. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету саласында халықаралық нормаларды имплементациялау процесі Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасын дамыту мен жетілдіруден көрініс тапты.

21. Конвенцияның жалпы қағидаттары мен нормалары (2, 3, 6 және 12-баптар) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық атқару кодекстеріне имплементацияланған. Негізгі қолдану сапасы балалардың құқықтары мен мүдделері болған тұтастай заңдар кешені қабылданған ("Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Неке және отбасы туралы", "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" және т.б.).

22. Қазақстан ратификациялаған, балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына, сондай-ақ балаларды сатуға, бала жезөкшелігіне және бала порнографиясына қатысты Конвенцияға факультативтік хаттамалар балалардың құқықтарын іске асыруға ықпал етеді.

23. Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйымның қатысуымен республикада "Қазақстаннан, Қазақстанға, Қазақстан арқылы және Қазақстан ішінде адамдарды сатуға күрес" акциясын іске асыру жалғасуда. Ол құқық қорғау органдары мен прокуратура қызметкерлерін әлемдік тәжірибені ескере отырып трафикті болдырмау әдістемесіне оқытуды, трафик мәселелері жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуді, сондай-ақ трафик құрбандарына көмек көрсетуді көздейді.

24. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2004-2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 ақпандағы N 219 қаулысын іске асыру бойынша жұмыс жүргізілген.

25. 2004 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы бала сатуға, бала жезөкшелігіне және бала порнографиясына қатысты Факультативтік хаттаманы іске асыру жөніндегі бірінші есеп дайындалып, БҰҰ-ға жіберілді.

26. Қазақстан Республикасы ратификациялаған балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Конвенцияға Факультативтік хаттама 18 жасқа толмаған адамдардың әскери іс-қимылдарға тікелей қатысуына және қарулы күштерге міндетті шақырылуына жол бермеуге шақырады. Осы хаттаманың нормалары баланы әскери іс-қимылдарға, қарулы жанжалдарға тартуға тыйым салатын "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабына, сондай-ақ он сегіз жастан бастап жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды айқындайтын "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына имплементацияланған.

27. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1033 қаулысымен Балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Конвенцияға Факультативтік хаттаманың ережелерін жүзеге асыру жөнінде Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы баяндама бекітілген.

28. 2003 - 2006 жылдар барысында балалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі заңнаманы одан әрі дамыту оның Конвенция қағидаттары мен ережелеріне неғұрлым толық сәйкес келтіру және баланың әлеуметтік әл-ауқатсыздығының алдын алу үшін құқықтық жағдайлар жасау мақсатында жүзеге асырылды. Осыған "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы N 430, "Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы" 2004 жылғы 16 маусымдағы N 565, "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591, "Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" 2003 жылғы 14 қазандағы N 489, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 және басқа заңдардың қабылдануы ықпал етті.

29. Балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін сақтау қатысында ұлттық саясатты іске асыруға белгілі бір дәрежеде білім беру, денсаулық сақтау, кедейлікті төмендету, көші-қон саясаты, демографиялық даму, мүгедектерді оңалту және басқа да салаларда балалардың құқықтарын сақтау мәселелері жөніндегі мемлекеттік салалық бағдарламалар бағытталған. Осындайлардың ішінен мыналарды атаған жөн:

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген;

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімімен бекітілген;

Қазақстан Республикасында туберкулезбен күресті күшейтудің 2004 - 2006 жылдарға арналған бағдарламасы 2004 жылғы 13 тамыздағы N 850 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген;

Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001 - 2005 жылдарға арналған бағдарлама 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген;

Мүгедектерді оңалтудың 2002 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасы 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 1758 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген;

Қазақстан Республикасында мүгедектерді оңалтудың 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 17 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген;

Қазақстан Республикасының халқын жұмыспен қамтудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 68 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген;

Қазақстан Республикасында кедейлікті азайту жөніндегі 2003-2005 жылдарға арналған бағдарлама 2003 жылғы 26 наурыздағы N 296 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген;

Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1241 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген;

"Ауыл мектебі" 2003-2005 жылдарға арналған бағдарламасы 2003 жылғы 4 ақпандағы N 128 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген және басқалар.

30. Орталық және жергілікті атқарушы органдар арасындағы қызметті тиімді үйлестіруді, сондай-ақ үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен және азаматтық қоғамның басқа да секторларымен ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 36 қаулысымен арнайы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау комитеті құрылды.

31. Есепті кезеңде балалар мүдделерін қорғаудың құқықтық құралдары жүйесі одан әрі дами түсті. Комитет ұсынымдарының 11 және 12-тармақтарын, сондай-ақ адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттардың рөлі туралы N 2 Жалпы Комментарийді ескере отырып, Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындаған сәтінен бастап мемлекеттік органдар жүйесінде ұлттық құқық қорғау мекемесінің рөлі нығая түсті, Уәкілдің мәртебесі мен құзыреті өзгерді. "Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы N 1474 Жарлығымен омбудсменнің құқық қорғау өкілеттіліктері кеңейтілді, жаңа: істі сотта қарауға қатысу, сот актілерінің заңдылығын тексеру туралы өтініш жасау, парламент тыңдауларына бастамашылық ету және қылмыстық, азаматтық және тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы өтініштер жіберу функциялары енгізілді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкілдің аппаратында балалар құқықтары жөніндегі арнайы сектор жұмыс істейді. 2006 жылы Қазақстанның әрбір өңірінде бала құқықтары жөніндегі омбудсменнің арнайы құрылымын құруға есептелген "Бала құқықтарын қорғау және бала құқықтарын мониторингілеу тетіктерін құру" пилоттық жобасын іске асыру басталды. Жоба 2005 - 2009 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасының бір бөлігі ретінде Қазақстанның Үкіметімен бірлесіп жүзеге асырылатын болады. Білім және ғылым министрлігінің, Омбудсмен офисінің, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының 90 өкілі және 10 және 17 жас аралығындағы 3 мың бала осы жобаның негізгі әріптестері болады.

32. Комитеттің еліміздегі балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдарының ұлттық жоспарын әзірлеу қажеттігі туралы ұсынымдарына сәйкес қазіргі уақытта республикада "2006-2011 жылдарға арналған "Қазақстанның балалары" мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы әзірленген. Осы құжат балалардың құқықтарын және мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, басымдықтарын, міндеттерін, сондай-ақ әлеуметтік жетімдіктің алдын алу мен болдырмаудың негізгі стратегиялық бағыттарын айқындайды.

33. Есепті кезеңде Комитеттің Қазақстанның балалардың жағдайын жақсарту жөніндегі экономикалық шараларды қабылдауы бөлігіндегі ұсынымдарының 15, 16 және 17-тармақтарын орындауға үлкен көңіл бөлінді. Балалардың құқықтарын қорғау мақсатында республикада бюджетаралық қатынастарды жетілдіру шеңберінде республикалық және өңірлік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара жігін

ажырату жөнінде жұмыс жүргізілуде. Бұл ретте қабылданған мемлекеттік міндеттемелерді толығымен орындау негізгі мақсат болып табылады.

Есепті кезеңде негізгі көңіл Конвенция нормаларын неғұрлым толық орындау үшін ресурстарды шоғырландыруға бөлінді. Белгіленіп отырған экономикалық өсумен берілетін жаңа мүмкіндіктер оқыту, тәрбиелеу, денсаулық сақтау, мәдениет, дене шынықтыру мен спорт, отбасы мен балаларға әлеуметтік қызмет көрсету және әлеуметтік қорғау саласында балалар мүддесіндегі мемлекеттік саясатты басымды қаржыландыру үшін пайдаланылады. 2003 жылдан бастап республикалық бюджеттің осы мақсаттарға арналған шығыстарының үлесі үздіксіз өсіп келеді. Егер 2003 жылы әлеуметтік-мәдени салаға арналған шығыстар ЖІӨ-нің 11,18 пайызын құраса, ал 2006 жылы - ЖІӨ-нің 11,84 пайызын құрады (2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша). 2006 жылы мемлекеттік бюджет шығыстарының жалпы көлемі - 41,34 пайыз құрайды.

**Мемлекеттік бюджеттің әлеуметтік салаға арналған шығыстары
мың теңге**

	2003 жыл есеп	2004 жыл есеп 2005 жылғы 1 қаңтар	2005 жыл есеп 2006 жылғы 1 қаңтар	2006 жыл айқындалған республикалық бюджет жергілікті бюджет - 2006 жылғы 1 сәуір	2003 жылға қарағанда 2006 жылда өсу %
1	2	3	4	5	6
ЖІӨ	4612000000	5870000000	7453000000	8759000000	
Білім беру					
Мемлекеттік бюджет	152733756	195582541	261210382	316159633	107,0
ЖІӨ-ге %-бен	3,31	3,33	3,50	3,6	
Республикалық бюджет	26985547	39404620	70524799	102454204	279,7
нысаналы трансферттер	5228261	11185461	22848035	30845839	
РБ %-бен МБ-ке	17,67	20,15	27,00	32,41	
Жергілікті бюджет	130976470	167363382	213533618	244551268	86,7
Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік					
Мемлекеттік бюджет	33788200	43948441	59005102	69993067	107,2
ЖІӨ-ге %-бен	0,73	0,75	0,79	0,8	
Республикалық бюджет	12878692	18989420	27954560	37350090	190,0
нысаналы трансферттер		3410000	2705784	1680385	
Оның ішінде қаржы активтері			1929387	1315000	
РБ %-бен МБ-ке	38,12	43,21	47,38	53,36	40,0
жергілікті бюджет	20909508	28369021	33756326	35638362	70,4
Денсаулық сақтау					
Мемлекеттік бюджет	89781172	131183524	185456218	221979845	147,2
ЖІӨ-ге %-бен	1,95	2,23	2,49	2,5	
Республикалық бюджет	19104516	29224205	56282870	80515235	321,4

оның ішінде нысаналы трансферттер**	3434844	5114962	21143084	43045583	201,6
оның ішінде сыртқы қарыздар					
РБ %-бен МБ-ке	21,28	22,28	30,35	36,27	
жергілікті бюджет	74111500	107074281	150316432	184510193	149,0
Әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмек					
Мемлекеттік бюджет	239229805	272332989	345356311	421562904	76,2
ЖІӨ-ге %-бен	5,19	4,64	4,63	4,8	
Республикалық бюджет	202043323	232998134	314709489	388816514	92,4
оның ішінде мақсатты трансферттер	2958575	716283	3492989	5130166	
РБ %-бен МБ-ке	84,46	85,56	91,13	92,23	
жергілікті бюджет	40145057	40038928	34139811	37878556	5,6
Әлеуметтік салаға арналған барлық шығыстар	515532933	643047495	851028013	1029695449	99,7
ЖІӨ-ге %-бен	11,18	10,95	11,42	11,76	
Республикалық бюджет	261012078	320616379	469471718	609068043	133,4
жергілікті бюджет	266142535	342845612	431746187	502578379	88,8
РБ %-бен МБ-ке	50,63	49,86	55,17	59,16	
Мемлекеттік бюджет шығыстары, барлығы	1068439246	1322820874	1946128467	2497914367	133,8
МБ жалпы шығыстарының әлеуметтік салаға арналған МБ шығыстары %-бен	48,25	48,58	43,73	41,22	

Ескертпе: жергілікті бюджеттер шығыстары (2006 жылғы 1 наурызға түзетілген); республикалық бюджет шығыстары - нақтыланған бюджет;

РБК-нің 2006 жылғы 10 сәуірдегі шешіміне сәйкес ЖІӨ болжамы;

трансферттерде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен бөлінген қаражат көзделген - 50,2 млн. теңге.

34. 2003 - 2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасында және 2003 - 2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында әлеуметтік саясат саласында елді дамытудың маңызды басымдықтарының қатарында мақсаты азаматтардың білім алуға өз құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау болатын, құрылымы мен сапасы жағынан экономика мен азаматтық қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес келетін білім беруді түрлендіру айқындалған. 2006 жылы білім беруді бюджеттік қаржыландыру 2003 жылмен салыстырғанда 107,5 пайызға ұлғайтылған.

35. Балалардың сапалы білім алуға құқықтарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданған.

Аталған бағдарламаны іске асыру үшін мынадай іс-шаралар көзделген:

- 12-жылдық оқуға көшудің нормативтік құқықтық базасын құру;
 - білім бағдарламаларының базалық және бейіндік мазмұнын жетілдіру, эксперименталдық оқу жоспарларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және оларға сараптама жасау;
 - оқушылар жетістіктерін ішкі ағымдағы және қорытынды бағалау жүйесін құру;
 - оқытуды ұйымдастыру қағидаттарын және ондағы оқушының рөлін білімді, дағдыларды селқос "алушыдан" таным процесінің белсенді субъектісіне өзгерту;
 - оқушыны тұлға және қызмет субъектісі ретінде дамыту, өмірлік құнды бағдарлар қалыптастыру;
 - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім бағдарламаларын жаңарту, пәндік білімнің іргелігін, кең бейінділігін, оларды игеру мен қолданудың шығармашылық деңгейін қамтамасыз ету;
 - сапа менеджменті жүйесін енгізу, жоғары оқу орындарының кәсіптік білім бағдарламаларын аккредиттеу үшін жағдай жасау;
 - неғұрлым дайындалған жастарды таңдап алу мақсатында студенттік контингентті қалыптастыру тетігін жетілдіру;
 - білім гранттарының санын арттыру және студенттердің оқуына кредит берудің жаңа үлгісін жасау жолымен жоғары білімге қол жетімділік деңгейін арттыру;
 - білім беру объектілерін салу және қайта жаңарту және олардың материалдық-техникалық базасын нығайту.

Тұтастай алғанда жоғарыда көрсетілген бағдарламаны іске асыруға 2005 жылы 43,2 млрд. теңге, 2006 жылы - 64,9 млрд. теңге көзделген.

36. Республикада балалармен жұмыс істейтін мамандардың, жұртшылықтың, балалар мен олардың ата-аналарының Конвенцияның негізгі ережелері туралы хабардар болу мәселелеріне, оларды насихаттауға және түсіндіруге үлкен көңіл бөлінеді. 2004 жылы Қазақстан Республикасының Конвенцияны ратификациялауының 10 жылдығы шеңберінде республиканың білім беру ұйымдары балалардың Конвенция ережелері туралы хабардар болу деңгейін, бала құқықтары жөніндегі ағартушылық және білім беру қызметін мониторингілеуді жүргізді. Алынған материалдарды талдау республиканың білім беру ұйымдарында оқушылар арасында да, ата-ана жұртшылығы мен педагогтар арасында да Конвенция ережелерін түсіндіру жөніндегі жұмыс жандана түскендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. 2004 - 2005 жылдары балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері бойынша барлығы 170-тен астам семинар, 40-қа жуық дөңгелек үстел, 6 мыңға жуық дебаттар, 30 мыңнан астам қайырымдылық акциялары, 80-ге жуық шығармашылық көрмелер, суреттер, плакаттар конкурстары, мерекелік концерттер өткізілді.

Ата-аналар үшін балалардың қатысуымен ата-аналық лекторийлер, семинар-тренингтер, мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізу көзделген. Білім беру

ұйымдарында БҰҰ-ның бала құқықтары жөніндегі конвенциясына арналған стендтер, бұрыштар, кітапханаларда құқықтық білім беру жөніндегі стендтер ресімделген.

37. Қазақстан Республикасының Конвенцияны ратификациялауының 10 жылдығы жылында "Балаларға ерекше қамқорлық" атты бүкілқазақстандық акция өткізілген болатын. Осы акция балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етуге, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алуға және оларды болдырмауға бағытталған. Өткізілген және жоспарланған барлық іс-шаралар барысында жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, мүгедек балаларға, сондай-ақ көп балалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына ерекше көңіл бөлінді. Акция шеңберінде баланы физикалық немесе психологиялық тіл тигізудің барлық нысандарынан, қамқорлықтың болмауынан немесе немқұрайлы қараудан қорғайтын психологиялық-әлеуметтік қызметтер, мектеп кеңестерін, жанжал комиссияларын құру мәселелері шешілді. Акцияны өткізуде әр түрлі халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар мен бірлестіктер, ұлттық-мәдениет орталықтарының өкілдері, меценаттар, демеушілер және басқалар белсене қатысты. Республикалық акцияны өткізу жөніндегі барлық іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

38. Әрбір балаға саяси-құқықтық білімнің қажетті көлемін беру мақсатында мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттармен "Адам. Қоғам. Құқық" өз бетінше оқу курсы, "Адам және қоғам" оқу пәні көзделген. Осы курстардың оқу объектілері қазақстандық қоғамның құқықтық жүйесі, құқық салаларының негіздері, соттың, прокуратураның және басқа да құқық қорғау органдарының қызметі болып табылады. Әділет органдарымен бірлесіп, жыл сайын оқушылар мен оқушы жастар арасында үздік құқық кабинетіне байқау конкурстары, азаматтық іс жүргізу және құқықтық білімдер жөніндегі республикалық олимпиадалар мен турнирлер өткізіліп тұрады. Дүниежүзілік білім беру бағдарламасының шеңберінде адам құқықтары саласында республикада бірінші кезеңге арналған 2005-2007 жылдар Ұлттық іс-қимыл жоспары әзірленуде, онда адам құқықтары саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіру адам құқықтары саласында білім беру мәселелері бойынша халықаралық, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту, әр түрлі әлеуметтік зерттеулер жүргізу, осы бағытта жұмыс істейтін мамандардың біліктілігін арттыру мәселелері көзделеді.

39. Білім беруді Дамыту Академиясымен, Халықаралық Даму жөніндегі АҚШ агенттігінің контракторымен бірлесіп, 2005 жылы жалпы білім беретін мектептердегі құқық мәселелері жөніндегі оқулықтар сараптамасы жүргізілді, азаматтық білім беру және құқық жөніндегі оқулық авторларының қатысуымен мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушылары үшін мемлекет пен құқық негіздерінің республикалық семинары ұйымдастырылды.

40. Конвенцияның 6-бабына сәйкес баланың салауатты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қазақ және орыс тілдерінде оқушыларға арналған "Здоровые привычки", "Салауатты әдеттер", "Сенің таңдауың", "Салауатты өмір құпиясы" және басқа оқу-танымдық оқулықтар әзірленген.

41. Баланы азат қоғамда барлық халықтар арасындағы түсіністік, бейбітшілік, шыдамдылық, тең құқылық пен достық рухында саналы өмірге дайындау үшін Конвенцияның 29-бабының 1Г тармағына сәйкес 2004 жылы "Қоғамға қызмет ету" бағдарламасының шеңберінде жұмыс тәжірибесімен алмасу жөніндегі республикалық семинар ұйымдастырылды. Семинар жұмысына біліктілік арттыру институттарының әдіскерлері, мектеп директорлары, директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, республиканың барлық өңірлерінен білім беру ұйымдарының педагогтары, барлығы 47 адам қатысты.

42. Конвенцияның 5, 24, 27-баптарына сәйкес ата-аналарға көмек ретінде балаларды отбасында тәрбиелеу, ата-аналардың білім беру ұйымдарының қоғамдық өміріне қатысуы, балалар мен жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың, темекі тартушылық пен алкоголизмнің алдын алу мәселелері, ата-аналарды балалардың есірткі қолдануының алғашқы белгілерін өз бетінше анықтауға үйрету жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірленген болатын.

43. Білім беру органдарының ата-ана жұртшылығымен әлеуметтік әріптестігінің жүйесін жетілдіру, ынтымақтастық педагогикасын дамытудың тиімді жүйесін қалыптастыру, ата-аналардың педагогика мен психология мәселелеріндегі құзыреттілігін арттыру, оқушыларға, студенттерге және олардың ата-аналарына ақпараттық, құқықтық, психологиялық көмек көрсету мақсатында 2005 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қоғамдық ата-аналар кеңесі құрылып, 2 республикалық және 10 Балалар қоғамдық қабылдау бөлмелері ашылды. Олардың құрамына білім беру ұйымдарының ата-аналар комитеттерінің, ұлттық мәдени орталықтардың, қарттар кеңестерінің өкілдері, соғыс және еңбек ардагерлері, денсаулық сақтау, ішкі істер органдарының, балалар қоғамдық бірлестіктерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кірді. Өңірлік қоғамдық Ата-аналар кеңестеріне 300-ден астам адам жұмылдырылған. Олар - 175 ата-аналар комитеттерінің, 62 - педагогикалық қоғамдастықтың, 15 - Қазақстан халықтарының Кіші ассамблеяларының, 12 - бұқаралық ақпарат құралдарының, 6 - педагогикалық еңбек ардагерлерінің, 6 - қарттар кеңестерінің, 5 - денсаулық сақтау, 6 - ішкі істер органдарының, 11 - балалар және қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың, 3 - қазынашылық өкілдері.

44. Жастарды тәрбиелеу, әлеуметтендіру және дамыту үшін құқықтық, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау үшін Қазақстан Республикасының 2005 - 2007 жылдарға арналған жастар саясаты бағдарламасында жастардың әлеуметтік бейімделу және кәсіптік қажет болу тетіктерін одан әрі дамыту көзделген. Тұтастай

алғанда, әлеуметтік қызметтер құруға, жастардың әлеуметтік маңызы бар жобаларын іске асыруға 2005 жылы республикалық бюджеттен 123,6 млн. теңге бөлінген. Нәтижесінде республиканың әртүрлі өңірлерінде 9 әлеуметтік жастар қызметтері қосымша құрылған.

Әлеуметтік маңызы бар жобалар конкурстарын өткізу арқылы республика жастарына әлеуметтік қолдау көрсетуге және оларды дамытуға негізделген тетік одан әрі дами түсті. Осы мақсаттарға 2005 жылы 53,6 млн. теңге бөлінген.

45. Мемлекеттік билік органдарының халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасында Конвенция және Комитет ұсынымдарының 21-23-тармақтарын орындау негізінде балалар мүддесінде саясатты іске асыруда неғұрлым маңызды болып келеді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдары үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарды балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне тартуға жәрдем көрсететін халықаралық ұйымдармен (ЮСАИД, Бүкілдүниежүзілік банк, Азия даму банкі, Европалық одақ және басқалар) тығыз ынтымақтасады. Осы ұйымдар оқытудың жаңа технологияларын, интербелсенді әдістерін енгізуге, оқушылар мен мұғалімдерге арналған бағдарламаларды, оқу құралдарын әзірлеу кезінде зерттеулер, оқыту семинарларын, конференциялар мен форумдарды өткізуге ықпал етеді.

46. Осылайша, ЮНЕЙДС-тің техникалық және қаржылық қолдауымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 қаулысымен бекітілген 2002-2005 жылдарға арналған АҚТҚ/ЖҚТБ эпидемиясына қарсы күрес жөніндегі бағдарлама жұмыс істейді.

47. ЮНЕСКО-ның қаржылық қолдауымен Қарағанды қаласында жалпы орта білім статистикасын жетілдіру жөніндегі семинар-кеңес өткізілді. (2003 жылғы 2-3 шілде).

48. Республикадағы статистикалық есепті ЮНЕСКО стандарттарына сәйкес келтіру мақсатында "Білім алу - барлығы үшін" бағдарламасының шеңберінде жобаны жалғастыру жоспарлануда.

49. БҰҰ-ның "ЮНИСЕФ" балалар қорымен бірлесіп, өмір сапасын қамтамасыз ету саласында халықаралық стандарттарға қол жеткізу, "балаға кең пейілді орта құру" үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен көптеген бағдарламалар іске асырылған, мәжілістер, конференциялар, кеңестер өткізілген.

50. Кәсіптік орта білім беру оқу орындарының бәрінде жастар істері жөніндегі комитеттер үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен, еңбекті ұйымдастыру мен өзара көмек көрсетудің тиімді нысандарын кеңінен пайдалану бойынша жұмыс берушілермен ынтымақтасады.

51. Балалардың өмірі, оларды оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, "Ерекше қорғау шараларына мұқтаж балалар", "Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі

тәрбиелеудің ғасырлар бойындағы жай-күйінің мониторингі", "Балғын шақтағы балаларға арналған бағдарламаларды дамытуды қамтамасыз ететін жұмыстар мен қызметтерді сәйкестендіру", "Өмір дағдысы және АҚТҚ/ЖҚТБ", "Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тәрбиелеудің баламалы нысандарын дамыту" сияқты бағдарламалар мен жобалар іске асырылуда.

52. "Дамуында проблемалары бар балаларды білім беру процесіне тарту жолы ретінде ертерек араласу" жобасы бойынша 2001 жылдан бастап Ұлттық ғылыми-практикалық түзету педагогикасының орталығы жұмыс істейді, оның базасында инклюзивтік білім беру жөніндегі орталық моделі құрылды, балғын шақтағы балалардың скринингін жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық база әзірленуде.

53. "Баланы жан-жақты дамыту" бағдарламасы қорғаудың ерекше шараларына мұқтаж балаларды оқыту ортасын жақсартуға, мектептерде есірткі қолданудың алдын алуға, мектеп кеңестері арқылы мектептік өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған.

54. "Оқу ортасын жақсарту" жобасы бойынша "Жаһандық білім беру - өмірлік дағдылар" жобасын енгізу жөніндегі жұмыс жүргізілуде. Әртүрлі кезеңдерде ұлттық жобаларды бағалау оқушылардың эмоционалдық дамудағы және зияткерлік өсудегі айтарлықтай жетістіктерін, сондай-ақ оқушылардың мектепке, мұғалімдерге, оқытылатын пәндерге деген қатынастарында оң нәтижелер ашты.

55. "Қорғаудың ерекше шараларына мұқтаж балалар" жұмысының бағыты бойынша "Шығармашылық бастамасы әйелдерінің лигасы" үкіметтік емес қоғамдық ұйымымен бірлесіп, Алматы қаласының үйлері мен интернаттарынан балаларды патронаттық тәрбиелеуге алуға ниет білдірген қазақстандық отбасыларын анықтау жөніндегі экспериментке сынақ жасалды. 2005 жылы екі пилоттық өңірде (Оңтүстік Қазақстан облысы мен Астана қаласы) отбасын қолдау және құлдырау жағдайына ұшыраған отбасыларына арналған оңалту бағдарламаларын құрумен жұмыс істейтін орталықтар құрылған.

56. "Жастардың әл-ауқаты жөніндегі бағдарлама" жобасы бойынша жұмыстың мазмұны жастардың салауатты өмір салты, ЖЖБИ, АҚТҚ/ЖҚТБ, инъекциялық есірткілер мен зиянды заттарды қолданудың қауіптілігі туралы хабардар болуын жақсарту саласындағы мүмкіндіктерді және жаңа бетбұрыстарды, саясат пен стратегияны, жастардың азаматтық қоғам өміріне, сондай-ақ олардың мүдделерінің аясына кіретін бағдарламаларды іске асыру, мониторингілеу және бағалау процестеріне қатысуын күшейтті. Осыған байланысты Алматы, Астана, Қызылорда, Семей және Текелі қалаларында 5 Салауатты өмір салты жөніндегі Жастар білім беру Орталықтары ашылды. Осы орталықтардың негізгі іс-шаралары салауатты өмір салтына оқыту, тепе-тең оқыту әдісі бойынша салауатты өмір салтын насихаттау, интербелсенді тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру, балалар мен жасөспірімдерге, ата-аналарға консультация беру және денсаулықты қорғау және жасөспірімдер мен жастар арасында аурудың әрі мінез-құлықтық тәуекелдердің алдын алу болды.

57. Есепті кезеңде ЮНИСЕФ және ПРООН өкілдіктерінің жәрдемдесуімен және белсенді қатысуымен "Қазақстандағы әлеуметтік салаға кешенді көзқарас" (2003 жыл), "Қазақстанда кедейлікті азайту" (2004 жыл) сияқты бірлескен жобалар, "Қазақстан Республикасындағы кедейлік және әлеуметтік стандарттар: ең төмен күнкөріс деңгейін айқындау әдістемесін жетілдіруге деген көзқарас" семинары, "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасының" тұсаукесері (2004 жыл), "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдірудің өзекті мәселелері", "Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету. Ең аз әлеуметтік стандарттар жүйесін жетілдіру, ана мен баланы қолдау жүйесі" (2005 жыл) атты семинарлар өткізілді.

58. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ-ның Балалар қоры (ЮНИСЕФ) 2005 жылғы қаңтардан 2009 жылғы 31 желтоқсанға дейін жаңа елдік бағдарламаға қол қойылды, ол 3 құрауыштан тұрады:

1. "Отбасы мен қоғамның әлеуетін нығайту";
2. "Әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру";
3. "Әлеуметтік саясатты әзірлеу және басқару".

Осы бағдарлама 0-ден 18 жасқа дейінгі балаларды дамытуды, оларға білім беруді, қорғау мен қатысуын қамтиды.

59. Бес жыл мерзім ішінде ЮНИСЕФ-тің негізгі ресурстарынан Ынтымақтастық бағдарламасын іске асыруға 4,9 млн. АҚШ доллары жұмсалатын болады және қосымша көздерден 2,2 млн. долларға дейін тарту жоспарлануда.

III. Бала ұғымы (I-бап)

60. Бала ұғымына қатысты ережелер Конвенцияның 1-бабына сәйкес Бала құқықтары туралы 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 64-65-тармақтарында айқындалған.

61. Есепті кезеңде республикада кәмелетке толмаған азаматтардың еңбегі, оларды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында белгілі жұмыс жүргізілді.

62. "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 15-тармағының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 15 ақпандағы N 45-п бұйрығымен Жасы он сегізге толмаған адамдардың еңбегін қолдануға тыйым салынатын ауыр қол еңбегі жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды), қауіпті (ерекше қауіпті) жұмыстардағы өндірістердің, кәсіптердің тізімі бекітілді.

63. 18 жасқа толмаған адамдарға темекі бұйымдарын сатуға тыйым салынды ("Темекі шегушіліктің алдын алу және шектеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы).

IV. Жалпы қағидаттар

Кемсітпеушілік

(2-бап)

64. Қазақстан Республикасы балалардың өмірге және дамуға деген мүдделерін, кемсітпеушілікке құқығын қамтамасыз ету бөлігінде Конвенцияның 2, 3, 6 және 12-баптарын және Комитет ұсынымдарының 24-тармағын іске асыру жөніндегі шараларды қабылдауда.

65. Қазақстан Республикасының заңнамасында жыныстық, ұлттық, тілдік, шығу тегі, мүліктің жағдайы, тұрғылықты жері, дінге, сенімге қатыстығы, қоғамдық бірлестіктерге тәуелділігі белгілері бойынша және басқа да мән-жайлар бойынша адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын кемсіту белгілері бар нормалары жоқ.

66. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығымен жыныстық тәуелділігіне қарамастан қоғамның барлық мүшелерінің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған 2006-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясы бекітілген.

67. Ресми статистикаға сәйкес Қазақстан Республикасында қыздарды бастауыш біліммен қамту іс жүзінде жан-жақты болып табылады. Бұдан басқа, Қазақстанды жалпы орта білім беруде гендерлік басымдыққа қол жеткізілген елдердің тобына жатқызады.

68. Білім алушылар қатарынан:

Сыныптар	2003-2004 оқу жылы		2005-2006 оқу жылы	
	қыздар	ұлдар	қыздар	ұлдар
1-4 сыныптар	48,9%	51,1%	48,9%	51,1%
5-9 сыныптар	49%	51%	49,05%	50,95%
10-11 (12) сыныптар	52%	48%	52,5%	48%

69. 2006 - 2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдік стратегиясына сәйкес білім беру жүйесіне тиісті бағдарламаларды енгізу жолымен балалар мен жастарды зорлық-зомбылықсыз мінез-құлыққа үйрету көзделген.

70. ЮНИСЕФ-тің қолдауымен ғылыми-практикалық әлеуметтік-психологиялық қызмет орталығы "Балалар мен жастарды зорлық-зомбылықсыз мінез-құлыққа үйрету" жобасын іске асырды, 5-10 сынып оқушыларына арналған оқу бағдарламасы, жоспары мен оқу-әдістемелік жинағы әзірледі.

71. Қазақстан Республикасы Конституциясының 12-бабының 5-тармағында, егер Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады деп айқындалған. Қазақстан

Республикасының азаматы емес, республика аумағында тұрмайтын азаматтар білім беру ұйымын, білім алу тілін және басқаларды таңдау құқығына ие.

72. Алайда, шетелдік азаматтардың сапалы білім алу мәселесінде белгілі бір проблемалардың барлығын мойындау қажет: қазақ және орыс тілдерін білмеуі, жекелеген ата-аналардың қыздарды жоғары сыныптарда, қыздар мен ұлдардың бірге оқуына тыйым салуы. Осы мәселелерді шешу үшін республиканың барлық өңірлерінде тілге оқыту курстары ашылуда, келген шетелдік балалар, педагог мамандар үшін бейімделген арнайы оқу әдебиеті әзірленуде.

Бұдан басқа, "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 6-тармағына сәйкес мынадай нысандарда білім алуға болады: сырттай, кешкі, қашықтықтан оқу және экстернат.

73. Репатрианттардың (оралмандардың) білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз ету үшін 2005 - 2006 жылғы оқу жылында республиканың жалпы білім беретін оқу мекемелерінде 44548 репатриант балаларды, оның ішінде 15053-і - жалпы білім беретін мектептің бастауыш, 22910-ы - негізгі, 6553-і - жоғары баспалдақтарында және 32 балалық шақтан мүгедектерді оқыту ұйымдастырылған. Республиканың жалпы орта білім еру ұйымдарында таяу және алыс шетелдерден: Өзбекстаннан, Түркіменстаннан, Тәжікстаннан, Қырғызстаннан, Ресейден, Украинадан, Грузиядан, Иран Республикасынан, Қытайдан, Монғолиядан, Түркиядан, Пәкістаннан, Сауд Аравиясынан, Ауғаныстаннан келген оралман оқушылар үшін олардың біліміндегі ақтандақтарды жою және білім бағдарламаларына бейімделуі мақсатында қосымша сабақтар, консультациялар өткізіледі, арнайы көшу бағдарламалары көзделген. Барлық балалар тегін оқулықтармен және тамақтандырумен қамтамасыз етілген.

74. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 900 қаулысымен бекітілген Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тұжырымдамасының 6-тарауының 1-тармағына сәйкес басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын ұлты қазақ барлық ұлдар мен қыздарға орта және жоғары кәсіптік білім ұйымдарына, магистратураға, аспирантураға түсу және Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар тағылымдамадан өту құқығы беріледі. Оқуға түсу кезінде оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын санда қабылдау квотасы көзделген.

75. 2001 - 2010 жылдарға арналған Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына республиканың білім беру ұйымдарында ұлттық топтардың ана тілін меңгеру құқықтарын іске асыру негізгі қағидаларының бірі орындалады.

76. 2003 - 2004 оқу жылында республика мектептерінің 2980,і мың оқушысы ана тілінде: 20,3 мыңы (0,7 пайыз) - ұйғыр, 86,4 мыңы (2,9 пайыз) - өзбек, 2,9 мыңы (0,09 пайыз) - тәжік, 165 мыңы - украин тілінде оқыды.

В 2005 - 2006 оқу жылында 2778077 оқушының 1 594019-ы - қазақ тілінде, 1 07971-і - орыс тілінде, 17525-і - ұйғыр тілінде, 82974-і - өзбек, 3225-і - тәжік, 178-і - украин, 485-і неміс тілінде білім алуда.

77. 2003 - 2004 оқу жылында республиканың 129 жалпы білім беретін мектебінде 17533 оқушы жеке пән ретінде 12 ана тілін: неміс - 400 адам, поляк - 1895 адам, украин - 165, корей - 463, дұнған - 6673, татар - 357, түрік - 6012, шешен - 145, әзірбайжан - 212 адам, курд - 815, ұйғыр - 336, грек тілін - 60 оқушы оқыды.

78. 2005 - 2006 оқу жылында республиканың 119 жалпы білім беретін мектебінде 17150 оқушы жеке пән ретінде 16 ана тілін: неміс - 277 оқушы, поляк - 1830 оқушы, корей - 444, дұнған - 7154, татар - 503, түрік - 4936, әзірбайжан - 430, курд - 962, ұйғыр - 257, шешен - 199, грек - 60, армян - 25, иврит - 40, белорус - 10, тәжік - 15, украин - 8 оқушы оқыды.

79. 59 жексенбілік мектепте факультативті немесе үйірмелерде ана тілін 2597 оқушы оқыды: неміс - 644, корей - 322, иврит - 173, татар - 244, поляк - 327, украин - 169, армян - 92, грек - 45, әзірбайжан - 99, шешен - 85, белорус - 63, қазақтардың диалектісі - 46, чуваш - 28, болгар - 25, қазақ - 120, орыс - 53, парсы (иран) - 20, дағыстан - 15, тәжік - 14, чех - 13 оқушы.

80. Қазақстан Республикасында дамуында кемтар балаларға қатысты кемсітушіліктің алдын алу жөніндегі шаралар қабылдануда.

81. Әлеуметтік білім беру саласына балаларды дені сау қатарластарының білім алу ортасына ықпалдастыру жөніндегі инновациялық процестер кеңінен енгізіле бастады. Баланың дамуындағы кемшіліктердің алдын алу және табысты түзету, кемтар балаларды тәрбиелеу мен оқыту, олардың әлеуметтік бейімделуі және оларды қоғамға ықпалдастыру үшін оңтайлы жағдайлар жасаудағы инновациялық бағыттарды зерделеу жөніндегі жұмыс жетілдірілуде.

82. Түзету педагогикасы ғылыми-зерттеу институтының эксперименталдық педагогикалық зерттеулер деректері бастапқы бұзушылық бойынша саңыраулар немесе 4 дәрежелі нашар еститіндер ретінде сыныпталған естуі аса бұзылған балалардың 25 пайызы кешенді ерте түзетуден өткен соң бұқаралық мектепке түсетінін және онда табысты оқитынын, құлағы еститін адамдардың арасында өмір сүретінін және тәрбиеленетінін дәлелдеді. Бұл балалардың жалпы даму және сөйлеу деңгейі жас нормасына сәйкес келеді немесе оған жақын.

83. Республикада арнайы түзету ұйымдарының функцияларын кеңейту, оларды мұқтаж балаларға мамандандырылған білікті бейіндік көмек көрсету орталықтарына айналдыру жөніндегі шаралар қабылдануда.

84. Дамуында кемтар балаларды оңалтудағы, оларды әлеуметтендірудегі, қазіргі заманғы қоғамда өмірге дайындаудағы тиімді құралдардың бірі компьютерлер мен ақпараттық технологиялар болып отыр.

Осы мақсаттарда төрт бағыт бойынша міндеттер кешенін ғылыми және практикалық шешу жүзеге асырылуда: зерттеу, диагностикалау, психологиялық-педагогикалық және техникалық. Еліміздің дефектологтары осы санаттағы балаларға жалпы және кәсіптік білім беру процесіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу проблемаларын белсенді түрде шешуде.

85. Қазақстан Республикасында дамуында кемтар балаларды еңбекке орналастыру проблемасы өзекті болып қалып отыр. Еңбек бейінін таңдаудың шектеулігі, әлсіз кәсіптік даярлық түзету ұйымдарының түлектеріне еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік бермей отыр. Мемлекеттік және жеке меншік кәсіпорындар еңбекке қабілеті шектеулі адамдарды қабылдауға әрқашан мүдделі емес.

86. Осыны ескере отырып, қазіргі уақытта халықты еңбекпен қамту жөніндегі іс-шараларды іске асыру шеңберінде кәсіптік бастауыш білім бағдарламаларын қайта қарау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

87. Қабылданған шараларға қарамастан, Қазақстан Республикасында дамуында кемтар балаларды кемсітпеушілік проблемасы әзірше толық шешілмеген.

88. Сондықтан дамуында кемтар балаларға арналған арнайы білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

бұрын оқытылмайтын деп саналған балаларды оқытуды ұйымдастыру;

осы санаттағы балаларды серпінді психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік сүйемелдеу жүйесін құру;

мүмкіндігі шектеулі адамдарды ықпалдастырып оқытуды мемлекеттік қолдау, инклюзивтік оқытуды дамыту жөніндегі шараларды әзірлеу;

кемтар баланы тәрбиелеуге және жеке тұлға ретінде әлеуметтендіруге, қоғамда өз бетінше өмір сүруге дайындауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру.

89. Осы проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде:

2006 жылы республикалық бюджет есебінен Алматы және Қарағанды қалаларында әрбіреуі 250 орындық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттар салу;

көру, есту және жүріп-тұру қабілеті бұзылған балаларды қамту үшін жағдайы жоқ өңірлерде 12 түзету ұйымын ашу;

кемтар балаларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне тарту үшін 380 түзету кабинетін және инклюзивтік білім беру ұйымдарын ашу;

педагогикалық кадрларды даярлау және қайта даярлау жолымен арнайы білім беруді кадрмен қамтамасыз етуді жетілдіру.

Бала мүдделерін қорғау қағидатының басымдығы

(3-бап)

90. Балалар мүдделерін барынша қамтамасыз ету қағидаты, оны балаларға қатысты іс-шараларда алдыңғы кезекте ескеру қажеттілігі Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы", " Неке және отбасы туралы ", " Білім туралы ", " Еңбек туралы ", " Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғау туралы " кодталған және басқа заңдарда бекітіліп берілген, оларда балалар мүддесіндегі мемлекеттік саясат мемлекеттік билік органдары қызметінің басымдықты саласы болып танылады.

91. Бала мүдделерін барынша қамтамасыз ету қағидаты ата-анасының айырылуы, ата-анасының қарауынсыз қалған баланы орналастыру кезінде, бюджеттік қаражат бөлу кезінде, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде, баланы оның күтімі жөніндегі әр түрлі мекемелерге орналастыру кезінде алғашқы кезектегі тәртіппен ескеріледі.

92. Бала мүдделерін барынша қамтамасыз ету мақсатында денсаулық сақтау саласында балаларға тегін медициналық қызмет көрсету, педиатриялық қызмет жүйесі сақталған және жетілдірілуде. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы N 637 бұйрығымен амбулаториялық емдеу кезінде дәрілік заттар мен балаларға арналған және емдік тамақтандырудың мамандандырылған өнімдері рецептер бойынша тегін берілетін аурулар түрлерінің және халықтың жекелеген түрлерінің тізбесі бекітілген.

93. Ана мен бала денсаулығын қорғау қызметін жетілдіруге стратегиялық бағыт беру бастапқы медициналық-санитарлық көмекке қол жетімділікке, амбулаториялық-емханалық мекемелерді біртіндеп нығайтуға, стационарлық мекемелерді мамандандыруға, стационарлық қызметтерге мұқтаж балаларды барынша қамтамасыз етуге негізделген.

Сонымен қатар, стационарлық көмекті амбулаторлық-емханалыққа ауыстыруға шаралар жоспарланып отыр.

94. "Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 маусымдағы N 565 Заңының 11-бабына сәйкес кәмелетке толмағандардың ұрпақты болу денсаулығын қорғау құқығы, сондай-ақ адамгершілік-жыныстық тәрбиелеу көзделген.

95. Бала мүдделерін қорғаудың негізгі қағидаттары 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 98-і 21-тармақтарында айтылған.

Өмір сүру, тіршілік ету, даму құқығы
(6-бап)

96. Баланың өмір сүру, тіршілік ету және даму құқығының негізгі қағидаттары 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 122-128-тармақтарында айтылған.

97. Қазақстан Республикасында балалардың өмір сүруге құқықтарына кепілдіктерді қамтамасыз етуге және баланың тіршілік ету және дамуын барынша мүмкін болатын дәрежеде қамтамасыз етуге бағытталған жүйе қалыптастырылған. Экологиялық

қолайсыз өңірлерде тұратын балалардың өмір сүруін және дамуын қамтамасыз ету жөнінде арнайы шаралар қабылданған.

98. Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленіп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 18 қыркүйектегі N 1438 Жарлығымен бекітілді. Осы бағдарламада бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру және оған қол жетімділік мәселелеріне және ана мен баланың денсаулығын қорғауға басым көңіл бөлінген.

99. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің тізбесі тек кеңейту жағына әрбір екі жылда қайта қарауға жатады. Осыған байланысты жоғарыда аталған Тізбе алдыңғы жылдармен салыстырғанда ұрпақты болу жасындағы әйелдерді және 18 жасқа дейінгі балаларды кейіннен динамикада қадағалаумен және сауықтырумен жыл сайынғы алдын алу тексерулерді жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды енгізу есебінен кеңейтілген.

100. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасында 2004 жылдан бастап амбулаториялық деңгейдегі бір жасқа дейінгі балалар дәрілік препараттармен тегін қамтамасыз етіледі, 2005 жылдан бастап осы жас санатында анағұрлым таралған ауруларды амбулаториялық деңгейде емдеу кезінде 5 жасқа дейінгі балаларды тегін дәрілік қамтамасыз ету көзделген. 2006 жылдан бастап Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемінің тізбесіне амбулаториялық емдеу деңгейінде диспансерлік есепте (анағұрлым тараған аурулар бойынша) тұрған балаларды дәрілік қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар енгізілген. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған бала жасындағы ауруларды ықпалдастырып жүргізу стратегиясының шеңберінде Аурулар мен дәрілік заттардың тізбесі жасалды.

101. Ұрпақты болу жасындағы әйелдер арасында темір мен йод тапшылығына байланысты патологиялық жай-күйдің жоғары таралуын ескере отырып, 2005 жылдан бастап барлық жүкті әйелдер құрамында темір мен йод бар препараттармен тегін қамтамасыз етілген. Осы іс-шараны іске асыру жүкті әйелдер арасында анемиямен сырқаттануды төмендетуге мүмкіндік береді, ол түпкі нәтижесінде ана мен нәрестенің өлім-жітімі көрсеткішінің төмендеуіне әсер етеді.

102. Балаларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруда оң нәтижелерге қол жетізудің маңызды шарты "Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 1438 Жарлығын іске асыру болып табылады. Осы Жарлық шеңберінде ұсынылатын медициналық көмектің түрлері мен көлемдері (жедел жәрдем, әлеуметтік мәні бар аурулар кезіндегі медициналық көмек, қымбат тұратын көмек түрлері) сонымен қатар балаларға да белгіленген.

Балалардың көзқарастарын сыйлау
(12-бап)

103. Балалардың көзқарастарын сыйлау Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының "Баланың құқықтары туралы", "Білім туралы", "Неке және отбасы туралы" Заңдарында және бірқатар басқа заңдарда жазылған. Адамға туғаннан бері тән негізгі құқықтар мен бостандықтар шеңберінде әркімге ойлау және сөз бостандығына кепілдік беріледі.

104. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бала отбасында оның мүдделерін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өз пікірін білдіруге, сондай-ақ сот талқылауы барысында тыңдалуға құқылы. 10 жасқа толған баланың пікірін ескеру бұл оның құқықтарына қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, міндетті.

105. "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бала өз пікірін білдіруге, ар-ождан бостандығына, өзінің қоғамдық белсенділігін дамытуға құқығы бар.

106. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында балалардың білім беруді басқаруға қатысу құқығы регламенттелген.

107. Халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың (Жас көшбасшылар қауымдастығы, БҰҰ-ның ЮНИСЕФ Балалар қоры) қолдауымен республикада оқушыларды оқу және оқудан тыс процеске тарту мақсатында 2002 - 2006 жылдарға арналған Оқушылық өзін-өзі басқаруды дамыту бағдарламасы әзірленді.

108. Оқушылық өзін-өзі басқаруды дамыту, балалардың Мектеп кеңесіне қатысуы оларға өздеріне қатысты мәселелерді шешуде белсенді әсер етуге және оларға қатысуға мүмкіндік береді.

109. Осы бағдарлама шеңберінде Қазақстанның 4 қаласының: 17 мектебінен 850 оқушыға сауалнама жүргізілді: Алматы, Семей, Қостанай және Тараз. Зерттеу нәтижесінде олардың мектепте оқуына, демалуына, дауыс беру құқығын іске асыруға және шешім қабылдауға қатысуға, ересектер мен құрдастарының өзара қарым-қатынастарына байланысты проблемалар балалар үшін аса маңызды проблемалар болып қалғандығы анықталды.

110. 2003 жылғы сәуір-мамырда Қазақстанның 1000 мектеп оқушылары, оқытушылар мен ата-аналар арасында олардың Теміртау, Семей, Шымкент, Степногор, Талғар, Алматы, Орал, Ақтөбе қалаларындағы оқушылық өзін-өзі басқару мәселелеріне көзқарасын анықтау үшін анкеталау жүргізілді.

111. 2005 жылға қарай жобаға республиканың 16 пилоттық мектебі қатысты.

112. Осы жоба шеңберінде 3000 буклет әзірленді әрі шығарылды, "Хабарда" "Педкенес" арнайы бағдарламасында телехабар ұйымдастырылды, бейнефильм шығарылды.

113. Конвенцияда (12, 13, 31-баптар) қатысушы мемлекеттер балалардың мәдени, шығармашылық, қоғамдық өмірге қатысу және жас азаматтар үшін өмірлік маңызы бар шешімдерді қабылдау құқығын мойындайды.

114. Баланың пікірі, оның қажеттіліктері мен мүдделері қосымша білім беру пәнін айқындау, мектептен тыс қызметті, балалар қоғамдық қозғалысын ұйымдастыру кезінде ескеріледі. Балалардың балалар және жастар телехабарларында, балалардың және жастардың қоғамдық бірлестіктері арқылы өз пікірін таныту мүмкіндігі бар.

115. Жас журналистердің кәсіби қалыптасуына, кәсіптік алмасу ортасын құру мақсатында 2005 жылғы ақпанда "Балдәурен" республикалық оқыту-сауықтыру орталығы жас тілші ауысымының шеңберінде "Еуразия шеңбері" III Жастар Ақпараттық форумы өтті, оған Қазақстанның 300 жас журналисі қатысты. Шығармашылық конкурсқа Қазақстанның барлық облыстарынан, Ресей Федерациясынан, Қырғызстаннан, Беларусиядан, Қытай Халық Республикасынан, Вьетнамнан, Индонезиядан және Мароккодан 400-ден астам жұмыс келіп түсті.

Форумның жұмысына бас журналистер, сондай-ақ тек Қазақстанның ғана емес, Қырғызстанның, Беларусияның, Украинаның, Эстонияның, (өзбекстанның, Түркіменстанның журналдарының атақты редакторлары, теледидар жобаларының авторлары қатысты. Форумды өткізу жаңа қызықты мектеп БАҚ-ын құруға қабілетті балалардың дүниетанымын айтарлықтай кеңейтуге ықпал етті.

116. Балалардың олардың проблемаларын шешуде уақтылы көмек көрсету, балаларды құқықтық қорғау мәселелеріндегі істің жай-күйі туралы, олардың өздерінің құқықтары туралы хабардар болу дәрежесі туралы ақпаратты жинау және талдау, бала құқықтары туралы материалдарды тарату мақсатында 2004 жылғы сәуірден бастап республикада балалар қоғамдық қабылдау бөлмелері ашылды. Тек 2005 жылы ғана Астана қаласындағы республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесіне балалар мен ересектерден балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша мыңдаған қоңырау келіп түсті.

117. Қазақстан Республикасында балалармен жұмыс істейтін мамандарды (педагогтар, ішкі істер органдарының қызметкерлері, әлеуметтік және медициналық қызметшілер) кәсіптік даярлау Конвенция, сондай-ақ балалардың құқықтары бекітіліп берілген Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін зерделеуді қамтиды. Мұндағы айтарлықтай көмекті халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар көрсетеді.

118. Осы баптың негізгі қағидаттары 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 129-133, 142-146-тармақтарында баяндалған.

V. Азаматтық құқықтар мен бостандықтар

119. Қазақстанның тәуелсіздік алуы ел өміріндегі жаңа басымдықтарды айқындап берді, олардың арасында - адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету. Бүгінгі күні Қазақстан адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға қосылды, осымен өзінің адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарының мызғымастығына кепілдік беретін құқықтық, демократиялық және зайырлы мемлекетті құру жолымен қозғалу ниетін растай түсті.

120. Адам құқықтары, оның ішінде азаматтық құқықтар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес танылады және кепілдендіріледі. Балалардың азаматтық құқықтары мен бостандықтарына қатысты конституциялық нормалар Қазақстан Республикасының тиісті заңнамалық кесімдерінде өз дамуын тапты.

121. Қазақстан Республикасында азаматтық құқықтарды қорғауды сот, төрелік сот және аралық сот: құқықтарды тану; құқығы бұзылғанға дейінгі жағдайын қалпына келтіру; құқықты немесе оны бұзу қаупін тудыратын іс-әрекеттердің жолын кесу жолымен жүзеге асырады.

Аты-жөні, ұлты және азаматтығы

(7-бап)

122. Қазақстан Республикасының азаматтығы Қазақстан Республикасының конституциясымен, " Қазақстан Республикасындағы азаматтық туралы " Заңымен, сондай-ақ елдің басқа да заңнамалық кесімдерімен регламенттеледі.

123. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын куәлігі немесе төлқұжаты Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат болып табылады. 16 жасқа дейінгі балалардың азаматтығы олардың тууы туралы куәлігімен, ата-анасының кез келгенінің төлқұжатымен расталады.

124. Қазақстан Республикасының аумағындағы ата-анасының екеуі де белгісіз бала Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

125. Ата-анасының біреуі бала туған сәтте Қазақстан Республикасының азаматтығында болған, ал екіншісінің азаматтығы болмаған немесе оның азаматтығы белгісіз болған бала туған жеріне қарамастан Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады.

126. Баланың тууын тіркеу, оның атын, әкесінің атын, тегін белгілеу, оның ішінде асырап алынған балаларға, шетелдік азаматтардың, азаматтығы жоқ адамдардың балаларына қатысты рәсімі, Қазақстан Республикасының " Неке және отбасы туралы " Қазақстан Республикасының Заңында бекітіліп берілген.

127. Баланың атына, ұлтына және азаматтығына құқықтары "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 135-140-тармақтарында айтылған.

Даралықты сақтау

(8-бап)

128. Азаматтығын, атын және отбасылық қатынастарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасында баланың өз даралығын сақтауға құқығы Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы", "Қазақстан Республикасындағы азаматтық туралы", "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Заңдарында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Азаматтық кодекстерінде көзделген. Баланың даралығына және оның сақталуына құқығы 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 214-229-тармақтарында нақты айтылған.

Пікір білдіру бостандығы

(13-бап)

129. Конвенцияның осы бабының нормасы "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында имплементацияланған "Әрбір баланың сөз және өз пікірін білдіруге құқығы бар...".

130. Балалар өз пікірін білдіру үшін конференцияларға, викториналарға, құқықтық лекторилерге, іскерлік ойындарға, клубтарға, дөңгелек үстелдерге және форумдарға қатысады.

131. Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен әлеуметтік әріптестік шеңберінде ұйымдастырылған "Дебаттар" инновациялық бағдарламасын енгізу республикадағы балалардың өз пікірін білдірудің жаңа нысаны болды. 2003 жылдан бастап республиканың 16 өңіріндегі 13 мың бала осы бағдарламаға қатысушылар болды. Әр түрлі деңгейдегі дебаттарды өткізу балаларға ақпарат іздеуге және белгілі бір проблема бойынша материалдарды зерделеуге, сындық ой-сананы, өз бетімен білім алуға қажеттіліктерін қалыптастыруға көмектеседі.

132. Баланың өз пікірін білдіруге құқығы 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 129-132, 142-тармақтарында, сондай-ақ осы баяндаманың "Балалардың көзқарасын құрметтеу" бөлімінде айтылған.

Ой, ар-ождан және дін бостандығы

(14-бап)

133. Қазақстан Республикасында діни сала бірқатар заңнамалық кесімдермен: Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының азаматтық кодексімен, "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, басқа да нормативтік құқықтық кесімдермен реттеледі.

134. Әр түрлі конфессиялардың бейбіт өмір сүруі үшін қажетті құқықтық және ұйымдастыру шарттары жасалған, конфессияаралық қатынастарды үлестіруге бағытталған бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптастырылған.

135. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекіте отырып, адамның дінге сену бостандығына құқықтарын сақтау мәселелеріне тұрақты көңіл бөледі. 2003 жылы Астана қаласында

өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірінші съезі мемлекеттің әр түрлі мәдениет пен өркениет диалогын дамытудағы қызметінің, жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға сәйкес адамның дінге сену бостандығына құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің айқын мысалы болып табылады.

136. Қазақстан Республикасының Конституциясымен әрбір азаматқа ар-ождан бостандығына кепілдік берілген.

137. Ар-ождан және дінге сену бостандығына құқықтарын жүзеге асыруға кедергі келтіргені үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 149-бабында қылмыстық жауапкершілік көзделген.

138. "Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 10 ақпандағы N 332 Жарлығын және "Дінтану негіздері" курсы енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығын орындау үшін жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сыныптарында 2003-2004 оқу жылынан бастап "Дінтану негіздері" факультативтік курсы енгізілген.

139. Жоғары сынып оқушыларын қоғамдық құбылыс ретінде дінмен таныстыру, сондай-ақ ислам, христиан және буддизм туралы түсінікті қалыптастыру осы пәнді оқытудың негізгі міндеті болып табылады.

140. Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында оқушыларға "Дүниежүзілік тарих", "Адам және қоғам" міндетті пәндерінің шеңберінде әлемдік діндер туралы нақты ақпарат беріледі.

141. Бастауыш және орта кәсіптік білім берудің қолданыстағы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарында дін тарихын оқыту жалпы білім беру және әлеуметтік-экономикалық пәндердің жекелеген тақырыптары бойынша жүзеге асырылады.

142. Қазақстан Республикасының әрбір азаматының ар-ождан және дін бостандығына құқығы 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 143-146-тармақтарында жазылған.

Қауымдастықтар мен бейбіт жиналыстар бостандығы
(15-бап)

143. Қазақстан Республикасының азаматтарына бірігу, қоғамдық ұйымдар құру, олардың қызметі, оларды қайта ұйымдастыру немесе тарату құқығы кепілдендірілген.

144. Қазақстан Республикасында әрбір баланың Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдардың басқа да нысандарына және бейбіт жиналыстарға өз еркімен қатысуға құқығы бар.

145. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары балалардың тұлғасын, олардың шығармашылық дарынын, әлеуметтік белсенділігін дамытуды өз мақсаты етіп қойған қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдеседі.

146. Балалардың пікірі балалар және жастар бірлестіктерінің отырыстарында, балалар ұйымдарының белсенділерінің жиындарында, балалар қозғалысы көшбасшыларының конференциялары мен дөңгелек үстелдерінде талқыланады, содан кейін олар біртұтас құжатқа біріктіріледі.

147. 2004 жылғы тамызда Қазақстан Республикасында Ақмола облысы әкімінің қолдауымен Қазақстанның барлық өңірлерінен, сондай-ақ Ресей Федерациясы мен Қырғызстаннан 345 баланың қатысуымен "XXI ғасыр балалары: уақыт пен өзім туралы диалог" халықаралық саммиті өткізілді, мұнда балалардың әлеуметтік бастамаларын дамыту мәселесіне маңызды көңіл бөлінді.

148. Ерекше әлеуметтік институт ретінде танылатын қазіргі заманғы балалар және жастар қоғамдық бірлестіктерін қолдау мақсатында 2004 жылғы 7 шілдеде "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды.

149. Бүгінгі таңда республикада 200-ден астам балалар мен жастар бірлестіктері мен ұйымдары жұмыс істейді. Мысалы, Астана қаласында жоғары сынып оқушылары мен студенттер "Астана қаласының жастар парламенті" қоғамдық бірлестігін құрды. Балалар мен жастардың азаматтық белсенділігін дамытуға Павлодар қаласында құрылған "Біз - Еуразия балаларымыз", Ақтау қаласындағы - "Қазақстанның болашағы үшін" қоғамдық бірлестіктері ықпал етеді.

150. 2005 жылғы қазанда Жамбыл облысында Федеративтік Германия Республикасынан "Югенпрессклуб" журналистерінің қатысуымен "Қазақстандағы әлеуметтік бағдарланған жастар саясаты" халықаралық семинары өткізілді. Семинар уақытында балалар және жастар қоғамдық ұйымдарының, жоғары оқу орындары мен колледждер жанындағы жастар істері жөніндегі комитеттердің өкілдерімен, ұлттық мәдениет орталықтарының жас өкілдерімен кездесулер өткізілді.

151. Конвенцияның "Қауымдастықтар мен бейбіт жиналыстар бостандығы" 15-бабының нормасы 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 147-150-тармақтарында жазылған.

Жеке өмірді қорғау

(16-бап)

152. Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да заңнамалық кесімдерге сәйкес әрбір адамның жеке өміріне қол сұқпау құқығы бар.

153. Бала құқықтарын қорғау мақсатында республикада өмірде қиын жағдайға душар болған балаларға уақтылы көмек көрсету жөніндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдар, волонтерлік қозғалыс қызметінің белсенділігі арта түсті. Қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды анықтау жөніндегі рейдтер тұрақты жүргізіліп тұрады. Жыл сайын республикада 10 мыңға жуық осындай балалар

анықталады. Мемлекеттік органдар олардың одан арғы тағдырын белгілеу: отбасына оралу, интернат мекемесіне орналастыру жөнінде шаралар қабылдайды.

154. Баланы, оның ішінде жетім баланың тұрғын үйін сақтап қалуға құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелген.

155. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес баланың меншік құқығында оған тиесілі мүлікке иелік етуге құқығы бар. Осы норма Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 22 және 23-баптарында қамтамасыз етілген.

156. Осы Заңда баланың тұрғын үй-жайға құқығы немесе тұрғын үй-жайды пайдалануға құқығы айқындалған.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 114-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың (қорғаншылық және қамқоршылық органдарының) алдын ала келісімінсіз қорғауындағы адамға тиесілі заң бойынша мұрасынан бас тартуға әкелетін қорғауындағы адамның мүлкін иеліктен шығару, айырбастау немесе сыйға тарту жөніндегі мәмілелерді, сондай-ақ қорғауындағы адамның мүлкін азайтуға әкелетін кез келген басқа да мәмілелерді жасауға ешкім де құқылы емес.

157. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады және тұрғын үйді заңсыз иеліктен шығару фактілерінің жолын кесу жөніндегі шараларды қабылдайды. Мұндай жағдайлар Алматы қаласында, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Ақтөбе облыстарында және республиканың басқа өңірлерінде орын алған. Барлығы 2003 жылдан 2005 жылға дейін сотқа тұрғын үйді қайтару жөнінде 112 талап-арыз берілген.

158. Мемлекеттік балалар мекемелеріне тәрбиелеуге орналастырылған балаларға тұрғын үй алаңын сақтап қалуды көздейтін тұрғын үй заңнамасының нормаларын ескере отырып, ол қорғаншы туысқандарына қатысты әрқашан қолданыла бермейді. Балалар үйлері мен жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін балалардың 13 мыңнан астамының қазіргі уақытта тек 3 мыңға жуық баласы ғана бекітіліп берілген тұрғын үйге ие.

159. Осы проблеманы шешу үшін республикада жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан білім беру ұйымдарының түлектері үшін 23 жасөспірімдер үйі ашылған, оларда 17-ден 23 жасқа дейінгі жастағы 1000 түлек тұрады. Есепті кезеңде осы санаттағы балалар үшін 129 пәтер бөлінген, сотқа талап-арыз бойынша 32 пәтер қайтарылған, бекітіліп берілген тұрғын үйіне 517 бала оралған.

160. Конвенцияның "Жеке өмірді қорғау" 16-бабының нормалары 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 151-152-тармақтарында жазылған.

Тиісті ақпаратқа қол жеткізу

(17-бап)

161. Мектептерді одан әрі компьютерлендіру, оларды Интернетке қосу және телефон жүргізу жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде. Қазір республика бойынша орта есеппен 32 оқушыға 1 компьютерден келеді, ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш 29 оқушыны, кәсіптік бастауыш білім беру ұйымдарында 23 оқушыны, кәсіптік орта білім беру ұйымдарында 23 оқушыны құрайды.

162. Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауындағы міндеттерді ескере отырып, 2007 жылға қарай компьютерлік техникалық жарақтандырылуды 20 оқушыға бір компьютер есебіне жеткізу жоспарланып отыр.

163. Интернетті оқу-тәрбиелеу процесінде пайдалану мүмкіндігіне 87 пайызға жуық мектептер, ал ауылдық жерлерде - 84 пайызға дерлігі ие. 90,8 пайыздан астам мектепке, оның ішінде 88,6% ауылдық мектептерге телефон жүргізілген.

164. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының информатика негіздерін ертеден зерделеу және жалпы білім беретін мектептер мен мектепке дейінгі ұйымдарды компьютерлендіру туралы ережелерін ескере отырып, қазіргі уақытта жаңа технологияларды және қазақ, орыс және Қазақстан халықтарының басқа тілдеріндегі компьютерлік бағдарламалардың мазмұнын әзірлеу және енгізу жөніндегі ғылыми-әдістемелік база айқындалуда және нығайтылуда.

165. Қазіргі уақытта оқу пәндерінің 25 пайызы компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Электронды оқулықтар мен мультимедиялық білім бағдарламаларын әзірлеу жалғасуда.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындаудың және шығарудың нысаналы бағдарламасына сәйкес отандық оқулықтар әзірленген және оқу процесіне кезең-кезеңмен енгізілуде. 2005-2006 оқу жылында оқу процесіне 9-сынып оқушыларына арналған оқулықтар енгізілген және 5-сынып оқушыларына арналған оқулықтар қайта шығарылған.

166. "Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы N 173 қаулысына сәйкес интернат ұйымдарының тәрбиеленушілері, жетім балалар, аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балалары оқулықтармен тегін қамтамасыз етіледі.

167. Оқулықтардың сапасын арттыру және бәсекелі ортаны дамыту мақсатында 2004 жылы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру енгізілді, ол білім беру ұйымдарының (мектеп мұғалімдерінің) оқу әдебиетін таңдау мүмкіндігін жасауды, оқу процесіне баламалы оқулықтарды енгізуді көздейді.

168. Оқу әдебиетін сапалы сараптамадан өткізуді және мониторингілеуді ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 405 қаулысымен "Оқулық" республикалық ғылыми-практикалық орталығы құрылды.

169. Республикалық бюджетте 2005 жылы оқулықтардың және оқу-әдістемелік кешендердің сарапшыларының жұмысына ақы төлеу үшін бірінші рет қаржы қаражаты көзделді.

170. Оқу әдебиетін жасау жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында "Қазақстан Республикасында білім беру ұйымдарына арналған оқу әдебиетін әзірлеу жөніндегі ұсынымдар" (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 6 мамырдағы N 284 бұйрығы) және "Оқу әдебиетін сарапшылардың дерекқорын қалыптастыру ережесі" әзірленді және бекітілді (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 15 маусымдағы N 409 бұйрығы).

171. Оқулықтардың және оқу-әдістемелік кешендердің сапасын жақсарту үшін 2005 жылы: "Жаңа ұрпақ оқулықтарының сапасын арттыру жолдары білім беру ұйымдарының оқу әдебиетін таңдау мүмкіндігін жасау" республикалық семинары, "Оқу кітабын шығару саласындағы ынтымақтастық (Қазақстан, Ресей, Қырғызстан): білім берудің барлық деңгейлеріне арналған оқу әдебиетін әзірлеу, сараптамадан өткізу және шығару" халықаралық семинары, "Ресей мен Қазақстанның оқу кітабын шығаруы: математика оқулықтары мен ОӘК-ні бірлесіп әзірлеу, олардың сапасына сараптама жасау" халықаралық семинары өткізілді. Осы мәжілістерде оқулықтардың авторларымен, педагогикалық қызметкерлермен, кітап шығарушылармен бірлесіп, оқу кітабын шығару саласындағы проблемалық мәселелер талқыланды.

172. Қазақстан Республикасында балалар кітаптарын қоса алғанда, балаларды баспа ақпаратымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданды. Мектепалды білім беру процесінің сапасын арттыру және мектепке дейінгі жастағы балаларды балалар кітаптарымен қамтамасыз ету мақсатында 2003 жылы 82 атаудан тұратын 19 жаңа оқу-әдістемелік кешен әзірленді және мектепалды сыныптар мен топтардың оқу-тәрбиелеу процесіне енгізілді.

173. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2005 жылғы желтоқсанда "Сәбилерге - туған ел шуағы" (Страна - дошкольному детству) Республикалық акциясын жариялады. Акцияға "Шыққұла", "Алматыкітап", "Аруна", "Арман-ПВ", "Атамда" баспалары белсенді қатысты, олар мектепке дейінгі ұйымдарға 1,5 млн. теңгеден астам сомаға балалар әдебиетін жіберді.

174. Балалардың тиісті ақпаратқа қол жеткізуі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүргізілетін Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

175. Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырыс шеңберінде "Хабар", "Ел арна", "Қазақстан", "31-арна", "NS радиосы", "ТАҢ", "

Арай-плюс", "Астана қаласының теледидары", "Sarat - болжам", "Рахат ТД", "Алва ТД", "КТК 7" арналарында және "Қазақ радиосында" "Заң ғана", "Третьего не дано", "Азамат", "Топ малыш", "Лидер ХХІ века", "ХХІ ғасыр көшбасшысы", "Сказки дядюшки Баю", "В гостях у Тофика", "Территория трафика", "Екінші сынып", "Алтын қақпа", "Кодекс", "Алтын сақа", "Алтын айдар", "Желтоқсан, 177: территория права", "Желтоқсан, 177: әділет арнасы", "Детская площадка", "Сиқырлы айна", "Ғажайып ғаламшар", "Образование: проблемы и перспективы", "Кешкі ертегі", "Собеседник", "Оян қазақ", "Керек кәсіп", "Атажұрт", "Планета детей", "Балауса", "Паритет", "Бетпе-бет" "Парасат", "Бес асыл", "Өнерпаз болсаң", "Тағдырлар", "Қазақстан жастары", "На грани", "Жастар", "Дода", "Отбасы", "Елтаным", "Адам және Заң", "Ана тілі", "Тағылым", "Балғын", "Қоғамдық қабылдау", "Интеллектуальные олимпиады", "Дочки-сыночки" және басқа мамандандырылған білім беру-танымдық, құқықтық, жастар және балалар бағдарламалары тұрақты шығып тұрады.

176. Балалар тақырыбы бойынша: "Лидер", "Әнші балапан", "Дружные ребята", "Ұлан", "Teenager", "Ералаш", "Бегемот", "Ақ желкен", "Балдырған", "Көгершін", "Мир детства", "Балапан", "Верблюжонок-Ботақаным", "Отбасы және балабақша-Семья и детский сад", "Сказки старого сундука", "Цветик-семицветик", "Айгөлек", "Планета детства", "Балбұлақ", "Мөлдір бұлақ", "Балғын", "Мектеп әлемі", "Лицеист", "Зеленое яблоко", "Школьные вести", "Вместе", "Балбөбек", "Детский парк", "Балжұмбақ", "Болажон", "Қошақан", "Жеткіншек", "Жамбыл өрендері" сияқты өңірлік басылымдар белсенді жұмыс істейді.

177. Баланың тиісті ақпаратқа қол жеткізу құқықтары 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 153-158-тармақтарында жазылған.

Азаптауға немесе қарым-қатынастың немесе жазалаудың

басқа да қатыгез, адамға тән емес немесе абыройды

қорлайтын түрлеріне ұшырамау құқығы

(37 баптың а) тармақшасы)

178. Конвенцияның осы бабының ережелері қазақстандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларында өз бейнесін тапты. Атап айтқанда, кәмелетке толмағандарды азаптауды және өзге де процеске қатысушылардың барлығына, оның ішінде кәмелетке толмаған күдіктілерге, айыпталушыларға, жәбірленушілерге және куәларға қатысты тергеуді жүргізудің жол берілмейтін әдістерін қолданудан қылмыстық-құқықтық қорғау бар.

179. Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі қылмыстық іс жүргізудің қатысушысы болған балаларды азаптаудан және өзге де теріс іс-әрекеттерден қорғаудың белгілі бір жүйесін жасайды.

Баланы қорғаудың қосымша кепілдіктері тергеу іс-әрекеттерін жүргізген кезде қорғаушының, заңды өкілдің және педагогтың қатысуы, міндетті алдын ала тергеу, бас

бостандығынан айыру орындарында ересектерден бөлек орналастыру, туыстарын баланы ұстау туралы дереу хабардар ету болып табылады.

180. 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия "Қазақстан Республикасында адам мен азамат құқықтарының сақталуы туралы" баяндама дайындады, оның бөлімдерінің бірінде алдын ала тергеу және анықтау барысында адам мен азамат құқықтарының сақталуына талдау жасалған, құқық қорғау органдарының азаматтардың қылмыс туралы өтініштері мен хабарларын есепке алудың және тіркеудің толықтығын қамтамасыз ету және олар бойынша заңды шешімдер қабылдау жөніндегі ведомствоішілік жұмысын жетілдіру жөнінде ұсынымдар берілген.

181. 2005 жылы "Сандж зерттеулер орталығы" қоғамдық бірлестігі Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті өкілінің аппаратымен, сондай-ақ Ішкі істер, Әділет министрліктерімен бірлесіп, республикадағы ювенальды әділетті сипаттайтын көрсеткіштер жүйесіне талдау жүргізді, ол ұстау, тұтқындау және жауап алу кезінде қорқыту, қол көтеру, балаларды жеткіліксіз тамақтандыру оқиғалары орын алғанын көрсетті.

182. Осыған байланысты республикада кәмелетке толмаған қылмыс жасауға күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстаудың тәртібі мен шарттарын регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдер ізгілік жағына қарай қайта қаралды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 889 қаулысына сәйкес тамақтандырудың жоғарылатылған нормасы белгіленді, тергеу мен анықтауды жүргізуді соттың және прокурордың қадағалауы күшейтілді. Билікті асыра және теріс пайдаланғаны үшін ішкі істер органдарының 185 қызметкері қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

183. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны, балаларға қатігездікпен қарау фактілері үшін айыпты тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Соңғы үш жыл ішінде осы бап бойынша 298 ата-ана қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

184. Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2005 жылғы наурызда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы "Кәмелетке толмағандар туралы заңнаманың қолданылуын прокурорлық қадағалау туралы" бұйрық шығарды. Бұл бұйрықпен кәмелетке толмағандар туралы заңнаманың қолданылуын қадағалауды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіру кәмелетке толмағандар туралы заңдардың қолданылуын қадағалау жөніндегі топқа жүктелді. Республиканың әр өңірінде кәмелетке толмағандарға қатысты заңнама нормаларының қолданылуын қадағалау прокурордың аға көмекшісіне жүктелген.

185. 2003 - 2005 жылдар аралығында республикада уақытша ұстау орындары мен пенитенциарлық мекемелердің персоналын оқытудың және даярлаудың тиімді жүйесі мақсатында 23 семинар, 10 қысқа мерзімді біліктілікті жоғарылату курстары өткізілді, ұсталған не қамалған тұлғалармен қарым-қатынас жасау стандарттарын айқындайтын Қазақстан Республикасы заңдарының және Қазақстан Республикасы мойындаған халықаралық құқықтық кесімдердің негізгі ережелерін қамтитын кітапшалар, буклеттер дайындалды және шығарылды.

186. Түзеу мекемелеріндегі балалармен жұмыс істейтін мекемелердің, қызметтер мен органдардың қызметкерлеріне практикалық көмек көрсету үшін адам құқықтары саласында білім беру мазмұнындағы әдебиеті бар кітапханалар бар.

187. 2003 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясы "Әлеуметтік-психологиялық көмек ғылыми-практикалық орталығы" үкіметтік емес қоғамдық ұйымымен бірлесіп, балалардың зорлық-зомбылықсыз мінез-құлқы мен олардың зорлыққа қатынасы жөнінде зерттеу жүргізді. Бұл зерттеуге республиканың 8 өңірінен 12 - 18 жас аралығындағы балалар, ата-аналар, мұғалімдер, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлар қатысты. Осы зерттеулерді талдау көрсеткендей, құрдастары мен ересектер тарапынан заңға қайшы іс-қимыл: қорлау, бопсалау, ұрып-соғу орын алып отыр. Мұндай жағдайдың негізгі себептері өзара түсіністік пен ересектер тарапынан қамқорлықтың болмауы, жас адамның стрестермен күресуге қабілетсіздігі, өмір дағдысының, оның ішінде құрдастарымен және ересектермен араласу дағдысының болмауы болып табылады.

188. Ынтымақтастық психологиясы мен педагогикасының тиімді жүйесін қалыптастыру үшін балалардың мүдделерін қорғау мақсатында Білім және ғылым министрлігінің жанынан Республикалық қоғамдық ата-аналар кеңесі құрылды, Қазақстан Республикасында білім беру ұйымдарында тәрбиелеудің 2006 - 2011 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы бекітілді, ата-аналардың мектепке деген оң көзқарасын қалыптастыру жөніндегі "Жүректен жүрекке" ұсынымдары әзірленді. Балалардың жауапкершілік мінез-құлқының өмір дағдысын қалыптастыру үшін, олардың денсаулығын сақтау үшін үкіметтік емес қоғамдық ұйымдарды қолдау кезінде білім беру ұйымдары "Тең - теңіне" қағидаты бойынша интерактивті тренингтік бағдарламаларды енгізуде.

189. Азаптауға немесе қарым-қатынастың немесе жазалаудың басқа да қатыгез, адамға тән емес немесе абыройды қорлайтын түрлеріне ұшырамау құқығы 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 159-162-тармақтарында көрсетілген.

VI. Отбасылық орта және баламалы күтім

Ата-аналардың баланы басқару құқығы

(5-бап)

190. Балаларды тәрбиелеу және қорғау жөніндегі негізгі міндет пен құқық отбасы мен ата-аналардың мойнында. Ата-аналардың баланы басқару құқығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында (" Неке және отбасы туралы ", " Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", " Білім туралы " Қазақстан Республикасының Заңдары және басқалары) бекітілген. Бұл туралы егжей-тегжейлі ақпарат 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 163-169-тармақтарында қамтылған.

191. Мемлекеттік органдар қызметінің бір бағыты халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен өмірде қиын жағдайға душар болған балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

192. Жергілікті атқарушы органдар Қазақстанның Дағдарыс орталықтары одағымен бірлесіп, республикада отбасы проблемаларының алдын алу және оларға уақтылы ден қою арқылы балаларды қорғау мәселелері бойынша әлеуметтік инфрақұрылым жасау жөнінде жұмыс жүргізуде. Бұл бағыттағы жұмыс тиімді болуы үшін көрсетілетін қызметтердің сапасын айқындау мақсатында халықаралық ЮНИСЕФ сарапшыларын тарта отырып, әлеуметтік қызметтердің стандарттарын әзірленуде, 2005 жылғы қарашадан бастап республикада "Бала құқығын қорғау - мемлекеттің жаңа стратегиясы " жобасын іске асыру басталды.

193. Республикада отбасының барлық мүшелерімен жұмыс жөніндегі кешенді психологиялық, педагогикалық, заңдық, білім беру және түзеу бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы мүшелері дағдарысты жағдайға ұшыраған отбасыларға бағдарланған әлеуметтік қызметтер көрсету жөнінде шаралар қабылданып жатыр. Қазіргі уақытта республиканың 12 жоғары оқу орнында 050905 "Әлеуметтік жұмыс" мамандығы бойынша 967 студент даярлануда. Әлеуметтік қызметкерлер мен психологтарды даярлау бағдарламаларында арнайы "Балаларды әлеуметтік қорғау" курстары көзделген.

194. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында отбасыға және балаларға консультациялық көмек қызметінің әр қилы модельдері әзірленуде. Республиканың барлық өңірлерінде мүгедек балалары бар отбасылар үшін әлеуметтік қызмет желілері құрылған.

195. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитетінің 2003 жылғы 21 ақпандағы N 65 бұйрығымен "Халыққа әлеуметтік қызмет көрсету. Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету. Қызметтер көлемі" мемлекеттік стандарты бекітілді.

196. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының шеңберінде балалардың дамуындағы ауытқуларды ерте анықтаудың және оларға арнайы көмек көрсетудің мемлекеттік жүйесін құру жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр. Бұл үшін бір республикалық және 58 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар

ашылды және ойдағыдай жұмыс істеуде, олардың әрқайсысы туғаннан кәмелетке толғанға дейінгі 60 мың балаға есептелген.

197. Психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік көмекке мұқтаж балаларды уақтылы түзеу-педагогикалық қолдау үшін жергілікті атқарушы органдар 2003 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептердің жанынан 13 оңалту орталығын, 103 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинетін, 114 логопедтік пункт ашты, бұларда балалардың ата-аналарына да консультациялық көмек көрсетіледі. Балалардың дамуы және әрбір баланың дамушы қабілеттері туралы білім мен ақпаратты ата-аналарға педагогтар, психологтар, оның ішінде мектеп дәрігерлері, әлеуметтік қызметкерлер жеткізеді. Әлеуметтік, педагогикалық, медициналық және басқа да мекемелердің отбасымен әр түрлі даму сатысында жұмыс істеуінің арнайы нысандары мен әдістері дамытылуда.

Ата-аналардың жауапкершілігі

(18-баптың 1-2-тармақтары)

198. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар балаларды тәрбиелеу және дамыту үшін жауапты болады. Бұл мәселе бойынша егжей-тегжейлі ақпарат 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 170-174-тармақтарында қамтылған.

199. Конвенцияны орындай отырып, Қазақстан отбасының бала тәрбиесіндегі түйінді рөлін мойындайды және отбасының өз функцияларын орындауы үшін қолда бар ресурстар шеңберінде неғұрлым қолайлы жағдай жасауға ұмтылады. Бұл ретте балалы отбасыларға төленетін төлемдердің мөлшері, балаларды әр қилы дамытушы қызметтермен және қараумен қамту ұлғайып келеді.

200. Мүгедек балаларды үйде оқытуда оқу-тәрбие ұйымдарының ата-аналарға көмек көрсетуі мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 974 бұйрығы шығарылды.

201. Сонымен қатар, республикада жекелеген ата-аналардың бала тәрбиесі үшін жауапкершілігінің төмендеу фактілері орын алып отыр. Мысалы, 2003 - 2005 жылдары кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны үшін 15768 ата-ана мен оларды алмастырушы тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 4220 ата-ана сот тәртібімен ата-ана құқығынан айырылды.

202. Тек 2005 жылдың өзінде республиканың ішкі істер органдарында 12 мыңнан астам тұрмысы қолайсыз отбасы есепте болды, 1 мыңнан астам ата-ана сот тәртібімен ата-құқығынан айырылды, 680 ата-анаға баланы алып қою сияқты мәжбүрлі шара қолданылды. 2 мыңнан астам ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

203. Республикада отбасыдағы жайсыздықты ерте анықтау мақсатында республикалық және өңірлік деңгейлерде кешенді шаралар қабылданып жатыр. Есепті кезеңде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі отбасы мен балаларға әлеуметтік қызмет көрсетудің 16 орталығын, теріс құбылыстарға бейім ассоциалдық

отбасыларға көмек көрсету үшін үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың қолдауымен 16 психологиялық-педагогикалық орталық ашты.

204. Республиканың білім беру ұйымдарында отбасылық тәрбие мәртебесін арттыру үшін "Жылдың үздік отбасысы" конкурсын өткізу дәстүрге айналды, ата-аналар арасынан "Отбасылық кездесу" клубтары құрылды.

205. 2003 жылғы сәуірде Алматы қаласында "Мектеп және отбасы: өзара іс-қимыл проблемалары және оларды шешу жолдары" халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өткізілді.

206. 2004 - 2005 жылдары республиканың барлық өңірінде "Жеке тұлғаны қалыптастырудағы отбасы мен мектептің рөлі", "Жеке тұлға тәрбиесіндегі ата-аналардың жауапкершілігін арттыру", "Отбасыдағы адамгершілік тәрбие" тақырыптарына облыстық, аудандық, қалалық ата-аналар жиналыстары, конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізілді, бұларға шамамен 100 мың ата-ана, білім беру, денсаулық сақтау, халықтық әлеуметтік қорғау органдарының, құқық қорғау органдарының, ЖҚТБ, СӨС орталықтарының және басқа да мүдделі ұйымдардың өкілдері қатысты. Бұл іс-шараларда бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық даярлығы, тұрмысы қолайсыз отбасыларға, өмірде қиын жағдайға душар болған отбасыларға көмек көрсету мәселелері кеңінен талқыланды.

207. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің республикалық басшы және ғалым-педагог кадрларының біліктілігін арттыру институты қазіргі уақытта "Жеке тұлғаны қалыптастыруда тәрбие субъектілерінің өзара іс-қимылы" тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жүргізуде, ата-аналарға бала тәрбиесі бойынша көмек көрсету үшін әдістемелік құрал әзірлеуде, республиканың қоғамдық Ата-аналар кеңестерінің өкілдері үшін оқыту семинарын, сондай-ақ мектептің ата-аналар қоғамымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру мәселелері бойынша курстық іс-шаралар өткізуді жоспарлап отыр. Біліктілікті жоғарылату курстарында педагог қызметкерлердің әр түрлі санаттары үшін ата-аналармен жұмыс мәселелері бойынша міндетті дәрістер оқу көзделген.

208. Жұмыс тәжірибесін қорыту және тарату мақсатында Ата-аналардың үздік қоғамдық ұйымдары туралы республикалық дерекқор жасалды, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ата-аналар қоғамымен педагогикалық өзара іс-қимыл туралы WEB-сайт парағын ашты.

Ата-аналарынан айыру

(9-бап)

209. Республикада балаларды ата-анасынан айыру мәселелері Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық атқару

кодекстерінде, "Неке және отбасы туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында, және басқа да нормативтік құқықтық кесімдерде айқындалған.

210. Балаларды ата-анасынан айыру мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 175-187-тармақтарында және осы баяндаманың "Ата-аналардың жауапкершілігі" деген бөлімінде көрсетілген.

211. Отбасының ыдырау салдарларын барынша азайту, оны әлеуметтік оңалту және баланы биологиялық отбасында сақтап қалу үшін республикада отбасылық жайсыздықтың алдын алудың әр түрлі шаралары дамытылуда.

212. Мысалы, қамқоршылық және қорғаншылық органдарының жұмысымен қатар "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында егер кәмелетке толмағандардың ата-аналары немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамаса, олардың мінез-құлқына теріс әсер етсе не оларға қатыгездікпен қараса, оларға қатысты жеке алдын алу жұмысын жүргізу функциялары кәмелетке толмағандар арасындағы қадағалаусыз қалудың және құқық бұзушылықтардың алдын алу жүйесінің барлық органдары мен мекемелеріне берілген.

213. Республиканың ішкі істер органдары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық атқару инспекцияларымен бірлесіп, жазасын өтеу Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 72-бабының тәртібіне сәйкес кейінге қалдырылған, балаларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін, сотталған әйелдерге қатысты материал дайындап жатыр.

214. Өмір сүруі, оқуы және тәрбиеленуі үшін қажетті жағдай жасау мақсатында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар мемлекеттік мекемелерге бөлінеді немесе Қазақстан Республикасының азаматтары отбасыларының қамқорлығына, қорғаншылығына беріледі.

215. Қазіргі уақытта республиканың білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 16 мыңнан астам бала тәрбиеленуде. Оның 3 мыңнан астамы - ата-анасы бас тартқан балалар, 1 мыңнан астамы - тастандылар, ата-анасы өз құқықтарынан айырылған - 5 мыңнан астам, қамау орындарында жүрген - шамамен 1 мың, іздеу салынған - шамамен 3 мың, ұзақ мерзімді емдеуде - 900-ден астам бала бар.

Отбасымен қосу

(10-бап)

216. Кәмелетке толмаған баланың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге шығуы Қазақстан Республикасының заңнамасында регламенттелген.

217. ТМД мемлекеттері арасында визасыз жол жүру жасөспірімдердің қадағалаусыз, отбасының ересек мүшесінің сүйемелдеуінсіз көші-қонына алып келуіне байланысты балалардың отбасымен қосылуын қамтамасыз ету мақсатында және кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз қалуын болдырмау үшін 2002 жылғы 7 қазанда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кәмелетке толмағандарды олардың тұрақты тұратын мемлекеттеріне қайтару мәселелеріндегі ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды.

218. Бұл Келісім Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 12 шілдедегі N 756 қаулысымен бекітілді.

219. Осы Келісім негізінде соңғы 3 жылда 310 жасөспірім республиканың шегінен тыс өздерінің тұрақты тұратын мемлекеттеріне жеткізілді.

220. Бұл мәселе бойынша егжей-тегжейлі ақпарат 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 188-192-тармақтарында қамтылған.

Заңсыз жол жүру және қайта оралмау
(11-бап)

221. Кәмелетке толмағандарды заңсыз шығару жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында республикада ішкі істер органдарының адам трафигіне қарсы күрес жөніндегі бөлімшелері құрылды.

222. Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен Адамды саудаға салуға және заңсыз көші-қонға қарсы күрес жөнінде мамандар даярлаудың халықаралық оқу орталығы құрылды.

223. 2002 - 2004 жылдары ішкі істер органдары Қылмыстық кодекстің 128 "Адамдарды пайдалану мақсатында азғырып көндіру, сондай-ақ шығару және транзиті" бабы бойынша 19, оның ішінде кәмелетке толмағандарды азғырып көндіру жөнінде 3 қылмыстық іс қозғады.

224. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің адамды сатуға қарсы күрес, қылмысты болдырмау және оның алдын алу жөніндегі 2006 - 2008 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірледі, мұнда кәмелетке толмағандарды сату мәселелері де қамтылған. Қазіргі уақытта БҰҰ-ның "Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы" конвенциясы және оны толықтыратын "Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды сатудың алдын алу және оны болдырмау туралы" хаттама мен "Мигранттарды құрлықта, теңізде және әуеде заңсыз шығаруға қарсы" хаттама ратификациялауға дайындалып жатыр.

225. Конвенцияның 11-бабының заңсыз жол жүру және қайта оралмау туралы нормалары 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 193-194-тармақтарында көрсетілген.

Баланы күтіп-бағуды қалпына келтіру
(27-баптың 4-тармағы)

226. Қазақстан Республикасында баланы күтіп-бағуды қалпына келтіру мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттелген және 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 195-199-тармақтарында көрсетілген.

Отбасылық ортасынан айырылған балалар
(20-бап)

227. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында өзінің отбасылық ортасынан айырылған балалардың құқықтары және тиісті органдар мен ұйымдардың осы құқықтарды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері " Неке және отбасы туралы ", " Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы", " Тұрғын үй қатынастары туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарында және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген.

228. 1998 жылдан бастан осы уақытқа дейін республикада қорғаншылыққа, қамқоршылыққа, асырап алуға, патронатқа 80 мыңнан астам бала отбасыларға берілді.

2006 жылғы 1 қаңтарда мемлекеттік денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, білім беру жүйесі ұйымдарында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 16 мыңнан астам бала тәрбиеленуде.

229. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мемлекеттік қолдау көрсету үшін республиканың білім беру жүйесінде 110 білім беру ұйымы:

75 балалар үйі мен интернат, 29 отбасы үлгісіндегі балалар үйі, 6 отбасы үлгісіндегі балалар ауылы жұмыс істейді. Бұған қосымша 10 жеке меншік балалар үйі, 3 " SOS-Балалар қалашықтары" ашылды. Жетім балалар қатарындағы түлектер үшін 23 Жасөспірімдер үйі жұмыс істейді, мұнда олар 23 жасқа дейін тұрады.

230. Республикада оларда күтіп-бағу жағдайын отбасылық жағдайға жақындастыру мақсатында ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйлері мен интернат мекемелерінде институционалдандыру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Балалар үйін ықшамдау мақсатында бүгінгі таңда олардың көпшілігі отбасы үлгісінде жұмыс істейді. Балалар 8-10 адамнан құралған, өзара туыстық қатынастармен, бауырмалдықпен және достықпен байланысқан топтарда тұрады.

231. 2003 жылдан бастап республикада отбасылық тәрбиенің жаңа нысандарын енгізу жолымен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, жетімдерді орналастырудың қолданыстағы жүйесін қайта құру жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр. Отбасылық тәрбиенің жаңа нысандарын дамыту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі 2004 жылғы 11 наурызда "Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу ережесін бекіту туралы" N 306 қаулы қабылдады. Қазіргі уақытта патронат отбасыларда 2 мыңға жуық бала тұрады. Осы мақсаттарға 2005 жылы республикалық бюджет қаражатынан 289 млн. 147 мың теңге бөлінді.

232. Алайда, практика көрсеткендей, бұл мәселеде белгілі бір проблемалар бар. Мысалы, патронат тәрбиешілердің едәуір тобын жалғыз басты немесе ажырасқан әйелдер құрайды, бұл отбасыдағы мінез-құлықтың гендерлік модельдерін балалардың түсінуіне және бағалауына толық көлемде мүмкіндік бермейді. Бұдан басқа, патронат тәрбиешілер өзін ата-ана ретінде байқап көруге деген эмоционалдық себептерді ғана басшылыққа алып, мұндай іске жете түсінбей келетін жағдайлар орын алады.

233. Сондықтан қазіргі уақытта республикада "Асырап алушы ата-аналар мектебі" арнайы бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмыс басталды, мұнда ата-аналарды балаға қызмет көрсетуге, олармен қарым-қатынасты қайырымдылық, махаббат, бірлескен шығармашылық, оның жеке тұлғасын сыйлау, оның болашағы туралы толғану негізінде құруға оқыту көзделеді.

234. Патронатты тәрбие институты туралы құқықтық және әдістемелік ақпарат тарату үшін арнайы ақпараттық желі құру, патронат тәрбиешілерге, қорғаншыларға, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының мамандарына заңдық және психологиялық көмек көрсету мақсатында олар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің WEB-сайтында "Үйге апаратын жол" ақпараттық форумын ашу жоспарланып отыр.

235. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары мамандарының қажетті саны жеткіліксіз болғандықтан, республикада өмірде қиын жағдайға душар болған балаларды уақтылы анықтауда белгілі бір проблемалар бар.

236. Қазіргі уақытта бұл мәселені шешу үшін 2006 - 2011 жылдарға арналған "Қазақстан балалары" мемлекеттік бағдарламасының жобасы әзірленді.

237. Отбасылық ортасынан айырылған балалар туралы мәселелер 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 200-213-тармақтарында ашылған.

Ұл асырап алу (қыз асырап алу)

(21-бап)

238. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 36 қаулысымен Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды, оның құрылымында ұл асырап алу (қыз асырап алу) мәселелері жөніндегі бөлім бар, бұл заңнамада белгіленген тәртіппен мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, жергілікті атқарушы органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың қызметін осы бағытта үйлестіруді және бағыттауды қамтамасыз ететін болады.

239. Конвенцияның 21-бабына сәйкес "егер баланы оны тәрбиелеуді немесе асырап алуды қамтамасыз ете алатын отбасыға тәрбиелеуге беру немесе орналастыру мүмкін болмаса, егер бала туған елде қандай да бір тиісті күтімді қамтамасыз ету мүмкін емес болып табылса, басқа елде асырап алу баланы күтіп-бағудағы баламалы тәсіл ретінде қаралуы мүмкін".

240. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы осы қағидатқа сәйкес келеді. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-бабында баланың отбасыда тұру және тәрбиелену құқығы айқындалған.

241. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 76-бабына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға қатысты және тек солардың мүддесінде ғана асырап алуға рұқсат етіледі. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бұл балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайларда ғана олар шетелдіктерге асырап алуға, не балалардың туыстарына олардың азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан асырап алуға берілуі мүмкін.

242. Ұл асырап алу (қыз асырап алу) тәртібі "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 77-бабында айқындалған, мұнда балаларды асырап алудың прокурор, қорғаншы және қамқоршы органдар қатысатын сот рәсімі көзделеді.

243. Бұдан басқа, "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 101-бабына сәйкес Балаларды орталықтандырылған есепке алу тәртібі "Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орталықтандырылған есепке алуды ұйымдастыру ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 қаулысымен бекітілген.

2002 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Үкіметі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қыркүйектегі N 1346 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" қаулы қабылдады.

244. "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын соттардың қолдану мәселелерін реттеу үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты 2000 жылғы 22 желтоқсанда N 17 "Ұл асырап алу (қыз асырап алу) туралы істерді қараған кезде соттардың неке және отбасы туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы" қаулы қабылдады.

245. "Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктерге асырап алуға беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 1197 қаулысымен Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктерге асырап алуға беру ережесі айқындалды.

246. Білім және ғылым, Сыртқы істер, Әділет, Ішкі істер министрліктері бірлесіп, 2002 жылғы 8 - 22 тамызда N 814 "Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шетелдіктердің асырап алуы жөнінде жедел ақпарат алмасуды ұйымдастыру туралы" бұйрық шығарды, бұған сәйкес шетелдіктер асырап алған балалар туралы деректерді ай сайын салыстыру жүргізіледі.

247. Халықаралық бала асырап алуды бақылауды күшейту үшін Сыртқы істер министрлігі 2003 жылғы 11 сәуірде N 08-1/31 "Шетелдіктердің асырап алуына берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды есепке

алу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" бұйрық шығарды. Көрсетілген нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес балаларды консулдық есепке алу олар Қазақстан Республикасынан тысқары кеткенге дейін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде жүзеге асырылады.

248. 2006 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 1999 жылғы 17 маусымдағы N 655 "Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды асырауға тілек білдірген шетелдік азаматтарды есепке алу жөніндегі ережеге" ұл асырап алушылардың (қыз асырап алушылардың) сотталғандығы немесе сотталмағандығы туралы қосымша құжаттар беруі және асырап алынған қазақстандық ұлдарды (қыздарды) бақылауды консулдық лауазымдық тұлғалардың жүзеге асыруы рәсімі бөлігінде өзгерістер енгізілді.

249. Уағдаласушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық жүйесін құру мақсатында республикада балаларды ұрлап алуды, сатуды болдырмау жөніндегі кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін "Қазақстан Республикасының Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияға қосылуы және оны ратификациялауы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Қазақстан Республикасының Балаларды қорғау туралы конвенцияға қосылуы және оны ратификациялауы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобалары әзірленді және Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізілді.

250. 2003 жылдан бастап 2005 жыл аралығында отбасыларға асырауға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 10685 мың бала, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының азаматтарына - 7732-ге жуық;

шетелдік туыстарына - 232-ден астам бала;

шетелдік азаматтарға 2721 мыңға жуық бала берілді.

251. Ата-аналардың балалардан бас тарту себептерінің бірі бала денсаулығының жай-күйі болып табылады: асырап алынған жетім балалардың 80 пайыздан астамының дене және психикалық дамуы артта қалған, тұқым қуалайтын, жыныстық, жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққан.

252. Республикада ұл асырап алу (қыз асырап алу) рәсімі біздің еліміздің заңнамасында айқындалғанына қарамастан, практикада елде бар заңнаманың кейбір нормалары толықтырулар мен өзгерістер енгізуді талап етеді. Мысалы, шетелдіктер асырап алған балалардың құқықтарын қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының мынадай: "Неке және отбасы туралы", "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы", "Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасындағы құқықтық жағдайы туралы" заңдарына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне бір жынысты некеде тұрған адамдарға және дәстүрлі емес жыныстық бағдар ұстанатын адамдарға, толық емес отбасыларға қатысты құқықтарды шектеу мәселелері бойынша, асырап алушылардың жасын шектеуді, олардың қаржылық әл-ауқатын бағалау өлшемін айқындау бөлігінде толықтырулар мен өзгерістер енгізу жоспарланып отыр. Қазақстан

Республикасының заңнамасында шетелдіктер асырап алған балаларды бақылау және олардың заңды құқықтары бұзылған жағдайда оларды қайтарып алу мәселелерін реттейтін нормалар көзделетін болады.

253. Қазіргі уақытта қоғам назарын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасыда тәрбиелеуді дамытуға аудару, сондай-ақ баланың отбасыда өсу құқығын нығайту бөлігінде қоғамдық пікір қалыптастыру үшін жетімдіктің келеңсіз салдарларын ашып көрсететін, отбасының және отбасылық тәрбиенің құндылығын насихаттайтын ақпараттық-ағарту бағдарламасы мемлекеттік және орыс тілдерінде әзірленуде, кейіннен бұл бұқаралық ақпарат құралдарына орналастырылатын болады.

254. Отбасылық ортасынан айырылған ұлдарды (қыздарды) асырап алу туралы мәселелер 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 214-229-тармақтарында ашылған.

Бала туралы қамқорлыққа байланысты жағдайларды
мерзімді бағалау
(25-бап)

255. Конвенцияның 25-бабына сәйкес қамқорлықты және бала туралы қамқорлыққа, оны қорғауға, физикалық немесе психикалық емдеуге байланысты барлық басқа жағдайларды мерзімді бағалау туралы ақпарат 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 230-231-тармақтарында көрсетілген. Бұрын көрсетілген нормалар мен ережелер қазірдің өзінде толық көлемде қолданылады.

256. 2004 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның отырысында республика министрліктері мен ведомстволарының Конвенция ережелерін орындау шеңберінде балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды күтіп-бағуға, тәрбиелеуге және оқытуға жағдай жасау жөнінде жүргізіп жатқан жұмысы туралы есебі тыңдалды.

257. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2003 және 2004 жылдары ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы балалар үйлері мен интернат мекемелерінде тұру жағдайларын қамтамасыз ету мәселелерін зерделеді.

258. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мамандандырылған мекемелерде балаларды күтіп-бағу жағдайларын ведомстволық және прокурорлық бақылауды күшейтумен қатар Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті өкілдің бала жағдайын тәуелсіз бақылауы үшін мүмкіндік жасалуда. Мысалы, есепті кезеңде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Атырау, Маңғыстау, Павлодар, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларындағы интернаттық мекемелерде бала құқықтарының сақталуына мониторинг жүргізді. Интернаттық бала мекемелеріне баруды талдау

бірден бірнеше проблемалардың бетін ашты. Бұл интернаттық мекемелердің жеткіліксіз қаржыландырылуы, мекемеден шыққаннан кейін балаларды орналастыру, балалардың ақпарат алудағы шектеулігі мәселелері.

259. 2005 жылы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық есепті кезеңде Қазақстан Республикасында бала құқықтарының сақталуы туралы баяндама дайындады, мұнда балаларды қамқорлыққа алуға байланысты жағдайлардың егжей-тегжейлі бағасы көрсетілген.

Теріс пиғылмен немесе ұқыпсыз қараудан қорғау (19-бап), сондай-ақ физикалық және психикалық оңалту және әлеуметтік реинтеграция (39-бап).

260. Балаларды теріс пиғылмен немесе ұқыпсыз қараудан қорғау мәселелері осы баяндаманың "Азаптауға немесе қарым-қатынастың немесе жазалаудың басқа да қатыгез, адамға тән емес немесе абыройды қорлайтын түрлеріне ұшырамау құқығы" бөлімінде, сондай-ақ 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 232-234-тармақтарында баяндалған.

261. Есепті кезеңде кәмелетке толмағандардың құқықтарын физикалық және психикалық зорлаудың барлық нысандарынан қорғаудың негізі болып табылатын құқықтық база кеңейтілді. "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 желтоқсандағы N 1179 қаулысымен Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілді. Осы қаулымен жүйелі түрде әкімшілік құқық бұзушылықтар жасайтын, орта білім алудан қасақана жалтарып жүрген жасөспірімдерді тәрбиелеуді, оқытуды және әлеуметтік оңалтуды жүзеге асыратын арнайы білім беру ұйымдарының құқықтық мәртебесі де айқындалды. Бұл ұйымдар жасөспірімдер арасындағы қылмыстың алдын алуда пәрменді рөл атқарады. Бүгінде республикада мұндай ұйымдар - 11, бұларда 840-тан астам жасөспірім тәрбиеленуде.

262. Республикада кәмелетке толмағандар арасындағы жедел жағдайды сауықтыру, оқушылар арасындағы заңға қайшы пиғылдар туралы хабардар болуды арттыру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 372 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарына бекітілген кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары лауазымы енгізілді. Қазіргі уақытта елдің 15 өңірінде мектептегі 517 полиция инспекторы лауазымы енгізілді.

263. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын балалар мен мектеп жасындағы жасөспірімдерді анықтау жөніндегі рейдтік іс-шаралар жүйелі түрде жүргізіліп тұрады. Жүргізілген алдын алу жұмысының нәтижесінде соңғы үш жылда елде жасөспірімдер қылмысының тұрақты азаюы байқалып отыр. Талданып отырған кезеңде кәмелетке толмағандар жасаған қылмыс саны 26,3 пайызға (7001-ден 5544-ге дейін) азайды. Кісі

өлтіру санының 48,8 пайызға, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру 9,8 пайызға, зорлау 73,4 пайызға, бұзақылық фактілері 43,3 пайызға, біреудің мүмкін үрлеу 31,8 пайызға азайғаны байқалып отыр.

VII. Бастапқы медициналық қызмет көрсету және әл-ауқат

Кемтар балалар

(23-бап)

264. Дамуында кемшіліктері бар балалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" және басқа Қазақстан Республикасының Заңдарында айқындалған.

265. Республикада мүгедектерді, оның ішінде мүгедек балаларды әлеуметтік қорғауға, оларды оңалтуға және қоғамға кіріктіруге баса назар аударылады. Республикада барлығы 47,6 мың 16 жасқа дейінгі мүгедек бала бар.

266. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 7945 теңгені және арнайы мемлекеттік жәрдемақы 927 теңгені құрайды.

267. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес 2005 жылғы қаңтардан бастап 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға төленетін жәрдемақы мөлшері тағы да үш айлық есептік көрсеткішке немесе 2985 теңгеге ұлғайтылды.

268. Мүгедектердің толыққанды өмірге қатысу мүмкіндігін кеңейту, оларды еңбек қызметіне тарту үшін жағдай жасау, әлеуметтік инфрақұрылымға қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында "Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

269. Қазіргі уақытта республикада мүмкіндігі шектелген 120 мыңнан астам бала анықталды.

270. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың нысандары мен әдістері айқындалған. Бұл заң балаларға көмек көрсетудің тиімді жүйесін құруға, оларды тәрбиелеуге, оқытуға, еңбек және кәсіптік даярлауға байланысты проблемаларды шешуге, балалар мүгедектігінің алдын алуға бағытталған.

271. Кемтар балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы көмек көрсету және оларды тәрбиелеу мен оқытуға, еңбек және кәсіптік даярлауға байланысты проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 1032 қаулысымен "Мұқтаж азаматтарға олардың білім алу кезеңінде берілетін әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен көздері туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 мамырдағы N 738 қаулысына толықтырулар енгізілді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 ақпандағы N 100 қаулысымен Арнаулы білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережесі бекітілді.

272. Білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау органдары мен ұйымдарының мамандарына көмек ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 134 бұйрығымен кемтар балаларға арналған білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне қойылатын ең төменгі міндетті талаптар, 2004 жылғы 3 қыркүйектегі N 712 бұйрығымен кемтар балаларды оқытуды жүзеге асыратын Оңалту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің, логопедтік пункттің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ереже бекітілді, 2005 жылғы мамырда "Дене бітімінде кемшіліктері бар тұлғаларға арналған орнын толтырудың техникалық және өзге де қосалқы құралдарының сыныптамысы" әзірленді.

273. Қазіргі уақытта республикада кемтар балаларға арналған:

естімейтін (саңырау) балаларға арналған;

нашар еститін және кейіннен саңырау болып қалған балаларға арналған;

көрмейтін (зағип) балаларға арналған;

нашар көретін және кейіннен соқыр болып қалған балаларға арналған;

тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған;

сөйлеу қабілеті өте нашар балаларға арналған;

психикалық дамуы тежелген балаларға арналған;

зияткерлік бұзылыстары бар (ақыл-ойы артта қалған) балаларға арналған 102 арнайы түзеу арқылы білім беру ұйымдарының жұмыс істейді, олардағы контингент саны 17861 бала.

274. Кемтар балаларды оқулықтармен, оқу-әдістемелік жиынтықтармен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлініп отыр. Жыл сайын республикалық бюджеттен 008 "Балалардың мамандандырылған түзету мекемелері үшін жаңа буын оқулықтарын әзірлеу, шығару және жеткізіп беру" бағдарламасы бойынша осы мақсаттарға қаражат бөлінеді. 2003 жылдан бері ақыл-ойы, есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін барлығы 104 айрықша оқулық пен 82 оқу-әдістемелік жиынтық әзірленді және шығарылды. "Брайль" жүйесі бойынша соқыр балалар үшін және нашар көретін балалар үшін шрифттері ірілендірілген 42 оқулық бейімделді және шығарылды.

275. Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шеңберінде арнайы түзеу арқылы білім беру ұйымдары оқытудың арнайы техникалық және қосалқы құралдарымен: сурдожабдықпен, тифлотехникалық құралдармен, түзеу-дамыту жабдығымен қамтамасыз етіледі. 2004 жылы осы мақсаттарға 110,3 млн. теңге, 2005 жылы 202,9 млн. теңге, 2006 жылы 118 2 млн. теңге бөлінді.

276. Балаларды, олардың ата-аналарын және педагогтар қоғамын ғылыми-зерттеу жағынан қамтамасыз ету, оларға әлеуметтік, медициналық және түзеу арқылы

педагогикалық көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 ақпандағы N 222 қаулысымен Даму проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы мемлекеттік мекемесі Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы болып қайта құрылды. Бүгінде Түзеу педагогикасы орталығы арнайы педагогика және психология саласында іргелі зерттеулер жүргізеді, арнайы білім беруде ғылыми негізделген әдістерді әзірлейді, арнайы педагогтарды, психологтарды даярлаудағы және қайта даярлаудағы жаңа ұстанымдарды қарайды. Осы орталық базасында жаңадан ашылған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың, оңалту орталықтары мен психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің медицина және педагог қызметкерлері үшін балғын жастағы балалар скринингі, арнайы білім беру жүйесін жетілдіру жөнінде оқыту семинарлары, курстар, тренингілер өткізіледі. Түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығы халықаралық ұйымдармен және бірқатар елдермен (Швеция, Дания, АҚШ, Германия, Ұлыбритания және басқалары) халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытуда.

277. Арнайы білім беру саласына кемтар балаларды білім беру ортасына кіріктіру жөніндегі, аномальды баланың дамуына ерте араласу жөніндегі инновациялық процестер енгізілуде. Мысалы, Алматы, Ақтөбе, Семей, Павлодар, Петропавл, Өскемен қалаларының балабақшаларында кемтар балаларды тәрбиелеуге арналған инклюзивті топтар ашылған, мұнда дені сау және науқас балаларды түзеу-дамыту арқылы бір уақытта оқыта отырып, аталған санаттағы балаларды жалпы білім беру процесіне қосу жөніндегі педагогикалық технология енгізілген.

278. Кемтар балаларды мәдени өмірге белсенді және тең қатысуға тарту, көркем шығармашылық, спорт саласында талантты мүгедек балаларды анықтау мақсатында арнайы білім беру бағдарламаларын қолдау жөнінде жұмыс жүргізілуде. "Баланы жан-жақты дамыту" бағдарламасы бойынша, "Айрықша қорғау шараларына мұқтаж балалар" кіші бағдарламасы бойынша Білім және ғылым министрлігі мен БҰҰ-ның ЮНИСЕФ Балалар қорының ынтымақтастық бағдарламасының шеңберінде түзеу педагогикасының ұлттық ғылыми-практикалық орталығының базасында инклюзивті білім беру жөніндегі ресурстық орталықтың моделі жасалды (кемтар балаларды жалпы білім беру процесіне қосу), арнайы педагогика саласындағы Ресей ғалымдарының қатысуымен "Кемтар балаларды оқыту ерекшеліктері" халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы, "Қазақстанда мүгедектерді оңалтудың бірыңғай жүйесі туралы" республикалық семинар өткізілді.

279. Кемтар балалардың, олардың отбасыларының жағдайы туралы түрлі зерттеулер жүргізуге, балалар мүддесіндегі өңірлік әлеуметтік бағдарламаларды орындауға үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар белсенді түрде тартылады. ЮНЕСКО-ның "Арнайы мұқтаждықты бар балаларға базалық білім беруге

жәрдемдесу" жобасының шеңберінде білім беру ұйымдарының, облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың және арнайы түзеу мекемелерінің басшылары үшін жүйелі түрде тренингілер жүргізіліп тұрады.

280. "Спешиал Олимпикс Қазақстан" қоғамдық бірлестігі мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі арасындағы Ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес спорттық-бұқаралық іс-шаралардың жыл сайынғы күнтізбелік жоспарына сәйкес ақыл-ойында бұзылыстары бар балалардың, мүгедек балалардың арасында спорттық іс-шаралар өткізіліп тұрады. Мысалы, Спешиал Олимпикс Қазақстан құрама командасы 2005 жылы Жапонияда VIII Дүниежүзілік қысқы арнайы олимпиада ойындарында жүлделі бірінші және екінші орындарды иеленді.

281. Алайда, республикада арнайы білім беру жүйесі біртіндеп кеңейіп келе жатқанынан қарамастан, мұқтаж балалардың бәрі бірдей арнайы білім берумен қамтамасыз етілмеген. Қазіргі уақытта республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 50 мыңнан астам бала мамандардың білікті көмегінсіз оқып жатыр. Жалпы білім беретін мектептердің тек 643 арнайы сыныптарында зияткерлік бұзылыстары бар және психикалық дамуы тежелген 6480 баланы оқыту үшін жағдай жасалған.

282. Кемтар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелеріндегі аталған және басқа да проблемаларды шешу мақсатында Алматы және Қарағанды қалаларында нашар көретін балалар үшін республикалық екі мектеп-интернаттың құрылысы басталды, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу жоспарланып отыр.

283. Кемтар балалардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 235-253-тармақтарында ашылған.

Денсаулықты қорғау және денсаулық сақтау
саласындағы қызметтер
(24-бап)

284. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес әрбір баланың денсаулығын сақтауға бұлжымас құқығы бар. Бұдан басқа, мемлекет дені сау баланың тууын қамтамасыз ету үшін ана денсаулығын сақтау жөнінде оған жағдай жасайды.

285. Халыққа көрсетілетін медициналық көмектің сапасын және қол жетімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі жыл сайын ұлғайтылуда. Соңғы бес жыл ішінде республиканың денсаулық сақтау жүйесіне арналған шығыстардың ЖІӨ-дегі үлесі 2001 жылғы 1,97 пайыздан 2006 жылы 2,6 пайызға дейін ұлғайды.

286. Халыққа көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 1327 қаулысымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жанынан Медициналық қызметтердің сапасын бақылау комитеті ұйымдастырылды. Құрылған органның негізгі функциясы кейіннен анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсынымдар бере отырып, халыққа, оның ішінде балаларға көрсетілетін медициналық көмектің сапасын мониторингілеу болып табылады.

287. Денсаулық сақтау саласындағы қызметтердің сапасын бақылаудың тиімді жүйесін құру мақсатында Медициналық көмектің сапасын жетілдіру тұжырымдамасы дайындалды, мұнда жүйенің барлық элементтерін біртіндеп және дәйекті дамыту көзделеді.

288. 2006 - 2007 жылдары халықаралық стандарттарға сәйкес медициналық көмек сапасын басқарудың үш деңгейден тұратын жүйесі құрылады:

- 1) 1-деңгей - ауруханаішілік бақылау;
- 2) 2-деңгей - тәуелсіз медициналық сараптама;
- 3) 3-деңгей - міндетті мемлекеттік бақылау.

289. Медицина ұйымдарының ішкі менеджменті және аудиті, сондай-ақ медициналық қызметті тәуелсіз сараптау сапаны қамтамасыз ету жүйесінің негізіне айналады.

290. Қазіргі уақытта медицина ұйымдарын аккредиттеу жүйесін құру жөніндегі жұмыс аяқталып келеді - бұл аккредиттеу стандарттары мен ережесін дайындау.

291. Медицина кадрларының кәсіптік құзыретін бағалауға тұжырымдамалық жаңа ұстанымдар айқындалды, мұнда дәрігерлерге практикалық қызметке рұқсат беру жүйесінің халықаралық тәжірибесі ескеріледі. Бұл ретте медицина қызметкерлері мен пациенттердің құқықтары мен жауапкершілігі нақты белгіленетін болады.

292. Комитет ұсынымдарының 26-тармағын іске асыру мақсатында шалғайдағы ауылдық өңірлерде тұратын балалар мен әйелдерге жоғары білікті медициналық көмек көрсетудің қол жетімділігін арттыру бөлігінде республикада бірнеше жыл қатарынан жылжымалы балалар-әйелдер консультациялары жұмыс істейді. Көрсетілген консультациялар облыстық балалар ауруханаларының немесе облыстық перинатальдық орталықтардың базасында ұйымдастырылған әрі педиатрлық және акушерлік-гинекологиялық бейіндегі білікті мамандармен жасақталған, көлікпен, медициналық жабдықпен және дәрілік заттармен қамтамасыз етілген. Жылжымалы консультациялардың мамандары бекітілген кестелерге сәйкес облыстың шалғай аудандарына шығуды жүзеге асырады.

293. Қазақстан Республикасында Комитет ұсынымдарының аналар, сәбилер және балалар өлім-жітімінің көрсеткіштерін төмендету бөлігіндегі 56-тармағын іске асыруға ерекше көңіл бөлінеді.

294. Қазақстан Республикасындағы балалар өлім-жітімінің көрсеткіші соңғы жылдары айқын төмендеу үрдісін көрсетіп отыр.

2005 жылдың қорытындылары бойынша сәбилер өлім-жітімінің көрсеткіші 1000 тірі туған балаға 15,1-ді құрады, бұл 2000 жылмен салыстырғанда 24,6 пайызға төмен. Алдын ала деректер бойынша сәбилер өлім-жітімінің көрсеткіші 2006 жылдың 2 айында 1000 тірі туған балаға 2005 жылдың осындай кезеңіндегі 13,6-ның орнына 14,9-ды құрады.

295. Республикада сәбилер өлім-жітімін жыныстық белгісі, баланың тұратын жері бойынша талдау жүзеге асырылады. 2005 жылдың қорытындылары бойынша ұл балалар арасындағы сәбилердің өлім-жітімі қыз балалар арасындағы 13,3 болған көрсеткіштің орнына 1000 тірі туған балаға 16,8-ді құрады. Қала халқының балалары арасындағы сәбилер өлім-жітімінің көрсеткіші елді мекендердегі сәбилер өлім-жітімінің 12,7 болған көрсеткіштің орнына 1000 тірі туған балаға 16,7-ні құрады.

296. Бірнеше жыл бойы республикада сәбилер өлім-жітімінің негізгі себептері перинатальдық кезеңнің кейбір жағдайлары, туа біткен даму кемшіліктері және тыныс алу органдарының аурулары болып табылады. Нәрестелердің денсаулық жағдайына және кейіннен бір жасқа толмаған балалардың өмір сүруіне әсер ететін ана денсаулығының төмен индексі бір жасқа толмаған балалардың өлім-жітіміне ықпалын тигізетін маңызды себеп болып табылады. Балалардың медицина кадрларымен қамтамасыз етілуінің төмендігі мамандарға түсетін ауыртпалықтың ұлғаюына алып келеді, бұл көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасына теріс әсерін тигізеді.

Балалар емдеу-алдын алу ұйымдарының нашар материалдық-техникалық базасы да медициналық көмектің сапасына әсер етеді.

297. Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тиісті іс-шаралар көзделген.

298. Ұрпақты болу жасындағы әйелдерді сауықтырудан басқа 2006 жылдан бастап 18 жасқа дейінгі балаларды жыл сайын алдын ала тексеру жүргізу жоспарланған, анықталған науқастар кейіннен серпінді қадағаланады.

299. Дәрілік заттардың қол жетімділігін арттыру мақсатында есепті жылдан бастап 5 жасқа дейінгі балалар амбулаторлық деңгейде неғұрлым кең таралған ауруларды емдеу кезінде препараттармен тегін қамтамасыз етіледі. 2006 жылдан бастап диспансерлік есепте тұрған балалар мен жасөспірімдерді амбулаторлық деңгейде дәрілік препараттармен тегін қамтамасыз ету үшін қаржылай қаражат көзделген.

300. Жоғарыда аталған Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 2005 жылдан бастап балалар емдеу-алдын алу ұйымдарының медициналық жабдықпен жарақтандырылуын бекітілген нормативтерге сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылуда.

Диагностика мен балаларға шұғыл көмек көрсетуге (тыныс алу аппараттары, дәрілік заттардың дозаторлары, диагностикалық жабдық) және жаңа туған нәрестелерді күтуге арналған жабдық (кювездер) басымды тәртіппен сатып алынады.

301. Сәбилер және перинатальдық өлім-жітімді азайту жөніндегі барабар басқару шараларын қабылдау үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 1 наурыздағы N 38-ө өкімімен бекітілген Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған тірі туу мен өлі туу өлшемдеріне Қазақстан Республикасының көшуі жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

302. Іске асырылып жатқан Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында бастапқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіруге ерекше көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, "Қазақстан Республикасының халқына бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 28 желтоқсандағы N 1304 қаулысы қабылданды. Осы қаулымен халыққа бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудің қазір бар құрылымдарды бірүлгілендіруді, халық саны 5 мыңнан 10 мың адамға дейінгі елді мекендерде фельдшерлік, фельдшерлік-акушерлік пункттердің базасында халыққа бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталықтарын құруды көздейтін жаңа мемлекеттік норматив бекітілді.

303. Ауыл халқының білікті көмекке қол жеткізуін арттыру үшін тұратын халық саны 1000-нан 5000-ға дейінгі селолық округтерде дәрігерлік амбулаториялар құру көзделіп отыр. Бұл үшін жекелеген республикалық бюджеттік бағдарлама шеңберінде 2006 жылы бұрын дәрігерлер болмаған 762 селолық округті дәрігерлермен қамтамасыз ету, сондай-ақ селода бар ұйымдарды орта медицина қызметкерлерімен жете жасақтау жоспарланып отыр.

304. Республикада, ең алдымен селода медицина ұйымдарын медицина кадрларымен жасақтау және оларды орнықтыру жөніндегі шаралар қабылдануда. Осы мақсатта бірқатар заң жобаларына тиісті толықтырулар енгізілді. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобасында кадрларды ауылдық жерлерге орнықтыру шаралары көзделген. Мысалы, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында кейіннен жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін үш жыл бойы ауылдық жерде жұмыс істеу шартымен медициналық мамандықтар бойынша мамандар даярлау үшін квота белгілеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылған.

305. Балаларға медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыру мақсатында республикада халықаралық, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен бірлескен іс-шаралар іске асырылуда.

306. Халықты иммунизациялау Қазақстан Республикасындағы алдын алу медицинасының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Иммунитеттік алдын алу жөніндегі жұмыс 6 негізгі бағыт бойынша жүргізіледі:

- 1) халықты иммунизациялау процесін басқару (нормативтік-құқықтық құжаттар дайындау);
- 2) вакциналар сатып алу бойынша бюджет қаражатын қалыптастыру;
- 3) иммунизацияның қауіпсіз практикасы проблемаларын шешу (оның ішінде вакциналарды тасымалдау және сақтау кезіндегі "суық тізбек", шприцтерді жинау және кәдеге жарату, мамандарды оқыту, аттестаттау);
- 4) вакциналарды сатып алу процестері;
- 5) кадрлар даярлау;
- 6) иммунизация мәселелерінде халықты ағарту.

307. Мемлекеттің халықты иммунизациялау саласындағы нысаналы саясатының нәтижесінде қазіргі уақытта елде полиомиелит, сіреспемен, күлмен науқастану жойылды, көкжөтелмен науқастану бірлі-жарым жағдайға дейін жеткізілді, вирусты "В" гепатитімен, эпидемиялық паротитпен науқастану азайды. Қазақстан ДДСҰ-ның қызамық пен қызылшаны элиминациялау жөніндегі бағдарламасын іске асыруға кірісті.

308. Республикада өңірлерді вакциналармен үзіліссіз қамтамасыз ету жолға қойылды. Қазіргі уақытта балалардың 95 пайызы вакцина егумен қамтамасыз етіледі. Ауыл халқын егумен уақтылы қамту үшін 900 жылжымалы егу бригадасы құрылды. 2005 жылдан бері шамамен 7 мың медицина қызметкері егу жүргізуге рұқсат беретін куәлік беріле отырып, даярлықтан және аттестаттаудан өтеді.

309. Вакциналарды тасымалдау және сақтау үшін "суық тізбек" жасау мәселесі шешілді.

310. Егу паспортында халықтың өмір бойы алатын егулері көрсетіледі.

311. "Халықты жұқпалы ауруларға қарсы вакциналауды жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 23 мамырдағы N 488 қаулысы алдын ала егулерді жүргізуді регламенттейтін, егудің ұлттық күнтізбесін бекітетін құжат болып табылады. Осы қаулыға сәйкес 13 инфекциялық ауруға (туберкулез, "Б" гепатиті, полиомиелит, көкжөтел, сіреспе, күл, қызамық, қызылша, эпидемиялық паротит, құтырма, іш сүзегі, кене энцефалиті, оба) қарсы вакциналарды республикалық бюджет қаражаты, 4 инфекцияға ("А" гепатиті, туляремия, сібір жарасы, тұмау) қарсы вакцинаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен сатып алу жүзеге асырылады.

2003 - 2005 жылдары Қазақстан Республикасында балалардың жекелеген аурулармен және ауру топтарымен науқастануы (100 000 балаға өмірінде бірінші рет тіркелген ауру саны)

Аурулардың негізгі топтары	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл

1	2	3	4
Барлығы, оның ішінде:	115287,3	119878,2	124825,3
- жұқпалы және паразиттік аурулар	5303,0	4961,4	4510,6
- жаңа өспелер	133,9	140,6	159,6
- қан, қан түзетін органдардың аурулары және иммундық тетікті қатыстыратын жекелеген бұзылулар	6516,1	6786,5	7653,0
эндокринді аурулар, қоректену мен зат алмасудың бұзылуы	2665,7	2664,2	2878,8
- психикалық бұзылу және мінез-құлықтың бұзылуы	1560,5	1589,4	1535,3
- жүйке жүйесінің аурулары	5196,0	5279,8	53,36
- көздің және оның қосалқыларының аурулары	5487,1	5577,6	5343,2
- құлақтың және емізікше тәрізді өсімдінің аурулары	3625,6	3592,1	3728,0
- қан айналымы жүйесінің аурулары	1137,1	1201,5	1099,2
- тыныс алу органдарының аурулары	54402,1	58258,7	61513,3
- ас қорыту органдарының аурулары	9698,6	9443,8	9910,0
- терінің және тері астышел қабатының аурулары	6109,3	6280,5	6318,5
- сүйек-бұлшық ет жүйесінің және дәнекер тіннің аурулары	2109,6	2077,9	2091,8
- несеп-жыныс жүйесінің аурулары	3473,4	3541,8	3586,2
- туа біткен ауытқулар (даму кемістіктері), кисаю және хромосомдық бұзылулар	1195,1	1222,0	1291,7
- жарақаттар және улану	3403,6	3596,1	3719,5

312. Келтірілген кестеде көрсетілгендей, балалардың науқастануы барлық дерлік нозологиялар бойынша өсу үрдісіне ие. Науқастанудың өсу себептерінің бірі балалар емдеу-алдын алу ұйымдарының декреттелген жастағы балаларды алдын ала тексеру жөніндегі жұмысын жандандыру болып табылады.

313. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде 2006 жылдан бастап анықталған ауруларды кейіннен сауықтыра отырып, жыл сайын балаларды алдын ала тексеру жөніндегі шаралар көзделген.

314. Ана мен бала денсаулығын сақтау саласында іске асырылып жатқан іс-шаралар шала туған балалардың санын тұрақтандыруға мүмкіндік берді. 2005 жылдың қорытындылары бойынша төмен салмақ массасымен туған балалардың пайызы 2004 жылғы 5,25-тің орнына 5,05 пайызды құрады.

315. 2005 жылдың қорытындылары бойынша жедел деректер бойынша аналар өлім-жітімінің көрсеткіші 100 мың тірі туған балаға 40,2-ні құрады, бұл 2003 жылдың осындай көрсеткішінен 5 пайызға төмен.

316. Алдын ала деректер бойынша 2006 жылдың 2 айының қорытындылары бойынша аналар өлім-жітімінің көрсеткіші 2005 жылғы 43,9-дың орнына 100 мың тірі туған балаға 48,9-ді құрады.

317. Жүктілікке, босануға және акушерлік қан кету алдыңғы орынды иеленетін босанғаннан кейінгі кезеңге байланысты себептер аналар өлім-жітімінің негізгі

себептері болды. Екінші орында - преэклампсия, эклампсия, үшінші орында түсік, төртінші орында өзге де себептер және бесінші орында экстрагенитальдық аурулар.

318. Сондай-ақ ұрпақты болу жасындағы әйелдер денсаулығының төмен индексі, акушер-гинеколог дәрігерлермен қамтамасыз етудің төмендігі аналар өлім-жітімінің жоғары деңгейінің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

319. Жоғарыда аталған проблемаларды шешу үшін Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бірқатар іс-шаралар көзделген. Атап айтқанда, есепті жылдан бастап кейіннен серпінді қадағалай және сауықтыра отырып, ұрпақты болу жасындағы әйелдерді алдын ала медициналық тексеру жүзеге асырылады.

320. Акушер-гинеколог дәрігерлердің біліктілік деңгейін жоғарылату мақсатында республикалық ұйымдардың (Ана мен бала денсаулығын қорғаудың республикалық ғылыми-зерттеу орталығы, Алматы мемлекеттік дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру институты) мамандарын аналар өлім-жітімінің көрсеткіші жоғары өңірлерге шығара отырып, жетілдіру циклдары жүзеге асырылады. 2005 жылдан бастап шетелде бірінші рет мамандарды оқыту басталды. Есепті кезеңде 20 дәрігер мен 20 медбике Израильдің ең үздік балалар және әйелдер босану ұйымдарында жарты жылдық дайындықтан өтті.

321. Босану ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер бөлу көзделген. 2008 жылға қарай барлық балалар және босану ұйымдары медициналық жабдықпен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандыру нормативтеріне сәйкес жарақтандырылатын болады.

322. Қазақстан Республикасында жасөспірімдер арасындағы жүктілік пен түсік көрсеткіштерін төмендету бөлігінде Комитет ұсынымдарының 57-тармағын іске асыруға ерекше көңіл бөлінуде. Жасөспірімдер жасаған түсік жыныс органдарының қабыну ауруларына әкеп, қыз балалардың ұрпақты болу денсаулығына келеңсіз әсерін тигізеді, сондай-ақ жүктіліктің үзілу жиілігін, аналар және перинатальдық өлім-жітімді ұлғайтып, кейінгі жүктіліктер мен босанудың өту ағымына теріс әсер етеді.

2003-2005 жылдардағы жас топтары бойынша түсіктер.

(15-49 жастағы 1000 әйелдерге келетін түсік саны)

Жас	Түсік саны, мың	15-49 жастағы 1000 әйелдерге келетін түсік саны
2003 жыл		
15 жасқа дейін	0,1	0,0
15-18 жас	6,2	0,0
19-34 жас	95,6	0,0
35 және үлкен	25,2	0,0
барлығы	127,1	29,5
2004 жыл		
15 жасқа дейін	0,1	0,0

15-18 жас	6,4	0,0
19-34 жас	97,7	0,0
35 және үлкен	25,3	0,0
барлығы	129,5	30,3
2005 жыл		
15 жасқа дейін	0,1	0,0
15-18 жас	6,2	0,0
19-34 жас	94,9	0,0
35 және үлкен	24,4	0,0
барлығы	125,6	28,9

323. Алдын ала деректер бойынша 2005 жылы түсік көрсеткіші ұрпақты болу жасындағы 1000 әйелге 28,9-ды құрады.

324. Түсіктен кейінгі асқинулардан қайтыс болған әйелдердің абсолютті саны 2002 жылғы 27-ден 2005 жылы 17-ге дейін азайды. 2005 жылғы жалпы түсік санының 5 пайызы (125654) жасөспірім қыз балаларға келеді.

325. Республика халқының ұрпақты болу денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында "Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және медицина ұйымдарының ұрпақты болу денсаулығы саласындағы қызметін регламенттейтін бірқатар нормативтік құқықтық кесімдер іске асырылады.

326. Қазақстан Республикасы таза суға, қауіпсіз тамақ өнімдеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету, Арал теңізі және Семей полигоны проблемаларын шешу бөлігінде Комитет ұсынымдарының 58-тармағын іске асыруға маңызды мән береді. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг, сондай-ақ су пайдалану шарттарының нашарлауын және қауіпті ауыз судың халық денсаулығының жай-күйіне келеңсіз әсер етуін болдырмауға бағытталған санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шаралар жүзеге асырылуда.

327. Республиканың барлық облыстарындағы ауыз судың сапасын жақсарту және оны ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар шеңберінде жыл сайын сумен жабдықтау объектілерінің көктемгі-жазғы кезеңдегі жұмысқа дайындығын байқау өткізіледі. Байқау барысында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын одан әрі қамтамасыз ету жөнінде тиісті іс-шаралар әзірленеді.

328. Ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы ауылдық жерлердегі ауыз су проблемасын шешуге ықпал етті. 2001 - 2004 жылдар аралығындағы кезеңде санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап бермейтін су

құбырларының үлес салмағы 23,4 пайыздан 17,7 пайызға дейін қысқарды. 2005 жылы 44 су құбыры салынды, қайта жаңартылды, қалпына келтірілді, жұмыс істеп тұрған 192 сумен жабдықтау құрылысына жөндеу жүргізілді.

329. Су құбырынан алынатын ауыз судың микробиологиялық көрсеткіштер жөніндегі нормативтерге жауап бермейтін сынамаларының үлес салмағы 2001 жылғы 3,9 пайыздан 2004 жылы 2 пайызға дейін, санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша 2001 жылғы 8,5 пайыздан 2004 жылы 3,1 пайызға дейін төмендеді.

330. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 520 қаулысымен бекітілген "Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2004 - 2006 жылдарға арналған бағдарламаның іс-шараларын іске асыру барысында Қызылорда облысында 30-дан астам елді мекенде сумен жабдықтау объектілері жөнделді және қалпына келтірілді, соның нәтижесінде 35 мыңға жуық ауылдық елді мекен сапасы жақсы ауыз сумен қамтамасыз етілді. Ұзындығы 44 километр Жиделі топтық су құбырын, ұзындығы 22 километр Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын қайта жаңарту аяқталды. Қазалы ауданының елді мекендерінде ауыз сумен жабдықтаудың жай-күйі тұрақтандырылды. Қазіргі уақытта 3 топтық су құбырының құрылысы басталды, кезекті әлі 4-і бар.

331. Ақтөбе облысында Байғанин ауданының Байғанин селосында және Қандыағаш қаласында су құбыры құрылыстарының кешенін қайта жаңарту жалғасуда. Ырғыз ауданының Нұра селосында ауыз сумен жабдықтау жақсартылды, мұнда бұрын тұрғындар әкелінетін сумен қамтамасыз етілетін.

332. Оңтүстік Қазақстан облысында Кентау-Түркістан су құбырын салу жалғасуда, Шардара және Тасты-Шу топтық су құбырын қайта жаңарту жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жүргізілуде.

333. Халық денсаулығы мен қоршаған орта жай-күйінің мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыс жалғасуда. Пилоттық жоба (Жапония) бойынша бала туу жасындағы әйелдер денсаулығының жай-күйі мен Қызылорда және Алматы облыстарында эндемиялық зобтың таралуын зерделеу басталды.

334. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" және "Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тамақ өнімдерінің айналымы жөніндегі қауіпсіздікке қойылатын талаптарды белгілейді. Санитарлық қызмет тұтыну нарығын халық денсаулығы үшін қауіпті тамақ өнімдерінен қорғау жөнінде белгілі бір жұмыс жүргізеді. Ай сайын тамақ өнімдерінің санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкестігін тексеру жүргізіледі.

335. 52 пайыз жағдайда жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін өткізу, 18 пайыз жағдайда органолептикалық және физика-химиялық көрсеткіштерге сәйкес болмау, 26 пайыз жағдайда өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың

болмауы, 4 пайыз жағдайда бактериологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес болмаудың негізгілері болып табылатынын атап өту керек.

336. Йод жетіспеушілігінің алдын алудың тиімді тәсілдерінің бірі ас тұзын йод препараттарымен байыту болып табылады. Осыған байланысты "Йод тапшылығы ауруларының алдын алу туралы" Заңның қабылдануымен республика аумағындағы әкелінетін және тұз өндіруші кәсіпорындарда шығарылатын барлық ас тұзы міндетті түрде йодталуға тиіс.

337. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жүкті әйелдерге құрамында йод және темір бар препараттарды тегін беру көзделген.

338. Республикадағы халық темір тұздарының негізгі жеткізгіштері болып табылатын ет және балық өнімдерін тұтынудың салыстырмалы төмен деңгейімен, темір тұздарының сіңуін жақсартуға ықпал ететін көкөністер мен жемістерді (әсіресе қысқы-көктемгі кезеңде) және "С" витаминін тұтынудың қатысты төмен деңгейімен, темір тұздарының абсорбциясын нашарлататын шайды мол көлемде жаппай тұтынумен сипатталатындығын ескере отырып, "Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында бидай ұнын витаминді-минералдық қоспамен міндетті түрде форсификациялау көзделген. Бидай ұнын витаминді-минералдық қоспамен форсификациялау тамақ өнімдерін витаминдермен және минералдармен байыту бойынша әлемде жинақталған тәжірибеге негізделі отырып, темір мен басқа да тағамдық заттарды тұтынудың ДДСҰ ұсынатын көлеміне негізделген.

339. Семей ядролық сынақ полигонында тұрғындардың сәулеленуінің келешектегі зардаптарын барынша азайту мақсатында "Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигонының проблемаларын кешенді шешу жөніндегі 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 927 қаулысы қабылданды.

340. Бұдан басқа, республиканың денсаулық сақтау органдары ядролық сынақтар нәтижесінде зардап шеккен тұрғындарды медициналық оңалту жөнінде бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады. Атап айтқанда, Ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендердің мемлекеттік медициналық тізілімі жасалды. "Радиациялық медицина" бөлімі бойынша халыққа жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету жөніндегі бюджеттік бағдарлама іске асырылады.

341. Семей полигонындағы сынақтар салдарынан иондаушы сәулеленуден зардап шеккен тұрғындардың денсаулығы жай-күйінің мониторингін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Радиациялық медицина және экология ҒЗИ жанынан клиникалық оңалту орталығы құрылды. Қазіргі уақытта бұрынғы ядролық полигонның маңайында тұратын халықтың бастапқы скринингі жүзеге асырылуда. Радиациялық-индуцияланған аурулардың ерте пайда

болған нысандарын анықтау мақсатында Шығыс Қазақстан облысының Абай, Бесқарағай, Бородулиха аудандарының тұрғындары тексерілді.

342. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалаудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2005 жылы Шығыс Қазақстан облысы үшін денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға, оның ішінде Семей қаласында Облыстық онкологиялық диспансердің 2006 жылы аяқталатын Радиологиялық орталығын салуға қаражат көзделген.

343. БҰҰ Ассамблеясының 52-шешімдерін іске асыру шеңберінде Жапония Үкіметі "Семей өңірінде медициналық қызметті жақсарту" жобасы бойынша грант беріп, Семей қаласының медициналық мекемелеріне жәрдем көрсетті. Жобаны іске асыру барысында қатерлі ісік ауруларын, қалқанша безі ауруларын, қан ауруларын анықтау үшін диагностикалық жабдық сатып алынды.

344. Комитет ұсынымдарының 57-тармағында талап етілгендей, АҚТҚ/ЖҚТБ-ға, нашақорлыққа, алкоголизмге және темекі шегудің жоғары деңгейіне байланысты проблемаларға ерекше мән беріледі.

345. 2005 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасында АҚТҚ жұқтырған 5541 адам, оның ішінде 14 жасқа дейінгі 41 бала тіркелді, бұл инфекция жұқтырғандардың жалпы санының 0,74 пайызын құрады.

346. Инфекция жұқтырғандарды жас бойынша топтарға бөлуді мынадай түрде көрсетуге болады:

- 0-ден 1 жасқа дейін 13 адам (0,2 пайыз),
- 2-ден 5 жасқа дейін 10 адам (0,2 пайыз),
- 6-дан 10 жасқа дейін 2 адам (0,04 пайыз),
- 11-ден 14 жасқа дейін 16 адам (0,3 пайыз),
- 15-тен 19 жасқа дейін 498 адам (9,0 пайыз).

347. АҚТҚ жұқтырғандарды әлеуметтік топтар бойынша бөлуді мынадай түрде көрсетуге болады:

- мектепке баратын балалар - 31 адам (0,6 пайыз);
- мектеп жасындағы ұйымдастырылмаған балалар - 22 адам (0,4 пайыз);
- мектепке дейінгі жастағы ұйымдастырылмаған балалар - 23 адам (0,4 пайыз);
- арнайы орта оқу орындарының және жоғары оқу орындарының оқушылары - 77 адам (1,4 пайыз).

348. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 желтоқсандағы N 1808 қаулысымен бекітілген ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 қаулысымен бекітілген ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаға сәйкес адамның мінез-құлқы

алдын ала араласу үшін басымды болып айқындалды. Мынадай нысаналы топтар: есірткі тұтынушылар, жезөкшелікпен айналысатын адамдар, жасөспірімдер мен жастар халықтың басымды топтары болып іріктелді.

349. Индетке қарсы әрекет ету жөніндегі шаралар бес түйінді бағыт бойынша қабылданатын болады:

1) құқықтық қатынастар саясатын жетілдіру, алдын ала және емдеу мақсатындағы араласуларды жүзеге асыру үшін қолайлы құқықтық және әлеуметтік орта жасау;

2) алдын алу бағдарламаларын іске асыру;

3) емдеу, күтім және қолдау бағдарламаларын өмірге енгізу;

4) АҚТҚ инфекциясынан зардап шеккен адамдарға арналған әлеуметтік жобаларды іске асыру;

5) эпидемиологиялық қадағалауды, мониторингіні, бақылауды, жоспарлауды және болжамдауды жетілдіру.

350. Қазіргі уақытта халық арасында алдын алу іс-шараларының кешені өткізіледі. Инъекциялық есірткі тұтынушылар арасында алдын алу бағдарламалары белсенді түрде жүргізілуде. 89 сенім пункті құрылды, мұнда пайдаланылған шприцтерді ауыстыру, нашақорларға консультация беру, АҚТҚ жұқтыру тұрғысынан қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру үшін ақпараттық жұмыс жүргізіледі. Қазіргі уақытта жезөкшелікпен айналысатын адамдар арасындағы ақпараттық жұмыс жөніндегі жобаны іске асыруға кірістік.

351. ЖҚТБ орталықтарының, салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтарының, қоғамдық ұйымдардың бастамасы бойынша жастар үшін ЖҚТБ мәселелеріне арналған түрлі бұқаралық іс-шаралар: театрландырылған көріністер, сурет, шығарма конкурстары, концерттер, КТК-лар, сұрақ және жауап кештері өткізіледі, дискотекаларда ақпараттық жұмыс жүргізіледі.

352. Бұл жұмыс жүйелі сипатта болмайтынын және әдетте ұйымдастырылған ұжымдарды қамтитынын ескере отырып, ақпараттық жұмыспен ұйымдастырылмаған жастарды қамту жоспарланып отыр. Ақпараттық материалдарды шығаруға және бұқаралық іс-шаралар өткізуге қаражаттың жетіспеуі негізгі проблема болып табылды.

353. Қазақстан Республикасы ана мен бала денсаулығын қорғауға бағытталған бағдарламаларды іске асыру жөнінде халықаралық ұйымдармен белсенді жұмыс жасайды.

354. Халықаралық ұйымдардың техникалық қолдауымен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған Балалық шақ ауруларын кіріктіре жүргізу стратегиясын енгізу жөніндегі жұмыс жалғасуда. Бұл стратегияның негізгі мақсаты балғын жастағы балаларға амбулаторлық деңгейде медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттыру болып табылады. Ағымдағы кезеңде Балалық шақ ауруларын кіріктіре жүргізу

стратегиясын енгізу республиканың бес облысында (Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан) және Астана қаласында жүзеге асырылады.

355. Жүргізіліп жатқан жұмыстың қазірдің өзінде нәтижелері бар. Республикада жаңа туған нәрестелердің аурушандығы азайды, ана сүтімен тамақтандыруды қолдау және тарату саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Тек ана сүтімен тамақтанатын алты айлық жасқа дейінгі балалардың саны соңғы жылдары үш есе өсті.

356. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ Балалар қоры арасында қол қойылған 2005 - 2009 жылдарға арналған І-негізгі келісім ЮНИСЕФ-пен ынтымақтастықтағы бағдарламалық құжат болып табылады. Осы келісімге сәйкес республикада мынадай: ана мен бала денсаулығын қорғау сапасын жақсарту бастапқы медициналық-санитарлық көмек және жастарға орайластырылған қызметтер; ата-ана дағдыларын жақсарту, микронутриенттік жетіспеушіліктің алдын алу жобаларын қамтитын "Отбасы мен қоғамның әлеуетін нығайту" бағдарламасы іске асырылады.

357. Бұдан басқа, халықаралық ұйымдармен (ДДСҰ, ЮНИСЕФ, ЮНФПА, ЗдравПлюс/ЮСАИД және басқалары) бірлесіп, республикада "Қауіпсіз аналық және балалық" жобасы іске асырылады.

Жобаның негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

1) медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жолымен әйелдерге және жаңа туған нәрестелерге көрсетілетін медициналық қызмет сапасын жақсарту;

2) денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыру;

3) ана мен бала денсаулығын қамтамасыз ету жөнінде шешім қабылдауға отбасы мен қоғамды тарту.

358. Қауіпсіз аналық стратегиясы мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) демедиализация - "жүктілік - ауру емес және босану алдын ала проблема ретінде, ал нәрестелер - пациенттер ретінде қаралмауға тиіс" екендігіне негізделген және, тиісінше, әйелдердің 80 %-ға жуығы артық араласу мен емдеуді қажет етпейді;

2) босандыруда қолданылатын барлық технологиялар әлемдік практикада қабылданғандарына сәйкес келуге, дәлелді медицинаға негізделуге және жергілікті қажеттіліктерге бейімделген болуға тиіс;

3) өңірлендіру - қызметті дамытуға босатылатын ресурстарды (дәрілік заттар, жабдық, білікті кадрлар) дұрыс пайдалануға мүмкіндік беретін мамандандырылған көмек көрсету жөніндегі медициналық қызметтерді ұтымды бөлу;

4) перинатальды көмек ақпараттылыққа, мүдделілікке және әйелдердің және оның отбасының өз денсаулықтары мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға қатысуына негізделуге тиіс.

359. 2003 жылдан бастап осы жобаны пилоттық медициналық ұйымдарда енгізу басталды. Барлық пилоттық ұйымдардағы обсервациялық бөлімдер таратылып, жеке босандыратын палаталар ашылды. Палаталарды жуғыш заттармен өңдеу жүргізілді, әрі

босандыру стерильді емес, таза жағдайда жүргізілді. Серіктестік босандырулар, босанған әйелдердің еркін келіп кетуі, ана мен әкенің нәрестені күтуге қатысуы белсенді түрде көтермеленіп отырды. Нәтижесінде, 2001 жылдың деректерімен салыстырғанда акушерлік асқынулардың жиілеп кетуі, босанғаннан кейінгі қан кету, аналардың бала тууда жарақат алуы, ерте неонатальды және ананың өлім-жітімінің, нәрестелердің науқастану көрсеткіштері төмендеді, бала тудыруда дәрі-дәрмектерді негізсіз қолдану, тууды ынталандыру және операция арқылы тудыру, рутиндік акушерлік құралдарды (клизмалар, қыру, спазмолитиктер қолдану, зәр жолын эпизио-, перинеотомиялау, катетеризациялау, нәрестенің жоғарғы демалу жолдарынан сілекей сорып алу (көрсетілімсіз), босанғаннан кейін айна арқылы туу жолдарын қарау (көрсетілімсіз) азайды, босануда баланың гипоксиясының жиілеп кетуі азайды, әйелдердің босану кезіндегі қауіпсіздік және қанағаттанушылық сезімі артты (кәсіпқойлықпен босандыру және серіктестік босанулар).

360. 2002 - 2005 жылдар кезеңінде қауіпсіз ана болу стратегиясын енгізу қорытындылары 2005 жылғы шілдеде Алматы қаласында үйлестіру кеңесінде талқыланған болатын.

361. Әйелдер мен балалардың жоғары мамандандырылған медициналық көмекке қол жеткізуін жетілдіру және арттыру мақсатында ағымдағы жылы Астана қаласында әлемдік стандартқа сәйкес келетін 500 төсектік Республикалық ана мен бала ғылыми орталығын ашу жоспарланып отыр.

362. Кемтар балалар үшін сауықтыру көмегіне жоғары қажеттілікті ескере отырып, Астана қаласында 300 төсектік Балаларға арналған республикалық сауықтыру орталығын салу басталды.

363. Әйелдер мен балаларға медициналық көмек көрсететін республикалық медициналық ұйымдарды қазіргі заманғы медициналық жабдықтармен жарақтандыру жүзеге асырылуда (Ана мен баланы қорғау республикалық ғылыми-зерттеу орталығы, Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы, "Ақсай" балаларға арналған республикалық клиникалық ауруханасы, "Алатау" балаларға арналған республикалық клиникалық санаторийі).

364. Балалар денсаулығын қорғау және денсаулық сақтау саласындағы қызметтер мәселелері 2003 жылы Конвенцияны орындау туралы бастапқы баяндаманың 254-303-тармақтарында көрініс тапқан.

Әлеуметтік қамсыздандыру, балаларға күтім көрсету
жөніндегі қызметтер мен мекемелер
(26-бап және 18-баптың 3-тармағы)

365. Қазақстан Республикасында балаларды, сондай-ақ балалары бар отбасыларын әлеуметтік қорғау бөлігінде Конвенцияның 26-бабын және 27-бабының 3-тармағын, Комитеттің ұсынымдарының 26-28, 51, 52, 53-тармақтарын орындауға ерекше назар аударылады.

366. Әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы", "Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі жөніндегі, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасы бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы", "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеуді қолдау туралы", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы", "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы", "Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау туралы", "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы", "Балалары бар отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" және басқа да Заңдары шеңберінде жүзеге асырылады.

367. Республикада көп балалы аналар мен отбасыларын әлеуметтік қолдау "Қазақстан Республикасындағы арнайы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

368. "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар; төрт және одан көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар (оның ішінде жоғары және орта арнайы оқу орындарында оқитын балалары - олар кәмелетке толғаннан кейін оқу орындарын бітіргенге дейін) көп балалы отбасылардың 3,9 айлық есептік (4017 теңге) көрсеткіш мөлшерінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы тағайындауға құқығы бар.

369. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кедейлік шегінен төмен кірісі бар көп балалы отбасыларына отбасының әрбір мүшесіне атаулы әлеуметтік көмек төленеді. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері облыстарда, Астана және Алматы қалаларында белгіленген отбасының әрбір мүшесіне есептегенде жан басына шаққандағы орташа кіріс пен кедейлік шегі арасындағы айырманы құрайды.

370. 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша атаулы әлеуметтік көмек алушылар арасында 18 жасқа дейінгі балалардың үлесі 2004 жылдың ұқсас есепті кезеңінде қалыптасқан 61,8 пайыз көрсеткіштен аса отырып, 62,6 пайызды құрады. Атаулы әлеуметтік көмек алушылар арасындағы балалар үлесінің ұлғаюына байланысты 2005 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 13,8 пайыздан (2004 жылғы 1 қаңтардағы) 14,3 пайызға дейін бала күтумен айналысатын адамдардың үлесінің артқаны байқалады.

371. Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес халықты әлеуметтік қамсыздандыруды одан әрі жетілдіру шараларын көздейтін және қазақстандықтардың іс жүзінде әрбір отбасының мүддесін қолайлы қозғайтын Әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005 - 2007 жылдарға арналған бағдарламасы іске асырылуда. Осыған байланысты 2005 жылғы 28

маусымда ана мен баланы қорғау, сондай-ақ балалары бар аз қамтылған отбасыларын мемлекеттік қолдау мақсатында "Балалары бар отбасыларына берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заңға сәйкес 2003 жылдан бастап адамның (отбасының) кірістеріне қарамастан төленетін бала тууға байланысты бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеумен қатар (15 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде) балаларға арналған жәрдемақылардың қосымша екі түрін енгізу көзделген:

2006 жылғы 1 қаңтардан бастап - 18 жасқа дейінгі балаларға арналған жәрдемақылар, олар отбасыларына азық-түлік себеті құнынан төмен жан басына шаққандағы орташа кірістен төленеді. Балаларға арналған жәрдемақылар мөлшері әрбір балаға ай сайын 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды (2006 жылы 1030 теңге);

2006 жылғы 1 шілдеден бастап - бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі жөніндегі жәрдемақы, ол ай сайын отбасының кірісіне қарамастан төленеді.

372. Бұл ретте бала күтімі жөніндегі жәрдемақылардың мөлшері бала туу кезектілігіне қарай сараланатын болады және мыналарды құрайды:

бірінші балаға - 3 айлық есептік көрсеткіш;

екінші балаға - 3,5 айлық есептік көрсеткіш;

үшінші балаға - 4 айлық есептік көрсеткіш;

төрт және одан астам балаға 4,5 айлық есептік көрсеткіштен.

373. Жәрдемақылардың мөлшері мемлекеттің экономикалық мүмкіндіктерін негізге ала отырып белгіленген және тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілетін айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты жыл сайын ұлғайтылатын болады.

374. "Балалары бар отбасыларына төленетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін 2006 жылы мемлекет балаларға арналған жәрдемақыны төлеу үшін 6,5 млрд. теңге, бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу үшін - 6,3 млрд. теңге және бала тууға байланысты жәрдемақы төлеу үшін - 4,3 млрд.теңге көзделген.

375. Конвенцияның 3-бабының 3-тармағын іске асыру мақсатында республикада 90 үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері құрылып, жұмыс істейді, олар 10 мың мүгедек балаға қызмет көрсетеді. Білім беру бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар желісі, сауықтыру орталықтары, медициналық-әлеуметтік сауықтыруға және денсаулығында ауыр кемшілігі бар балаларды барынша ықтимал дамытуға бағдарланған түзету кабинеттері желісі дамуда.

376. Республикада балаларға арналған 18 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді, оның 17-сі ақыл-есі артта қалған балаларға арналған, 1-еуі дене бітімінде кемшілігі бар балаларға арналған, оларда 2988 мүгедек бала тұрады, оның ішінде 737-сі жетімдер немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар. Қазақстан Республикасы

осы балаларды ұстауға арналған шығындарды жыл сайын ұлғайту жөнінде шаралар қабылдауда. Мәселен, егер 2003 жылы көрсетілген шығындар бір тұрғынға шаққанда 231,0 мың теңгені құраған болса, онда 2004 жылы - 286,7 мың теңгені құрады.

377. Конвенцияның 23-бабын орындау мақсатында 2008 жылғы сәуірде "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды. Осы Заң мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын нақтылайды және жүйелендіреді. Онда мүгедектердің әлеуметтік қорғалуға, қоғамға кірігуге, ақпаратқа қол жеткізуге, білім алуға, денсаулық жағдайын ескере отырып қызмет түрін еркін таңдап алуға, тегін медициналық көмекке, кәсіби даярлыққа және қайта даярлауға, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға құқықтары белгіленген. Заңда сондай-ақ мүгедектерді медициналық, әлеуметтік және кәсіби сауықтыруды жүргізу жөніндегі нақты іс-шараларды реттейтін нормалар белгіленген.

378. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1276 қаулысына сәйкес I және II топтағы мүгедектер, бала жасынан мүгедектер, мүгедек балалар үшін кәсіптік орта және жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына түсу кезінде 0,5 пайыз, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін - бекітілген мемлекеттік білім тапсырысының 1 пайызы мөлшерінде квота көзделеді.

379. Жоғары оқу орындарында білім алатын, кәсіптік орта оқу орындарында оқитын, мемлекеттік тапсырыс немесе грант бойынша білім беру ұйымдарында оқитын мүгедектерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стипендиямен қамтамасыз ету жөніндегі жеңілдіктер ұсынылады. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 10 желтоқсандағы N 1903 қаулысымен бекітілген Білім беру ұйымдарында оқитын жекелеген санаттарға мемлекеттік стипендиялар тағайындау және төлеу ережесіне сәйкес зағип немесе саңырау-мылқау студенттерге, кәсіптік жоғары оқу орындарының магистранттарына, кәсіптік орта оқу орындарының оқушыларына стипендияның бастапқы мөлшерінің 75 пайызы мөлшерінде стипендияға үстемеақы белгіленген.

380. Соғыс іс-қимылында не әскери қызметтің өзге міндеттерін орындау кезінде, Чернобыль АЭС-інің және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілерде радиациялық апаттардың және авариялардың, ядролық қаруды сынау салдарынан және олардың мүгедектігі ата-анасының біреуінің радиациялық сәулеленуіне генетикалық байланысты жағдайда жаралану, контузия алу, жарақаттану немесе жауынгерлік іс-қимылдарда пайда болған аурулар салдарынан мүгедек болып қалған кәсіптік жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, кәсіптік орта оқу орындарының оқушыларына стипендияға үстемеақы стипендияның бастапқы мөлшерінің 50 пайызын құрайды.

381. 18 жасқа дейін мүгедек балалар "Мүгедектерді сауықтырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 754 қаулысымен бекітілген Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен және техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз ету ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік тапсырыс қаражаты есебінен әлеуметтік сауықтырудың көрсетілген түрлерімен қамтамасыз етіледі.

382. Қабылданып отырған шаралардың нәтижесінде соңғы жылдары мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен және есту-протездеумен қамтамасыз етуге арналған құралдарды қаржыландыру едәуір ұлғайды. Мәселен, егер 2002 жылы протездік-ортопедиялық көмек көрсетуге бюджеттен мүгедектерге 143,2 млн. теңге, сурдо-құралдарды сатып алуға - 91,9 млн. теңге бөлінген болса, 2005 жылы тиісінше, 444,9 млн. теңге және 221,4 млн. теңге бөлінді.

383. 2004 жылы 8678 мүгедек бала протездік-ортопедиялық көмек, 1536 бала есту-протездеу көмегін алды, 2005 жылы тиісінше 9 мың және 1200 мүгедек бала.

384. Мүгедектерді оңалтудың 2002 - 2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру медициналық-әлеуметтік сараптама қызметін қайта ұйымдастыруды қамтамасыз етуге, тұрақты әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің, үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің желісін кеңейтуге, мүгедектерге көрсетілетін техникалық көмекші құралдардың көлемін ұлғайтуға және сапасын жақсартуға, мүгедектердің инфрақұрылымға қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды көздеуге мүмкін берді.

385. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 17 қаулысымен "2006 - 2008 жылдарға арналған Мүгедектерді сауықтыру бағдарламасы" бекітілді. Осы Бағдарлама мүгедектіктің алдын алу жүйесін жетілдіруді, сондай-ақ дене бітімі, ақыл-есі, психикалық және сенсорлық кемшіліктің (бірінші деңгейінің алдын алу) туындауының алдын алуға және кемшіліктің тұрақты функционалдық шектеуге немесе мүгедектікке (екінші деңгейдің алдын алу) ауысуының алдын алуға бағытталған шаралар кешенін көздейді.

Бағдарламаны іске асыру мыналарды қамтамасыз етеді:

1) әйелдер консультациялары мен босандыратын мекемелерде әйелдерді; ерте жастағы балаларды скринингтік тестілеуді уақтылы жүргізуді және оның сапасын жақсартуды, бұл оның дамуын бастапқы сатысында патологиясын анықтауға мүмкіндік береді;

2) жұмыс орындарын аттестаттауды жүргізуді, еңбек шарттарын, қауіпсіздігін және оны қорғауды сақтауды;

3) мүгедектігі бар адамдардың дерекқорын жасауды.

386. 2002 - 2005 жылдарға арналған Мүгедектерді оңалтудың бағдарламасын іске асыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі 2004 жылы "Мүгедектердің орталықтандырылған дерекқоры" атты аппараттық-бағдарламалық қамсыздандыруды дайындап, енгізуді бастады.

387. Қазақстан Республикасы Комитет ұсынымдарының 52-тармағын және 54-тармағының б) тармақшасын орындау мақсатында 2004 жылғы желтоқсанда "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 126 Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Осы толықтыруларға сәйкес мүгедектігі бойынша жәрдемақыға құқығы бар мүгедек балалар санатына 18 жасқа дейінгі балалар енгізілді. "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға 0,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (927 теңге), I, II топтағы 16-дан 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға - 1,4 айлық есептік көрсеткіш (1442 теңге), III топтағыларға - 0,6 айлық есептік көрсеткіш (618 теңге) төленеді. Жәрдемақының мөлшері жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен бекітілетін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің өзгеруіне байланысты ұлғайтылады.

388. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедек балалары бар отбасыларына үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері құрылады. Бөлімшелердің негізгі міндеттері сырттан күтім жасауға мұқтаж мүгедек балаларды анықтау, оларды әлеуметтік дағдыға, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларына үйрету, демалыс ұйымдастыру, ата-аналар мен отбасы мүшелерін мүгедек балалармен қарым-қатынас жасауға және оларға күтім жасауға үйрету, консультативтік-медициналық және құқықтық көмек көрсету болып табылады. 2003 - 2004 жылдары шамамен 10 мың мүгедек балаға қызмет көрсететін осындай 90 бөлімше құрылды.

389. Конвенцияның 26-бабын іске асыру мақсатында 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекет жүзеге асыратын азаматтарды әлеуметтік қорғау нысандарының бірі ретінде міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін белгілейтін Қазақстан Республикасында "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Заң қолданысқа енгізілді.

390. Міндетті әлеуметтік сақтандыру түрлерінің бірі асыраушысынан айрылу жағдайында сақтандыру болып табылады.

Асыраушысынан айрылу жағдайында әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен алуға ол үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы - қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз жоғалған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасының мынадай мүшелерінің құқығы бар:

1) егер олар он сегіз жасқа толғанға дейін мүгедек болып қалса, он сегіз жасқа толмаған және осы жастан жоғары балалары, оның ішінде асырап алған балаларының, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің және немерелерінің. Егер осы тармақшада көрсетілген адамдар жалпы орта, кәсіптік бастауыш оқу орындарында, кәсіптік орта және жоғары білім берудің күндізгі нысаны бойынша оқитын болса, әлеуметтік төлем оқу орнын бітіргенге дейін жүзеге асырылады;

2) егер ол қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз жоғалған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының бір жарым жасқа толмаған балаларына, аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне немесе немерелеріне күтім жасаумен айналысса, жасына және еңбек қабілеттілігіне қарамастан, ата-аналарының бірінің немесе ерінің-зайыбының, не атасының, әжесінің, аға-інісінің немесе апа-сіңлісінің.

391. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға - олар үшін әлеуметтік аударымдар жүргізілген міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға тағайындалған әлеуметтік төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес әрбір айрылған ата-анасы үшін асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) төленеді.

392. Асыраушысынан айрылу жағдайында төленетін әлеуметтік төлемдер оның қамқорлығындағы қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз жоғалған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасы мүшелеріне қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз жоғалған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушының отбасы мүшесі (мүшелері) әлеуметтік төлемдер алу құқығын сақтап қалатын уақыт кезеңі ішінде ай сайын төленеді.

VIII. Білім беру, демалу және мәдени іс-шаралар

Кәсіптік даярлық пен бағдар беруді қоса алғанда, білім беру
(28-бап)

393. Республикада білім алу құқығына Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген. Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабына сәйкес азаматтарға міндетті тегін орта білім алуға кепілдік беріледі.

394. Республиканың ұлттық білім беру моделі білім берудің 4 деңгейін қамтиды, бұл 1997 жылы ЮНЕСКО ұсынған Халықаралық білім беру жіктемесіне сәйкес келеді:

- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту,
- орта білім беру,
- кәсіптік жоғары білім беру,
- жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

395. Қазіргі уақытта республикада жаңа туған және кәмелетке толған (0-ден 18 жасқа дейін) 5 миллионнан астам бала тұрады. Оның: 1 млн. 508 мыңы мектепке дейінгі жастағы балалар, 3 миллионға жуығы - мектеп жасындағы балалар.

396. Жаңа жағдайларда білім беру жүйесін дамыту елдің әлеуметтік-экономикалық өсуінің анықтаушы факторына айналуда, сондықтан бүгінгі таңда білімнің сапасы мен

құндылығына сұраныс жоғары. Осы мақсатта Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

397. Оны іске асыруға республикалық бюджеттен 330 млрд. теңгеден астам немесе 2,5 млрд. АҚШ долларынан жоғары қаражат бөлу көзделген. Осы шара білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын барлық жерде нығайтуға мүмкіндік береді.

398. Қазақстан Республикасына білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі тәрбиенің қол жетімділігіне едәуір көңіл бөлініп отыр.

399. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1353 қаулысымен мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгі ережесі бекітілген, онда мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі түрлері мен функциялары белгіленген, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды ұстағаны үшін ата-аналардың ақы төлеу тәртібі белгіленген. Кемтар балалар және туберкулезбен ауыратындармен байланыста болатын балалар балабақша үшін ақы төлеуден босатылады.

400. Мектепке дейінгі білім берудің аз шығынды нысандарын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2005 жылғы 27 маусымда N 441 "Балалар толық және толық емес болатын мектепке дейінгі шағын орталықтар қызметінің үлгі ережесін бекіту туралы" бұйрықты шығарды. Мектепке дейінгі шағын орталықтар аптасына 2-ден 7 ретке дейін, күніне 2-ден 10 сағатқа дейін таңертеңгі сағатта да, күннің екінші жартысында да икемді режим бойынша жұмыс істей алады.

401. Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі реформаларды тереңдету үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 410 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бекітілді. Стандартты қабылдау әрбір баланың республиканың бүкіл аумағында балаларды мектепте оқуға даярлаудың баламалылығын және бірыңғай бастапқы деңгейін қамтамасыз ететін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының міндетті минимумын алуы үшін жағдай жасайды.

402. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 1233 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді, онда 192,5 мың бала тәрбие алуда. Мектепке дейінгі ұйымдар желісі 2003 жылмен салыстырғанда 127 бірлікке, контингент - 31,3 мың балаға ұлғайды. 2005 жылдың өзінде 10,2 мың орындық 102 мектепке дейінгі ұйым ашылды, оның ішінде қалалық жерлерде - 34, ауыл - 68. Мектепке дейінгі жастағы балаларды балабақшалардың қамтуы 2003 жылмен салыстырғанда орта есеппен елімізде 4,1 пайызға өсті және 23,2 пайызды құрайды. Қалада 36,4 пайыз (+4,7 пайыз), ауылда - 6,7 пайыз (+2,2 пайыз) бала балабақшаға барады.

Облыс атаулары	2003 жыл	2005 жыл	2003-2005 серпін

	МДҰ саны	Олардағы бала	1-6 жастағы балалардың санынан МДҰ қамтыған балалардың %-ы	МДҰ саны	Олардағы бала	1-6 жастағы балалардың санынан МДҰ қамтыған балалардың %-ы	1-6 жастағы балалардың санынан МДҰ қамтыған балалардың %-ы
1	2	3	4	5	6	7	8
Ақмола	75	6857	18,8	85	8035	22,2	+3,4
Ақтөбе	72	8607	20,2	71	10194	29,3	+9,1
Алматы	44	4729	4,5	51	6371	6,2	+1,7
Атырау	84	8553	31,4	90	9867	33,1	+1,7
ШҚО	72	11751	19,0	80	13743	23,4	+4,4
Жамбыл	47	8168	14,1	53	9256	16,1	+2
БҚО	63	8508	27,6	72	9768	31,4	+3,8
Қарағанды	127	19382	33,7	140	22517	46,8	+13,1
Қызылорда	67	4476	7,9	91	6914	14,4	+6,5
Қостанай	72	8726	22,6	76	10676	27,0	+4,4
Маңғыстау	30	6500	20,6	34	7346	31,3	+10,7
Павлодар	73	10950	34,5	82	13470	36,9	+2,4
СҚО	26	3561	13,0	41	5076	19,2	+6,2
ОҚО	107	14780	10,4	117	18547	11,8	+1,4
Алматы қ.	153	25200	39,2	155	28750	40,3	+1,1
Астана қ.	44	9970	36,6	45	12000	43,6	+7
БАРЛЫҒЫ	1156	160718	19,1	1283	192530	23,2	+4,1

403. Бес-алты жастағы балаларды міндетті мектепалды даярлауды қамтамасыз ету үшін елімізде 13231 мектепалды сыныптар мен топтар жұмыс істейді. Соңғы 3 жылдың өзінде білім беру органдары мектептер мен балабақшалар жанынан 1187 мектепалды сыныптар мен топтар құрды. Нәтижесінде 2003 жылы 63 пайыз орнына 72 пайыз бала мектепалдында қамтылды. Қалалық жерлерде 75 пайыз бала (+8 пайыз), ауылдық жерлерде - 68 пайыз (+11 пайыз) бала мектепалды даярлық бағдарламасын алуда.

404. Мектепке дейінгі білім беруді мемлекеттік қаржыландыру екі көзден: республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады. Жергілікті бюджеттердің мектепке дейінгі білім беруге арналған шығыстары елімізде 2003 жылы 30,7 млн. АҚШ долларынан 2005 жылы 72,6 млн. АҚШ долларына дейін өсті. Мектепке дейінгі ұйымда бір баланы ұстау жөніндегі орташа шығыстар 2003 жылы 181,2 доллардан 2005 жылы 430 долларға дейін өсті.

Жергілікті бюджеттердің мектепке дейінгі ұйымдарға

арналған шығыстары

мың теңге

	2003				2005			

Облыс, қала	Шығыстар	Мемлекеттік МДҰ	Олардағы бала саны	Бір балаға шығыс	Шығыстар	Мемлекеттік МДҰ	Олардағы бала саны	Бір балаға шығыс
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ақмола	50 007	59	6 158	8,12	201 220	69	7304	27,549
Ақтөбе	210 851	62	7 758	27,18	453 909	64	9407	48,252
Алматы	139 417	30	3 763	37,05	376 952	38	5343	70,551
Атырау	397 305	80	8 033	49,46	956 845	85	9359	102,238
ШҚО	186 481	56	9 560	19,51	226 038	65	11400	19,828
Жамбыл	318 186	47	8 168	38,96	576 349	53	9256	62,268
БҚО	254 525	62	8 508	29,92	591 141	72	9816	60,222
Қарағанды	459 001	83	13 960	32,88	925 255	96	16099	57,473
Қызылорда	93 454	63	4 111	22,73	160 518	88	6482	24,764
Қостанай	167 603	43	6 949	24,12	486 447	56	9081	53,568
Маңғыстау	291 105	29	6 311	46,13	484 319	31	7025	68,942
Павлодар	354 493	69	10 719	33,07	749 669	78	13279	56,455
СҚО	78 426	15	2 094	37,45	459 780	30	4107	111,950
ОҚО	477 638	94	13 344	35,79	946 561	108	17490	54,120
Алматы қ.	728 650	126	22 053	33,04	1 330 594	128	25289	52,616
Астана қ.	384 080	40	9 798	39,20	717 414	41	11614	61,771
Жиыны	4 591 222	958	141287	32,50	9 643 011	1102	172351	55,950
А Қ Ш долларымен	30,7 млн.			217	74,2 млн.			430
Доллар бағамы	150				153			130

405. Мүдделі министрліктермен ведомстволармен, жергілікті атқарушы органдармен өзара қарым-қатынастарды үйлестіру, мемлекеттің мектепке дейінгі білім беру қызметтерін ұсыну, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді сапалы ғылыми-әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыру саласындағы саясатын түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі N 405 қаулысымен "Мектепке дейінгі балалық шақ" республикалық орталығы құрылды. Алматы, Семей, Қостанай, Шымкент қалаларында барлық мектепке дейінгі білім беру буындарының жұмысын тікелей үйлестіретін филиалдар ашылды.

406. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес балабақша әйелдердің жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін және әлеуметтік жағынан қорғалмаған және аз қамтылған отбасыларына қолдау көрсететін әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Осыған байланысты 5 жасар балаларға арналған Базалық жалпы білім беретін мектепалды

бағдарламасын әзірлеу, оларда "мектеп - балабақша" кешендерін, мектепке дейінгі тәрбие шағын орталықтарын құру мақсатында ауылдық мектептерді қайта құрылымдау жоспарланып отыр.

407. Отбасымен ынтымақтасу мақсатында тәрбиеші педагогтарды кәсіптік даярлау процесі реформалануда. Қазіргі уақытта жеке басына бағдар беру, интерактивтік әдістерге студенттерді оқыту көзделетін педагогикалық жоғары оқу орындары мен колледждердің білім беру стандарттары әзірленуде.

408. Қазақстан Республикасына білім беруді дамытудың 2005 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде мыналар көзделген:

- 1) 2008 - 2010 жылдары 23 мың орындық 164 мектепке дейінгі ұйымдар салу;
- 2) білім беру ұйымдары базасында 20 мың орындық 800 мектепке дейінгі шағын орталықтар құру (2008 - 2010 жылдары);
- 3) кемтар балаларды мектепке дейінгі білім беру жүйесіне тарту үшін 380 түзету және инклюзивті білім беру кабинеттерін ашу (2008 - 2010 жылдары);
- 4) 75 пайыз бес жасар балалар жақсартылған оқу-әдістемелік, кадрлық және материалдық-техникалық базамен "мектепалды" институтымен қамтылатын болады.

409. Республикада әрбір баланың лайықты және сапалы білімге құқығын іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау жөніндегі жұмыс жалғасуда.

410. 2003 - 2004 оқу жылында Қазақстан Республикасына 7925 жалпы білім беретін мектеп (кемтар балаларға арналған арнаулы білім беру ұйымдарынсыз) жұмыс істеді, оның 3687-сі (44,6 пайыз) - қазақ, 2231-і (26,7 пайыз) - орыс, 2243-і (26,1 пайыз) - аралас, 80-і (1,0 пайыз) - өзбек, 14-і (0,2 пайыз) - ұйғыр, 3-еуі (0,003 пайыз) - тәжік, 1-еуі - украин тілінде оқытады.

411. Бастауыш мектептің өзекті мәселелерінің бірі білім алушылардың мүдделерін сақтауды қамтамасыз ететін, төменгі мектеп жасындағы оқушыларды оқу ісіне ойдағыдай бейімдеуге ықпал ететін басымдылық болып табылады.

N	Атауы	2003-2004 ж.ж.	2004-2005 ж.ж.	2005-2006 ж.ж.
1	2	3	4	5
1.	Бастауыш сыныптардың барлық оқушысы	1058962	1009371	959271
	- оның ішінде қыздар	517848	493365	469430
	- екінші жылға қалғандар	1195	1068	939
	- оның ішінде қыздар	375	308	319
	- оқу озаттары	173768	165103	152025
	- білім сапасы			
2.	Педагог қызметкерлер саны (1-4 сынып мұғалімдері)	59065	58524	57296
	- қосалқы жұмыс істемейтін педагог қызметкерлер саны (1-4 сынып)	54834	54017	55852
	- оның ішінде әйелдер	58021	57418	56316

3.	Бірінші сыныпқа қабылдау	236,0	235,1	227,4
4.	Сыныптардың орташа толтырылуы	18,7	-	17,6
5.	Шағын комплектілі бастауыш мектептер саны	1115		
	- оларда біріктірілген сыныптар	6001	5469	5113
	олардағы оқушылар	49673	46315	44709
6.	Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып педагогтарының сапалық құрамы			
	- жоғары білім	24140		308829 (55,6%)
	- толық емес жоғары	3350		2477 (4,5%)
	- жоғары санат	4208	4727	
	- бірінші санат	12624		13749
	- екінші	19296		19228
	- санаты жоқ	21665		17818
7.	Оқулықтармен қамтамасыз ету	73%	72%	73%
	- 1-сынып үшін атаулар саны			57
	- 2-сынып үшін			55
	- 3-сынып үшін			59
	- 4-сынып үшін			60
	- бастауыш сыныптардағы қазақ тілі			25
	- экспериментальды 2-сыныптар үшін ағылшын тілі			12
	Барлық атаулары:			268

412. Балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында 2005 жылы республикалық бюджеттен жобалық қуаты 21,9 мың оқушы орын 44 ауылдық мектеп салуға 6 млрд. теңге бөлінген, 4 млрд. 212 млн. теңге сомасына 23 мектеп пайдалануға берілді. Жергілікті бюджеттің есебінен 7,6 мың оқушы орнына 3 млрд. 472 млн. теңге сомасына 32 мектеп салынды.

413. Мемлекеттік ауылдық білім беру ұйымдарының материалдық базасын нығайту жөнінде елеулі жұмыс жүргізілді. Мәселен, 2005 жылы жергілікті бюджеттен мемлекеттік ауылдық білім беру ұйымдарының материалдық базасын нығайтуға 3 млрд. 480 млн. теңге немесе республика бойынша бөлінген қаражаттың жалпы сомасының 72,6 пайызы бөлінді.

414. Олардан ауылдық ұйымдардың 285 физика, химия, биология кабинеттері үшін оқу жабдықтарын сатып алуға 1 млрд. 903 млн. теңге, 2661 мектеп жиһазын сатып алуға - 149,4 мың теңге, спорттық мүкәммал, компьютерлік сынып, еңбек кабинетін, лингафондық, мультимедиялық кабинеттер сатып алуға - 1 млрд. 427 млн. теңге бөлінді.

415. Еуропалық Одақтың "Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыта отырып, кәсіптік білім беру мен оқытудың байланысы" жобасы шеңберінде Алматы облысының кәсіптік мектептерінің (лицейлерінің) материалдық базасын нығайтуға -

25,6 млн. теңге, Шығыс Қазақстандікіне - 6,9 млн.теңге, Қостанайдікіне - 7,4 млн.теңге, Маңғыстаудікіне - 37,1 млн.теңге, Павлодардікіне - 5,9 млн.теңге, Солтүстік Қазақстандікіне - 9,9 млн. теңге, Оңтүстік Қазақстандікіне - 33,9 млн. теңге бөлінді.

416. Мектептерді жаңа формацияның біліктілігі жоғары мұғалімдерімен қамтамасыз ету, мұғалім кәсібінің беделін арттыру, сондай-ақ орта білім берудегі реформаларды педагогикалық сүйемелдеу мақсатында Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2004 жылғы наурыздағы Жолдауында 12 жылдық мектеп педагогтарын даярлауға қосымша 5 мың (қазір бар 3 мыңға қоса) грант бөлу және мұғалімдердің біліктілігін неғұрлым сапалы деңгейге көтеру туралы тапсырма берілген.

417. Республикада студенттікті әлеуметтік қолдау жөнінде жұмыс жүргізілуде:

жоғары оқу орындарының студенттері үшін Қазақстан Республикасы Президентінің атаулы стипендияларының саны 1000-ға көбейтілді;

2004 жылмен салыстырғанда орта есеппен 78,7 пайызға: колледж оқушыларына 5147 теңге, студенттер мен магистранттарға - 6434 теңге, интерндерге - 11652 теңге сомасында жоғарылатылған стипендия мөлшері белгіленді.

Студенттер үшін Президент стипендиясы 12686 теңгені құрайды; колледждер мен жоғары оқу орындарында мемлекеттік тапсырыс негізінде оқытындардың жолақысына өтемақы төленетін болады;

білім беру гранттарының көлемі ұлғаяды, екінші деңгейдегі банктер арқылы студенттік кредит беру дами бастайды;

бұрын мемлекеттік білім беру кредиттері бойынша оқып келгендер 2005 жылғы 1 қыркүйектен бастап мемлекеттік білім беру гранттары бойынша оқуға көшірілді.

418. Он жылдан астам уақыттан бері Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы нысаналы мақсатта іске асырылуда, оның мақсаты неғұрлым талантты жастарды еліміз үшін неғұрлым басым мамандықтар бойынша шет елдердің үздік жоғары оқу орындарында оқыту болып табылады. Ел Президентінің атынан берілетін "Болашақ" стипендиясы - жастардың қабілетін танудың ең жоғары дәрежелерінің бірі, сондықтан да үміткерлерге қойылатын талаптар өте жоғары.

419. 1994 жылдан бастап Қазақстанның 2556 неғұрлым талантты жас азаматы "Болашақ" стипендиясына ие болды.

420. 2005 жылы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша "Болашақ" стипендиясы бойынша стипендиялардың саны 3 мыңға дейін ұлғайды. "Магистрлер" мен "PhD докторанттарымен" қатар шет елдердің үздік жоғары оқу орындарында бакалаврлар да дайындап шығарылатын болады.

421. "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқыту географиясы едәуір кеңейді. Қазақстандықтар сондай-ақ шығыс Еуропа (Венгрия, Польша, Чехия және т.б.), Азия және Океания (Қытай, Сингапур, Оңтүстік Корея, Малайзия, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия) елдеріне жіберілетін болады.

422. Кәсіптік даярлық пен бағдар беруді қоса алғанда, білім берудің қол жетімділігі мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 304-334-тармақтарында көрсетілген.

Білім берудің мақсаттары
(29-бап)

423. Қазақстан Республикасында білім берудің негізгі мақсаты адам ресурстарын даярлау және жеке адам мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру сапасын арттыру болып табылады.

Білім берудің басқа мақсаттары 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 304-334-тармақтарында көрсетілген.

Демалыс, бос уақыт және мәдени қызмет
(31-бап)

424. Конвенцияның 31-бабын іске асыру мақсатында республикада балалардың демалуға, мәдени және шығармашылық қызметке жан-жақты қатысуына құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдануда.

425. Балалардың демалуға, бос уақытқа және мәдени қызметке құқығы негізінен мектептен тыс ұйымдар желісі арқылы іске асырылады. Бұл - балалар және жасөспірімдер шығармашылығы сарайлары, үйлері, орталықтары, кешендері, студиялары, жас техниктер, туристер, натуралистер станциялары мен базалары, балаларға арналған музыкалық, спорт мектептері, өнер мектептері, қызығушылығы бойынша клубтар, спорт, сауықтыру, туристік лагерьлер және т.б.

426. Қазіргі уақытта республикада 586 мектептен тыс ұйым, оның 216-сы - ауылдық жерлерде, 500-ден астам аула клубтары, 5 мыңнан аса спорт залдар, 8,5 мың спорт алаңдары жұмыс істейді.

427. Қазіргі уақытта республикада 7 мыңнан астам жалпы білім беретін мектептерде 50 мыңға жуық әр түрлі үйірмелер, студиялар мен секциялар әрекет етеді, онда шамамен 40 пайыз мектеп оқушылары негізгі оқу бағдарламаларымен қатар әр түрлі білім салалары мен шығармашылық қызметте қосымша білім бағдарламаларын меңгереді.

428. Шығармашылық жеке адамды, ерте кәсіптік бағдар беруге және баланың өзін-өзі орналастыруына, балалардың болашақ кәсіптік білім негіздерін алуына тәрбиелеуге 297 көркем бағытта қосымша білім беру ұйымдары (халықтық қолөнер орталықтары, шығармашылық шеберханалар, өнер студиялары, мектептері, музыка мектептері және басқалар) ықпал етеді.

429. Соңғы жылдары білім беру мекемелері: лицейлерде, гимназияларда, орта жалпы білім беретін мектептерде, өнерге тереңдетіп үйрететін мектептерде, бейінді көркем сыныптарда балаларды өнерге тарту жандандырылуда.

430. Осы бағытты одан әрі дамыту, көркем білім беру стратегиясын әзірлеу, мүдделі ведомстволар мен ұйымдардың күш-жігерін үйлестіру мақсатында Мектептен тыс ұйымдардың директорлар кеңестері құрылды.

431. Балалардың ғылыми-техникалық шығармашылығын дамыту үшін республикада 14 жаңа техниктер станциясы жұмыс істейді, онда 7 мыңнан астам бала оқиды.

432. Техникалық шығармашылық үйірмелеріне көбінесе ұл балалар барады, бұл оларды, әсіресе девиантты мінез-құлықты балаларды қолайсыз қоршаған ортадан, зиянды әдеттерін қолданудан алыстатады.

433. Балалардың экологиялық-биологиялық қосымша білім алу негізін табиғат қорғау қызметіне, оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағдарланған 18 жаңа натуралистер станциялары мен экологиялық-биологиялық орталықтар (11 мыңнан астам бала) құрайды.

434. Бүкіл әлемде туындап отырған экология, орман алаптарын сақтау, өзендерді және басқа да су айдындарын тазарту, флора мен фаунаға ұқыпты қарау проблемалары - осының барлығы өскелең ұрпақтың ой-өрісін өзгертуді, балаларға экологиялық-биологиялық бағыттылық саласында қосымша білім беру мекемелерінің қызметін жетілдіруді талап етеді, балалармен жұмыс істеуге жетекші ғалымдар мен мамандарды тартуға мүмкіндік береді.

435. Баланың дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мемлекеттік спорт резервін тәрбиелеу үшін республикада 80-нен астам спорт түрі бойынша дене шынықтыру-спорт бағытындағы 130-дан аса мекеме жұмыс істейді. Жалпы білім беретін мектептерде 450 мыңнан астам баланы қамтитын 17 мыңнан астам спорт секциялары әрекет етеді.

436. Жыл сайын 800 мыңнан астам бала оқушылардың "Атамекен", "Болашақ", "Жас ұрпақ", "Шұғыла" және т.б. туристік-өлкетану қозғалысының әр түрлі бағдарламаларын іске асыруға қатысады.

437. Отандастарымыздың тарихы мен мәдениеті, өшпес ерлігі және тағдыры, отбасылық тектілік және халық шаруашылығы - осының барлығы және көптеген басқалар балаларды тану мәніне, олардың әлеуметтік, жеке адамдық және рухани даму, өз Отанының патриоттарын тәрбиелеу көзіне айналуда. Туристік-өлкетану білім беру қызметін 9 жаңа туристер станциясы, жүздеген туристік базалар мен барлық түр мен үлгідегі білім беру мекемелері оқушыларының бірлестіктері жүзеге асырады.

438. Қосымша білім беру жүйесінде 200-ден астам орталықтар, жас десантшылар, парашютистер, шекарашылар, теңізшілер бірлестіктері белсенді түрде жұмыс істейді, онда 20 мыңнан астам балалар айналысады.

439. Республикада балалардың әлеуметтік бастамаларын дамытуға зор мән беріледі. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында балалар бірлестіктерінің саны 600 мыңға жуық баланы қамти отырып, 200-ден астамды құрайды.

440. Балалар мен оқушы жастардың, әсіресе девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру үшін 542 аула клубтары әрекет етеді.

441. Жазғы каникул кезеңінде балалардың демалуы мен оларды сауықтыру үшін республикада 300-ге жуық қала сыртындағы лагерьлер, 6 мыңнан астам мектеп жанындағы, 80 - санаторлық, 230 - палаталық, 6 - жыл бойы, 870 - бейінді, 100 - дебаттық және басқа да лагерьлер жұмыс істейді. 2005 жылы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен 1,5 млрд. теңге, оның ішінде аз қамтылған отбасыларынан шыққан балалар үшін - 800 млн. теңге бөлінген болатын.

Осыған қосымша ретінде республикалық бюджет есебінен ауылдық жерлерден шыққан балалардың демалысын және оларды сауықтыруды қамтамасыз ету үшін 30 млн. теңге бөлінген болатын.

442. Бүгінгі таңда республиканың мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында 12 мыңнан астам адам, 1 мыңнан аса аға вожатыйлар, 284 мың сынып жетекшілері, 900 психолог жұмыс істейді.

443. Мектептен тыс ұйымдардың қызметін ұйымдастыру үшін қажетті құқықтық база құрылды, ғылыми-практикалық конференциялар, семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер және басқалар өткізіледі.

444. Балалардың демалысын, бос уақытын және мәдени қызметін ұйымдастыру мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 338-344-тармақтарында көрсетілген.

IX. Ерекше қорғау шаралары

Босқын балалар

(22-бап)

445. Босқындардың проблемаларымен айналысатын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметі " Халықтың көші-қоны туралы " Қазақстан Республикасы Заңының баптарына, сондай-ақ 1951 жылғы Босқындардың мәртебесі туралы Женева Конвенциясының және оның 1967 жылғы Хаттамасының ережелеріне негізделеді.

446. 2006 жылғы 1 шілдеде республикада ресми түрде 674 босқын отбасы тіркелді. Босқын мәртебесі бір жылға беріледі және бір жылдан кейін мәртебесі қайта қаралады әрі ұзартылады немесе мәртебесін ұзартудан бас тартылады. Босқын мәртебесін алған адамдар, негізінен, Ауғанстаннан шыққандар (664 адам). Жалпы санды құрайтындар 16 жасқа дейінгі 265 бала (148 ұл бала, 117 қыз бала).

447. Босқындарға әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының Қызыл жарты ай қоғамы және Балалар Қоры арқылы Қазақстан Республикасындағы БҰҰ УВКБ бағдарламасы бойынша көрсетіледі.

448. Алматы қаласында мынадай қоғамдық бірлестіктер құрылып, жұмыс істейді: Ауғандық мәдени орталық, Ауғанстандық босқын әйелдер қауымдастығы, Ауғандық босқын әйелдер одағы, Ауған мектебі, онда 60-тан астам бала оқиды, 3-5 жастағы 25 бала баратын ауғандық балаларға арналған балабақша жұмыс істейді.

449. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің талаптарына сәйкес үнемі босқындардың тұру ережесін сақтауына бақылау жүзеге асырылады, ай сайын қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен босқындарды құқықтық қорғау мәселелері бойынша консультативтік-кеңес беру кездесулері өткізіледі.

450. Республикадағы босқын балалар құқықтарының негізгі проблемалары олардың жайластырылуы және бейімделуі үшін жағдай жасау, әлеуметтік-мәдени, білім беру және медициналық-санитарлық қамтамасыз етуде көмек көрсету болып табылады.

451. Босқын балалардың білім алуға заң жүзінде бекітіп берілген құқығы босқын отбасылардың көбінесе шоғырланып тұрмауына байланысты толық көлемде іске асырылмайды, олар тұратын орындарын жиі ауыстыруға мәжбүр, бұл оқу жылы кезінде жиі болады.

452. Есепке алу кезінде тәжік отбасылары қиындық тудырады, олар өз балаларын, әсіресе қыздарын оқытуға қызығушылық танытпайды. Балалар күн көріс үшін базарда жұмыс істеуге мәжбүр.

Босқын балалардың көпшілік бөлігі жалпы білім беретін мектептерде, аздаған саны - лицейлер мен колледждерде оқиды. Оқу үшін төленетін ақының жоғары болуына байланысты жоғары білім босқын балалар үшін іс жүзінде мүмкін емес. Жалпы білім беретін мектеп бітірушілері Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқуларын жалғастыра алған бірнеше ғана жағдай белгілі.

453. Осыған байланысты Білім беру жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарына барлығы үшін 2015 жылға дейінгі кезеңге босқындардың отбасынан шыққан балаларға мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу мәселелері енгізілді. Босқындардың отбасынан шыққан балалардың білім алуға тең қол жеткізуіне жағдайды қамтамасыз ету 2005 - 2010 жылдарға арналған орта мерзімді міндет ретінде белгіленген.

454. 2005 - 2006 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін оқу орындарында 44548 оралман балалар оқиды, оның ішінде 15053-і - бастауыш, 22910-ы - негізгі, 6553-і - жалпы білім беретін мектептің жоғары сатыларында және 32-сі бала жастан мүгедектер. Олардың көпшілік саны мына жерлерде тұрады. Оңтүстік Қазақстан облысында - 8180, Алматы - 8027, Қарағанды - 5498, Ақмола - 6622, Жамбыл - 4685, Павлодар облысында - 1301. Облыстық білім беру басқармаларының деректері бойынша қазіргі уақытта оралмандардың мектеп жасындағы бала жастан мүгедек 32 баладан басқа, барлық балалары (44516) білім алуда.

455. Республикаға 1492 оралман мұғалім келді, оның 1398-і жұмысқа орналастырылды. Олардың біліктілігін арттыру курстары ұйымдастырылған.

456. Босқын балалар туралы мәселелер 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 345-364-тармақтарында көрсетілген.

Х. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі әділ сотты жөнелту жүйесіндегі балалар

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі әділ сотты жөнелту

(40-бап)

457. Қазақстандық заңнамаға сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты сотта іс жүргізу көрсетілген субъектілер тобының құқықтарын қамтамасыз ететін жекелеген рәсімдік шегіністермен жалпы іс жүргізу нысаны шеңберінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 492-бабы іс бойынша кәмелетке толмаған сотталушының ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің іс жүргізуге міндетті түрде қатысуын талап етеді. Олардың сот тергеуінде дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға, көрсетімдер беруге, айғақтар ұсынуға, өтініштер және кері қайтару білдіруге, іс-әрекетке және сот шешіміне шағымдар беруге құқығы бар.

458. Балаларды қорғаудың қосымша қылмыстық-құқықтық тетіктерінің қатарына мыналарды жатқызуға болады:

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің "Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар" жеке 2-тарауының болуын, сондай-ақ кәмелетке толмағанға қатысты қылмыс жасауды көздейтін квалификациялаушы себеп ретінде осы Кодекстің басқа тараулары мен баптарында көзделген құрамдардың үлкен санын;

кәмелетке болмаған адамның артықшылық берілген жағдайын тану;

содан бастап қылмыстық жауапкершілік мүмкін болатын ең төмен жасын белгілеу;

кәмелетке толмағандарға қатысты өлім жазасын және өмір бақи бас бостандығынан айыруды қолданбау;

кәмелетке толмағандығын кінәсін жеңілдететін жағдайларға жатқызу; кәмелетке толмағанның мыналарды белгілейтін қылмыстық жауапкершілікке арналған жеке бөлімнің болуы:

қылмыстық жазаға балама ретінде тәрбиеге шақырудың мәжбүрлі шараларын қолдану мүмкіндігі;

жазалардың тізбесін шектеу;

соттылықтың ұзақтығы мерзімін және оны өтеу мерзімін есептеудің жеңілдікті режимі;

жазалардың қысқартылған мерзімі.

459. Кәмелетке толмағандар істері жөнінде әділ сотты жөнелту мәселелері Конвенцияның орындалуы туралы Бастапқы баяндаманың 365-384-тармақтарында көрсетілген.

Ұстаудың, түрмеге қамаудың немесе түзеу мекемелеріне орналастырудың кез келген нысанын қоса алғанда, бостандығынан

айрылған балалар

(37-баптың b) - d) тармақшалары)

460. Қазақстан Республикасының заңнамасында азаматтардың, әсіресе кәмелетке толмағандардың бостандығы мен жеке басына қол сұқпаушылық құқығы регламенттелген.

461. Халықаралық құқық пен халықаралық шарттардың қағидаттар мен нормаларына сәйкес республиканың ұлттық заңнамасы кеңейтілген әрі жетілдірілген. Бұл туралы Конвенцияның орындалуы туралы Бастапқы баяндаманың 385-397-тармақтарында айтылған.

462. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің деректері бойынша жыл сайын қылмыс жасаған жеті мыңға жуық кәмелетке толмағандар анықталады, олардың жартысы дерлік қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Бұдан басқа, соңғы жылдары кәмелетке толмағандар жасаған анықталған қылмыстар санының 2003 жылғы 6614 қылмыстан 2004 жылы 7948 қылмысқа, 2005 жылдың 6 айы ішінде 4389 қылмысқа дейін өскені атап көрсетіледі.

463. Соңғы сегіз жыл ішінде Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және ақтау орталығына 70 мыңнан астам қадағалаусыз және панасыз қалған балалар орналастырылды, олардың 10796-ы балалар үйлеріне және мектеп-интернаттарына жіберілді.

464. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жүйесіне қарайтын Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және ақтау орталықтары жергілікті ішкі істер органдарының бағынысты бөлімшелері болып табылады және олардың қызметі "Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес айқындалады.

465. Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және ақтау орталықтарының басты міндеттері: кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу; оларға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді табу және болдырмау; кәмелетке толмағандарды қабылдау, оларды бейімдеу және ақтау; кәмелетке толмағандарды арнайы оқу орындарына және ерекше режимде ұстайтын білім ұйымдарына жеткізу; тұратын балалар мен жасөспірімдердің жайласуларына басқа де шаралар қолдану болып табылады.

466. Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және ақтау орталықтарына белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапкершілікке айыпты жасқа жетпей қоғамға жат іс-әрекеттер жасаған; өмір сүруі мен тәрбиелеуіне жағдай болмағандықтан, бұрынғы тұратын, мекен-жайында тұра алмайтын қылмыс жасағаны үшін айыпталғандар, арнайы оқу орындарына және ерекше режимде ұстайтын білім

ұйымдарына жіберілетіндер, уақтылы орналаспаған ата-анасының немесе олардың орнындағы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, қорғаншы және қамқоршы органдары денсаулығы және өміріне қатер төнгеннен ата-анасынан айырып алынған балалар орналастырылады.

467. Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және ақтау орталықтары қызметкерлерінің штат саны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 708 бұйрығымен айқындалады, онда орналасқан балаларды әлеуметтік ақтау және бейімдеу міндеттері жүктелген психолог лауазымы көзделген.

Кәмелетке толмағандарды оқытудың үздіксіз процесін қамтамасыз ету мақсатында жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына сәйкес балалармен сабақтар жүргізетін оқытушылар бекітіліп берілген.

468. "Қылмыстың жасалуына күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес республикада уақытша ұстау изоляторларында ұстаудың тиісті шарттарын жасау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

469. Қамауда, уақытша ұстау изоляторларында ұсталатын кәмелетке толмағандарға, күдіктілер мен айыпталушыларға жақсартылған материалдық-тұрмыстық және өзге де ұстау шарттары жасалады, кемінде 2 сағат күн сайын серуендеу, ата-аналарымен және туыстарымен кездесу мен көрісуге рұқсат беріледі.

470. Барлық тәрбие колонияларында таксофон аппараттары орнатылған. Сотталғандарға неше рет болуын шектеместен, 15 минутқа дейін телефонмен сөйлесуді жүзеге асыруға мүмкіндік берілген.

471. Жыл сайын барлық тәрбие колонияларында тар мамандық дәрігерлерін: терапевтерді, хирургтарды, психиатрларды, окулистерді, дерматологтарды тарта отырып, кәмелетке толмаған сотталғандарды міндетті түрде кеуде клеткасы органдарын 6 айда кемінде 1 рет флюорографиялық тексеру жүргізіледі.

472. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің 2005 жылғы 6 мамырдағы N 69 бұйрығымен Түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан сотталғандар арасында жыл сайынғы жазғы спартакиада өткізу ережесі бекітілген.

473. Жалпы орта білімі жоқ кәмелетке толмағандар түзеу мекемелері жанынан құрылған 5 жалпы білім беретін мектептерде оқиды.

474. Осындай мектептердің негізгі міндеттері: орта білім алу, кәсібі (мамандығы) жоқ сотталғандардың кәсіптік бастауыш білім алуы болып табылады.

475. Түзеу мекемелері жанынан құрылған мектептердің білім беру қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауға жатады.

476. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2003 жылғы 3 қыркүйектегі N 180 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 582 бірлескен бұйрығымен Қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелерінде жалпы білім беретін және кәсіптік мектептердің қызметін ұйымдастыру ережесі регламенттелген.

477. Осы бұйрық қылмыстық-атқару заңнамасын ғана емес, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім), "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді ескереді.

478. Қылмыс жасаған және бас бостандығынан айыруға тартылған кәмелетке толмағандар Қазақстан аумағында жұмыс істейтін төрт тәрбие колониясында жазасын өтейді.

479. Кәмелетке толмағандарға әлеуметтік және материалдық қызмет көрсету мәселелері "Күдіктілерді, айыпталушыларды, оның ішінде жүкті әйелдерді және өздерімен бірге бірінші және екінші топтағы мүгедек балалары бар әйелдерді, кәмелетке толмағандарды тегін тамақтандыру нормаларын, сотталғандарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларын, сондай-ақ Жазасын өтеуден босатылатын сотталғандарға көмек көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 қыркүйектегі N 889 қаулысымен реттелген.

480. Конвенцияның ережелерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті адам, оның ішінде кәмелетке толмаған адамдар құқықтарын сақтау саласындағы халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен ("Қазақстандық криминологиялық қауымдастық" қоғамдық бірлестігі, Қазақстандық адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Халықаралық Бюро, "Сандж" зерттеулер орталығы" қоғамдық қоры және басқалар) ынтымақтасады.

Азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатал немесе адамның беделін түсіретін қарым-қатынастар мен жазаларға жол бермеу, сондай-ақ өлім жазасы мен өмір-бақи қамауға алуға тыйым салу
(37-баптың а) тармақшасы)

481. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықсыз мінез-құлықты қалыптастыру мақсатында ЮНИСЕФ ЦАРК пен Қазақстан Республикасының Үкіметі ынтымақтастығының елдік бағдарламасы шеңберінде "Ерекше қорғау шараларына мұқтаж балалар", "Зиянды және балалаларды пайдалануды азайту", "Балалар мен жастарды зорлық-зомбылықсыз мінез-құлыққа үйрету" жобалары іске асырылуда.

482. Осы жобалардың нәтижелерін талдау балалар мен ересектерді жеке адамды құрметтеуге негізделген конструктивті, зорлық-зомбылықсыз мінез-құлық

нысандарына үйрету жөнінде арнайы курс әзірлеудің талап етілетіндігі мен қажеттілігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

483. Осыған байланысты республиканың білім беру ұйымдарында "Өмірлік дағдылар: зорлық-зомбылықсыз мінез-құлық және ынтымақтасу дағдылары" атты арнайы курс өткізу жоспарланып отыр.

484. Азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатал немесе адамның беделін түсіретін қарым-қатынастар мен жазаларға жол бермеу, сондай-ақ өлім жазасы мен өмір-бақи қамауға алуға тыйым салу мәселелері Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 398-400-тармақтарында, сондай-ақ осы баяндаманың " Азаптауға немесе басқа да қатал, адамдыққа жатпайтын немесе беделді түсіретін қарым-қатынастар мен жазаларға ұшырамау құқығы" және "Теріс пайдаланудан және келеңсіз қарым-қатынастан қорғау, сондай-ақ дене жағынан және психикалық қалпына келтіру және әлеуметтік қайта кіріктіру" бөлімдерінде көрініс тапқан.

Бала еңбегін қоса алғанда, балаларды

экономикалық пайдалану

(32-бап)

485. Қазақстан Республикасы Конвенцияның 32-бабын орындау мақсатында ХЕҰ-ның 1973 жылғы N 138 "Жұмысқа қабылдау үшін ең төменгі жас туралы" Конвенциясына (ҚР 2000 жылғы 14 желтоқсандағы N 116-II Заңымен ратификацияланған) және ХЕҰ-ның 1999 жылғы N 182 "Бала еңбегінің ең жаман нысандарына тыйым салу және түбегейлі жою шаралары туралы" Конвенциясына (ҚР 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 367 Заңымен ратификацияланған) қосылды. Жоғарыда аталған Конвенциялар Комитет ұсынымдарының 70-тармағын іске асыру жөніндегі негіз қалаушы құжаттар болып табылады және олардың негізінде бала еңбегіне жол бермеу, бірінші кезекте, оның ең жаман нысандарын түбегейлі жою бағытында күш-жігер жұмсалуда.

486. Қазақстан Республикасының заңнамасымен бала еңбегіне шектеулер қойылған және балаларды бала еңбегінің ең жаман нысандарына тартқаны үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

487. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес жеке еңбек шартың 16 жасқа толған адамдармен ғана жасасуға рұқсат етіледі. Орта білім алған не жалпы білім беретін оқу орнын тастап кеткен 15 жасар адамдарды жұмысқа қабылдауға ата-анасының немесе қамқоршысының, қорғаншысының жазбаша келісімі болған кезде ғана рұқсат етіледі. Ата-анасының бірінің (қамқоршының, қорғаншының) келісімі бойынша оқудан бос уақытта денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін жеке еңбек шарты 14 жасқа толған оқушылармен жасалуы мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген бапқа сәйкес сондай-ақ 18 жасқа жетпеген адамдарды ауыр дене еңбегі мен еңбек жағдайы зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға қабылдауға рұқсат етілмейді.

488. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49 және 54-баптарының талаптарына сәйкес он сегіз жастан төмен жұмысшылар және жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдер жұмыстан тыс жұмыс істеуге жіберілмейді. Бір жарым жастағы балалары бар жұмыс істейтін әйелдерге тамақтану мен дем алудан басқа баланы тамақтандыру үшін әрбір үш сағат сайын 30 минут қосымша уақыт беріледі. Егер бір жарым жастағы балалардың саны екеу немесе одан көп болса қосымша уақыт бір сағаттан кем болмауы керек. Баланы тамақтандыру уақыты жұмыс сағатына қосылады және төленеді.

489. Ауыр дене еңбегі мен еңбек жағдайы зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) жұмыстарда он сегіз жасқа толмаған адамдардың еңбегін қолдануға тыйым салу жөніндегі норма "Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағында да көзделген.

490. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 15 ақпандағы N 45-п бұйрығымен он сегіз жасқа толмаған адамдардың еңбегін қолдануға тыйым салатын ауыр дене еңбегі мен еңбек жағдайы зиянды (аса зиянды) және қауіпті (аса қауіпті) жұмыстардағы өндірістердің, кәсіптердің тізбесі бекітілген.

491. Есепті кезеңде республикада балалар еңбегі, оларды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында белгілі бір жұмыс жүргізілді. Қазақстан Республикасы негізгі халықаралық Конвенцияларға қосылды, бар халықаралық ұсынымдарды зерделеді, елдің ішкі заңнамасындағы көптеген мәселелерді реттеді.

492. Қазақстан Республикасының заңнамасы еңбектегі субъектілік құқығы мәселелерін, балаларды еңбекке тартудың негізгі жас өлшемдерін, әр түрлі бағыттағы қорғау іс-шараларын, жұмыс істейтін балалар үшін жұмыс процесіндегі шектеулерді белгілейді.

493. Бала еңбегін қорғау мәселелері "Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 28 ақпандағы Заңында бекітіп берілген. Осы Заң денсаулық жағдайы бойынша қарама-қайшылықты деп көрсетілген жұмысқа кәмелетке толмағандарды қабылдауға тыйым салады.

494. Кәмелетке толмағандарды бала еңбегінің ең жаман нысандарына тарту практикасын болдырмау және жолын кесу жөніндегі негізгі іс-шаралар ұйымдарда еңбек заңнамасын сақтау мәніне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мемлекеттік еңбек инспекторлары жүргізетін тексерулері шеңберінде жүзеге асырылады.

495. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бала еңбегінің мынадай ең жаман нысандарына тыйым салу қамтылған: мәжбүрлі еңбек, балаларды

саудалау, кәмелетке толмағандарды жезөкшелікпен айналысуға және өзге де құқыққа қайшы қызметке тарту.

496. Еңбек қатынастарын реттеу және еңбекақы төлеу ерекшеліктері бас бостандығынан айыру түрінде жазасын өтеп жатқан кәмелетке толмаған азаматтар үшін белгіленген. Тәрбие колонияларында жазасын өтеп жатқандардың ұзақтығы 18 жұмыс күні жыл сайынғы ақысы төленетін демалысқа құқығы бар.

497. Шаруа және фермер қожалықтарында бала еңбегін пайдалану мәселесі қосымша зерделеуді талап етеді.

498. Халықтың, ата-аналардың және жұмыс істейтіндердің өздерінің еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша ақпарат алуы төмен. Көптеген отбасылар (ата-аналар) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген балалардың еңбек құқықтарын білмейді.

499. Нарықтық сауда саласында ата-аналарының, туыстарының немесе таныстарының орнына сатушы ретінде жасы төмен балаларды жұмысқа жіберу, сондай-ақ базар аумағында жүктерді тасымалдауда, тиеуде және түсіруде балаларды жіберу (пайдалану) орын алған.

500. Кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыру саласында осы және басқа мәселелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Білім және ғылым, Ішкі істер, Мәдениет және ақпарат, Денсаулық сақтау министрліктері, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтарының федерациясы және Жұмыс берушілер конфедерациясы ХЕҰ-ның Бала еңбегінің ең жаман нысандарын түбегейлі жою және Қазақстан Республикасының ХЕҰ-ның N 182 Халықаралық конвенциясын іске асыруы жөніндегі Өңірлік жобасы шеңберінде Бірлескен жұмыс жоспарына қол қойды. Осы құжат үш жылдық кезеңге (2005 - 2007 жылдар) арналып әзірленген және оларды іске асыру мерзімін көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын қамтиды. Онда басым ретінде ел экономикасының басым секторлары мен географиялық өңірлерінде бала еңбегіне байланысты ахуалға зерттеу жүргізу жөніндегі, ұлттық және өңірлік деңгейлерде бала еңбегінің ең жаман нысандарын түбегейлі жою мәселелері бойынша ақпарат алуды арттыру және ақпарат тарату жөніндегі іс-шаралар анықталған.

501. Бала еңбегін қоса алғанда, балаларды экономикалық пайдалану мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 403-411-тармақтарында көрсетілген.

Нәпсілік пайдалану және нәпсілік азғыру
(34-бап)

502. Қазақстан баланы саудалауға, бала жезөкшелігіне және бала порнографиясына қатысты Конвенцияны және оған Факультативтік хаттаманы ратификациялады.

503. Қазақстандық заңнамаға сәйкес кәмелетке толмағандарды нәпсілік пайдалану және азғыру заңмен қудаланады. 16 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандармен жыныстық байланыс ұзақ мерзімге түрмеге жабумен жазаланады.

504. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (133-бап) сондай-ақ баланы саудалауға тыйым салады және 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын белгілейді. Кәмелетке толмағанның қайтыс болуына әкеп соқтырған сол іс-әрекеттер 12 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

505. Республикада жасы кішілерді пайдаланатындарды жауапкершілікке тартатын заңнамалық тетік бар екенін мойындау керек, бірақ проблема Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің санамаланған баптарының сирек қолданылатындығында болып отыр. 2002 - 2003 жылдары кәмелетке толмағандарды саудалаудың 4 фактісі тіркелді. 2004 жылғы қарашада алты кәмелетке толмаған қызды сатудың екі фактісі тіркелді.

506. Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының әлеуметтік және гендерлік зерттеулер ғылыми-зерттеу институты ПРООН "Гендер және даму" бюросымен бірлесіп, "Жаһандану контексінде адамдар трафигінің проблемасы" атты сараптамалық сұрау өткізді, ол "Қазақстандық қоғамның трансформациясы контексінде гендер проблемалары" атты халықаралық дөңгелек үстел материалдарының жинағына кірді, Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін трафиктің алдын алу және нәпсілік пайдалану жөніндегі ұсынымдар дайындалды.

507. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу және ұрпақты болу денсаулығын қорғаудың адамгершілік негіздерін нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы қаулысымен "Қазақстан Республикасында адамгершілік-жыныстық тәрбие туралы тұжырымдама" бекітілді.

508. Республиканың білім беру ұйымдарында "Этика және отбасылық өмірдің психологиясы" атты міндетті пән енгізілді. Балалар мен жасөспірімдерді гигиеналық оқыту және тәрбие беру биологиялық цикл оқу пәндерін, "Валеология", "Тыныс-тіршілік және қауіпсіздік негіздері" атты дербес пәндерді оқыту процесінде жүзеге асырылады.

509. Республиканың барлық білім беру ұйымдарында 2005 жылдан бастап жасөспірім қыздардың "Өзіңмен бол, жұлдыз бол" атты жас гигиенасының бағдарламасы енгізіледі.

510. Қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында адамгершілік-жыныстық тәрбие айы, "Жасөспірім қыздардың денсаулық күндері" шеңберінде білім беру ұйымдарында оқушылардың полиция, прокуратура органдарының қызметшілерімен және денсаулық сақтау қызметкерлерімен кездесулері өткізіледі. Мынадай: "Байсалдылық және босандық", "Қыз намысы", "Ерте жыныстық байланыстың зияны және олардың салдары", "Алкоголь мен никотиннің қыз организмiне әсері" тақырыптарында әңгімелер өткізу дәстүрге айналуда. Ақмола, Алматы, Павлодар, Қарағанды және басқа да облыстардың кәсіптік мектептері мен

колледждерінде қыздармен құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлық-зомбылықтың алдын алу жөнінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде мына тақырыптарда әңгімелер, лекциялар өткізіледі: "Әйел денсаулығы - ұлт денсаулығы", "Трафик дегеніміз не?", "Шет елде жұмыс істеу: шындық па немесе торға түсіру ме?", "Егер сен қайғыға ұшырап қалсаң" және басқалар.

511. Алайда, қабылданып отырған шараларға қарамастан, әйелдерге қатысты сақталып отырған зорлық-зомбылық, адамды саудалау көңіл алаңдатуға, ол зорлау, бірге тұруға және жезөкшелікке мәжбүрлеу сияқты нысандарда көрініс тапқан. Әйелдер мен кәмелетке толмағандар тауар ретінде әрекет ететін коммерциялық жыныстық қатынас кең тарап отыр. Сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстанда 50 пайыздан астам әйел тым болмағанда бір рет білек күші мен жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Шет елге жұмысқа бару түрінде әйелдер трафигі жағдайлары жиілеп кетті. Соңғы жылдары 2 мыңнан астам зорлау тіркелді. Олардың аздаған үлесі ғана сотта шешуге жетеді.

512. Қазіргі уақытта республикада Адамды саудалау жөніндегі қылмыстармен күрес жөніндегі, оларды болдырмау және алдын алу жөніндегі 2004 - 2005 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде адамдарға қатысты зорлық-зомбылық пен трафигінің сақталып отырған нысандарын түбегейлі жою жөнінде, оның ішінде насихаттау жұмысы, консультативтік қызметтер саласында белгілі бір шаралар қабылдануда.

513. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың халықаралық және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдармен, кәсіподақтармен адамдарды, әсіресе әйелдер мен қыздарды саудалау проблемаларын зерделеу, зорлық-зомбылық пен трафигінің құрбандарына айналған қыздар мен әйелдерге шұғыл көмек: медициналық қызметтер, психологиялық жарақатты емдеу жөніндегі қызметтер, құқықтық консультациялар (дәрігерлік құпияны сақтай отырып, тегін немесе қол жетімді баға бойынша) көрсету, жыныстық сауда құрбандарына айналған адамдарды сауықтыру бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеу жөніндегі бірлескен жұмысы жалғасуда.

514. Комитеттің балаларды сатуға, балалар жезөкшелігіне және балалардың жыныстық бейнелеулеріне қатысты Факультативтік хаттаманың ережелерін орындау жөніндегі 41-ші сессиясының ұсынымдарына байланысты мемлекеттік органдардың іс-қимылдарын үйлестіруді жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдау қажеттігі бөлігінде 2006 жылғы наурызда "Заң органдарының құқық, жергілікті атқару органдарымен және қоғамдық мемлекеттік емес ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен адамдарды сату күресінің алдын алу мәселелері бойынша өзара әрекеттері" атты өңірлік семинар өткізілді.

Комитеттің 41-ші сессиясының ұсынымдары және республикада оларды іске асыру жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы халықтың хабардарлығы деңгейін арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарында балалар жезөкшелігіне,

порнографиясына және балаларды сатуға қатысты мәселелерді кеңінен жария ету көзделген.

515. Балаларды нәпсілік пайдалану және нәпсілік азғыру мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 422-429-тармақтарында көрсетілген.

Есірткі құралдарын пайдалану
(33-бап)

516. Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1678 Жарлығымен Қазақстан Республикасында есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2014 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді. Стратегия қазақстандық қоғамды одан әрі дамыту, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтары мен мүдделеріне кепілдіктерді қамтамасыз ету мүддесі үшін әзірленген.

517. Нашақорлыққа байланысты проблемаларды шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымында өңірлердегі аумақтық бөлімшелермен мемлекеттік және жергілікті органдардың, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың, балалар мен жастарға арналған қозғалыстардың қызметін үйлестіретін Есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті құрылды.

518. Бүгінгі таңда республикада ресми түрде 52 мыңнан астам есірткі тұтынушылар тіркелген, оның ішінде 27 мың адам 30 жасқа дейінгілер және 4 мыңнан астамы 14 -17 жастағы балалар.

Барлық жерлерде наркологиялық диспансерлерде есірткімен, токсикоманиямен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін жасөспірімдер кабинеттері құрылған. Алдын ала сауықтыру бағдарламалары әзірленді және енгізілді, наркологиялық посттар, "сенім телефондары" жұмыс істейді.

519. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес және есірткі айналымын бақылау комитеті балалармен жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлер, мамандар, жастар арасында нашақорлықтың таралу проблемасымен айналысатын жастар ұйымдарының көшбасшылары, волонтерлер үшін конференциялар, дөңгелек үстелдер, кеңестер, семинар-тренингтер өткізеді.

520. 2005 жылғы желтоқсанда Орталық Азия университетінің базасында "Есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрестің өзекті проблемалары" атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

521. 2005 жылы республиканың барлық қалаларында тиісінше "Ине" республикалық жастар акциясы өткізілді. Акция шеңберінде жастардың шығармашылық көрсетілім жұмыстарының республикалық конкурстары (баннерлер, постерлер, плакаттар және басқалар) жарияланды. Акцияның шеңберінде "Нашақорлық - Қазақстанның болашағына төнген қауіп", "Есірткісіз болашақ" девизимен өңірлік жастар қозғалысы ұйымдастырылды.

522. Республиканың барлық өңірлерінде нашақорлық, маскүнемдік, темекі шегушілік, ЖҚТБ проблемалары бойынша ұдайы денсаулық сақтау, білім беру, ішкі істер ұйымдары қызметшілерінің ақпараттық жұмысы өткізіледі.

523. Жыл сайын маусымның аяғында "Жастар есірткі мен ЖҚТБ-ға қарсы" республикалық акциясы өткізіліп тұрады, ол есірткі мен ЖҚТБ проблемасына жұртшылықтың назарын аудару мақсатында жастардың бұқаралық шеруі түрінде өткізіледі.

524. Құқыққа қарсы мінез-құлықтың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің алдын алу үшін жастар арасында Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен "Қазақстан теле-, радиохабарларын таратушылар қауымдастығы" қоғамдық қоры әлеуметтік роликтер жасап шығарды.

525. БҰҰ Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының техникалық қолдауымен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары орталығы 2006 жылы Астана, Алматы қалаларында, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарында AD-RER/04/H36 - "Есірткіге сұранысты қысқарту және АҚТҚ-ЖҚТБ-ның алдын алу стратегиясы мен саясаты мәселелерінде Орталық Азия елдеріне консультативтік көмек көрсету" жобасы шеңберінде оқушылар мен жастар арасында есірткіні пайдалану жөнінде зерттеулер жүргізуді жоспарлап отыр.

526. Республика өңірлерінде денсаулық сақтау, білім беру және ішкі істер органдары ақпараттық-насихат жұмысы жандандырылды, бұқаралық ақпарат құралдары, радио және теледидар беттерінде балалар мен жасөспірімдер арасында есірткі мен есірткі бизнесінің алдын алу жөніндегі әр түрлі материалдар орналастырылады және көрсетіледі. Осылайша, мәселен, Семей қаласында "Еңлік-Кебек" кинотеатры базасында "Жас Қанат" демалыс орталығы қала мектептері үшін "Жоқ деп айтуды үйрен!" кинолекториялары өткізіледі. Нашақорлыққа қарсы тақырып материалдары облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында "Кенді Алтай", "Дидар" газеттерінде жарияланады, "Қалкен", "31-арна" теледидарында көрсетіледі.

527. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы азаматтарға нашақорлыққа қарсы заңнаманы сақтау қажеттілігі және мемлекеттік органдар есірткімен және есірткі бизнесіне қарсы күресте қабылдайтын шаралар туралы үнемі ақпарат беріп отыру ұйымдастырылған. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жанындағы аккредиттелген барлық бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық қолдау көрсетеді, олардың саны 30-дан астам. "Сақшы - На страже" ведомстволық газетінде және "Закон и правосудие" республикалық газетінде нашақорлықтың алдын алу жөніндегі материалдар жарияланатын арнайы айдарлар бар.

528. Студент жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі волонтерлік командалар құрылуда, олардың мақсаты жастарды есірткінің және басқа да психотроптық заттардың зияны туралы, олардың қолданудың салдары туралы

материалдармен ақпараттық-білімдік қамтамасыз ету, сондай-ақ денсаулық сақтау органдарының өкілдерімен дебаттар, кездесулер және дөңгелек үстелдер ұйымдастыру болып табылады.

529. Университет теледидарының арналарында есірткінің зияны туралы, есірткіні қолдану әкеп соқтыруы мүмкін салдары туралы тақырыпта әлеуметтік роликтер көрсетіледі, нашақорлық туралы бейнефильмдер мен спектакльдерді көрсету жүргізіледі.

530. "2005 - 2007 жылдарға арналған жастар саясаты" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Павлодар және Теміртау қалаларында есірткіге тәуелділерді сауықтыру жөніндегі орталықтарды ұйымдастыратын әлеуметтік қызметтер жұмыс істейді. 2005 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жастар конгресімен және Қазақстан студенттері Альянсімен бірлесіп, "Ата-аналардың назарына - есірткі!" атты ақпараттық-танымдық акция өткізді. Нашақорлықтың алдын алу саласында жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және ата-аналар комитеттерінің өкілдері осы акцияның қатысушылары болды, онда Қазақстан студенттері Альянсінің 2005 жылғы тамызда түсірілген "Есірткіге жоқ деп айт!" ролигі көрсетілді.

531. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 240 қаулысымен бекітілген Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2006 - 2008 жылдарға арналған бағдарламасы әрекет етеді. Осы Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 2 млрд. 897 млн. 587 мың теңге бөлінді. Осы Бағдарламаның шеңберінде есірткіні пайдаланудың алдын алу мақсатында жасөспірімдер мен жастардың жаппай қарым-қатынас жасайтын, демалатын және бос уақыт өткізетін орындарында бақылауды күшейтуге бағытталған іс-шараларды іске асыру көзделген.

532. Есірткі құралдарын заңсыз пайдалану мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 412-421-тармақтарында көрсетілген.

Саны аздарға жататын балалар
(30-бап)

533. Мемлекет Қазақстан Республикасының саны аз халқы мен этникалық топтарына жәрдем көрсетеді, мәдениетін, ұлттық өзіндік тұрмысын сақтау жөніндегі саясатты жүргізеді. Бұған республикада Қазақстан халықтарының ассамблеясының қосатын үлесі зор.

534. Республикада этникалық саны аздар өкілдерінің қатарынан шыққан студенттердің жоғары білім алуына зор көңіл бөлінеді.

535. Ағымдағы жылы тестілеуге этникалық саны аздар өкілдерінің барлығы 23989-ы қатысты, бұл тестілеуге қатысқандардың жалпы санының 9,5 пайызын құрайды,

оның ішінде бірыңғай ұлттық тестілеуге - 17687 адам қатысты, бұл бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысқандардың жалпы санының 9,8 пайызын құрайды, кешенді тестілеуге 6302 (8,8 пайыз) қатысты.

536. Тестілеу нәтижелері бойынша 1747 этникалық саны аздар өкілдері мемлекеттік білім гранттары мен кредиттеріне ие болды, бұл гранттар мен кредиттер алушылардың жалпы санының 7,6 пайызын құрайды, оның ішінде 983 (7,6 пайыз) адам мемлекеттік білім гранттарын, 764 (7,5 пайыз) адам - кредит алушылар болды.

537. Атап айтқанда, тестілеуге қатысқан 4302 украиндықтың ішінен 341 адам, 3792 немістің - 228-і, 3032 татардың - 319-ы, 2684 өзбектің - 51-і, 2215 ұйғырдың - 149-ы, 1807 корейдің - 209-ы, 966 әзірбайжанның - 33-і, 894 белорусьтің - 78-і, 556 поляктың - 40-ы, 391 шешеннің - 15-і, 351 түріктің - 9-ы, 295 дүнгеннің - 25-і, 231 башкирдің - 20-сы, 215 ингуштің - 6-ы, 204 армянның - 8-і, 201 күрдтің - 11-і, 180 гректің - 8-і мемлекеттік білім гранттары мен кредиттерін алды.

538. Этникалық саны аздар өкілдері Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында өздері таңдаған мамандықтар, оқитын тілі бойынша оқиды. Көптеген студенттер ұлттық-мәдени орталықтардың: әзірбайжанның "Ватан", поляктың "Полония", немістің "Возрождение", шешен-ингуш, татар-башқұрт, корей, еврей және т.б. жексенбілік мектептеріне барады.

539. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде қазақ және орыс тілдерімен қатар 050119 "Шетел тілі: екі шет тілі" және 050205 "Қосымша оқыту филологиясы" мамандықтары шеңберінде ұйғыр, түрік, әзірбайжан, корей, қытай және неміс тілдерінде оқыту жүргізіледі.

540. 2004 жылғы қарашада Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің базасында "Ұлттық мемлекеттілікті нығайту жағдайында әлеуметтік-экономикалық процестерді дамыту" халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы өткізілді.

541. Балалар арасында үйлесімді этносаралық қатынастарды қамтамасыз ету, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қажетті жағдай жасау үшін "Балдәурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығы базасында жыл сайын 10 - 24 шілдеде 150 бала - Қазақстан халықтары Ассамблеясының өкілдері үшін "Әлем балалардың көзімен", "Біз сенің балаларыңбыз Қазақстан!", "Достық шаңырағы - Балдәурен" және т.б. ауысымдар ұйымдастырылады.

542. Конвенцияның "Саны аздарға жататын балалар" деген 30-бабының мәселелері 2003 жылы Конвенцияның орындалуы туралы бастапқы баяндаманың 430-бабында, сондай-ақ осы баяндаманың "Кемсітпеушілік" деген бөлімінде көрсетілген.